



«Мәдени мұра»

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша
шығарылып отыр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ӘДӘБІТ
ЖАДЫТТЕРІ

20 томдық



Алматы 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Заһирабдин Мұхаммед
Бабур

Ш.А.РАХИМОВ
ТАҒАЛАНДЫҚТАР

18 - том


Шаймас
Баспа Үні

Алматы 2012

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Томды басуға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚА:

Қасқабасов С., *төраға*
Қорабай С., *төрағаның орынбасары*
Жолдасбеков М.
Жүсіпов Қ.
Қалижанов У.
Қирабаев С.
Мағауин М.
Сәбитова Г.

ТОМНЫҢ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әлібекұлы А.
Әзібаева Б.
Қорабай С., *жауапты редактор*
Орда Г.

Томды баспаға дайындаған: Т. Қыдыр

Сарапшы: З. Сейітжанов, *филология ғылымдарының докторы*

ISBN 978–601–264–***–* (18-т.)
ISBN 9965–806–41–1

© Әдебиет және өнер институты, 2012
© «Таймас» ЖШС, көркемдеу, 2012
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықтары
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚАДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарық көрген «Әдеби жәдігерлер» атты жиырма томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты – халықтың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін сол күйінде өзіне қайтару, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштері мен XV–XIX ғасырлардағы ақындар шығармаларын неғұрлым толық жариялау.

Оқырманға ұсынылып отырған «Әдеби жәдігерлер» сериясының 18-ші томына XVI ғасырда өмір сүрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, жазушы, ғалым, ақын Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Шариғат түсініктері» («Мубәййән дәр фикһ») атты еңбегі еніп отыр. Осыған дейін аталған серияның 14-томында Бабырдың «Бабырнама» атты тарихи-мемуарлық шығармасы жарияланған болатын.

Бабырдың осы томды құрап отырған «Мубәййән дәр фикһ» («Шариғат түсініктері») еңбегінің түркі жазба әдебиетінде алар орны ерекше. Бабыр бұл шығармасында Ислам дінінің ұстындарын, иман негіздері мен шарият шарттарын өлең сөзбен өрнектеген. Себебі ақын өмір сүрген орта – Исламның негізгі ағымдарынан саналатын сүнниттік және шиіттік бағыттардың өзара бәсекелесіп тұрған уақыты болатын. Хорасан мен Мәурәннәһрде негізінен, сүнниттік бағытты, соның ішінде, Имам Ағзам мәзһәбін ұстанатын мұсылман жамағаты өмір сүргенімен де, Иранға Шаһ Исмаил Хагаидың таққа келуімен, шиіттік ағым мемлекеттік дін болып жарияланады да, өзге жамағаттарға қысым жасала бастайды. Осындай саяси-идеологиялық мәселелерді арыдан түсінген Бабыр дәстүрлі исламның негізгі ұстындарын өлең сөзбен жазуға кіріссе керек. Шығарма 1522 жылы (нижри жыл санағы бойынша 928 жылы) жазылып біткен. Әдеби жәдігердің көлемі – 2258 бәйіт, яғни 4516 жол. Шығарма негізгі бес бөліктен, анығы бес кітаптан тұрады. Олар: Иман кітабы («Китәбус-салат»), Зекет кітабы («Китәбуз-зәкат»), Ораза кітабы («Китәбус-сәум»), Хаж кітабы («Китәбул-хаж») және соңы («Тәммәт»). Әр кітап іштей бірнеше бөлімдерден тұрады. «Мубәййән» шығармасы аруздың хәфиф бәхр үлгісімен (Фәғиләтун мәфағилун фәғилун) жазылған.

Бабыр мұрасы бүгінгі күнге дейін біраз зерттелді. Әсіресе оның «Бабырнама» атты тарихи-мемуарлық еңбегі Батыс ориенталистері мен орыс шығыстанушылары, сондай-ақ түркі тарихшылары тарапынан көп қарастырылды. Бір емес, бірнеше жанрда (ғазал, рубай, қытға, мәснәуи және т.б.) қалам тербеген Бабырдың лирикалық өлеңдері зерттеушілер назарына іліккенімен де, таза Ислам мәдениетін дәріптейтін «Мубәййән дәр фикһ» атты шығармасы айтарлықтай зерттеле қойған жоқ. Десек те шығарманы әр жылдары Ф.Көпрүлү, Р.Арат, И.Березин, А.Самойлович, З.Азимжанова, С.Хасан, Х.Хасан, О.Сейхан секілді ғалымдар зерттеп, шығарманың тілі мен көркемдік ерекшелігіне қатысты тың тұжырымдар жасағанын айта кеткен жөн.

Орта ғасырда жазылған шығарманың біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқасы жетті. Қазір ғылымға түрік ғалымы Көпрүлү нұсқасы (кезінде ғалым бұл нұсқа туралы мәлімет бергенімен де, қолжазбаның бүгінгі тағдыры туралы дерек жоқ), Өзбекстандағы бірнеше нұсқа (Әлішер Науаи музейі, Ә.Бируни атындағы Шығыстану институты), Берлин нұсқасы (Стаатсбибиотек), Ленинград нұсқасы, сондай-ақ Ресейдегі Шығыстану институтындағы нұсқалар белгілі. «Әдеби жәдігерлер» сериясының 18-ші томына еніп отырған кітап Өзбекстан Республикасының Әлішер Науаи атындағы музейінде 103-ші инвентарь нөмірімен сақтаулы тұрған нұсқа негізінде дайындалды. Себебі бұл қолжазба өзге нұсқалардан жақсы сақталғандығымен ерекшеленсе керек. Қолжазбаның көлемі 13x18, талиқ каллиграфиялық үлгісімен жазылған, әр бет 9 жолдан тұрады.

Бабыр мұрасы қазақ даласында әлі толық зерттеле қойған жоқ. Ғұлама ойшылдың «Бабырнамасы» қазақ тілінде жарық көргенімен де, оның көркем шығармалары мен аруз іліміне қатысты зерттеу еңбегі өз зерттеушілерін күтуде. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында кешегі кеңес заманында жарық көруіне қатаң тыйым салынған «Мубәййән дәр фикһ» атты көркем шығармасын қазақ оқырмандарына таныстыруды жөн деп таптық. Бабырдың бұл құнды еңбегін түпнұсқа негізінде алғаш рет қазақ тіліне аударып, жеке том ретінде баспаға дайындаған – белгілі түркітанушы жас ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр. Туындының «Хаж кітабы» бөлігінен басқа бөліктері толық аударылып берілді.

Кітапты дайындау барысында сол Алтын Орда дәуірінің әдеби тынысы мен стильдік ерекшеліктерін толық сақтау мақсатында барынша түпнұсқаға жақындатылып аударылды. Сондықтан да кітапта кейбір стильдік ерекшеліктер мен сөйлем құрылымдары сол қалпында берілді. Түсініксіз сөздер сол беттің төменгі жағына берілді. Шығармада кездесетін діни терминдер мен топонимикалық атауларға түсініктемелер жасалды. Сондай-ақ шығарманы ғылыми ортаға таныстыру мақсатында қолжазбаның факсимилесі (көшірмесі) де қоса берілді.

Иман негіздері мен шарифат шарттарын өлең сөзбен өрнектеу дәстүрі Алтын Орда тұсында белең алғаны белгілі. XIV–XV ғғ. «Мұғинул-мурид», «Раунақул-ислам» секілді шығармаларда діни құлшылықтарды орындау мәселелері көтерілген болатын. XVI ғасырда дүниеге келген Бабырдың «Мубәййән дәр фикһ» шығармасы сол әдеби жәдігерлердің дәстүрлі жалғасы болып, түркі жазба әдебиетінде өз орнын табатындығы ешбір талас тудырмаса керек.

Томның ғылыми қосымшасында Бабырдың «Шарифат түсініктері» («Мубәййән дәр фикһ») атты еңбегі бойынша түсіндірме сөздік, пайдаланылған әдебиет тізімі, орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндемелер берілген.

Томның көлемі – 480 б.

МУБӘЙЙӘН ДӘР ФИКҺ¹ БИСМИЛЛӘҺИР-РАХМӘНИР РАХИМ²

Хакқа хәмд-у сәна³ ада қылдым⁴,
Хақ атымен ибтида қылдым⁵.

Бастайтындай (Оған лайық) кім бар-дүр,
Қылмасаң атымен әбтәр⁶-дүр.

Қүдіретті һәм кемелденген Тәңірі болар,
Қаһарлы һәм Ұлы Тәңірі болар.

Не қылса да, Оның қылары күмәнсіз,
Не болса да, Оның білері күмәнсіз.

Күтеді мейіріміннен адасушылар,
Паң құлшылығымен және шаһтар.

Жаман мен жақсыға үміт Одан,
Қорықпақ Одан һәм сүйініш Одан.

Денедә қаншалықты түк болса,
Түк санындай тәнде тіл болса.

Мадаққа лайық болса ол тілдер,
Айтса мадағын айлар һәм жылдар.

Ол құдіреттің сөзі бір болғай,
Қүдірет өзі әлсізге тіреу болғай.

Сәййидул-мурсәлин уә хатәмун-нәбийнiң нә'тi (Саллаллаһу 'әләйһи уә сәлләм)⁷

Уәжіп болды құдіретке шукр-е Худай⁸,
Мұстафа болды бізге раһнәмай⁹.

¹ фикһта дәлелденген

² Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен (бастаймын)

³ мадақ пен мақтау

⁴ орындадым

⁵ бастадым

⁶ кемшілік

⁷ Алла елшілерінің төресі һәм пайғамбарлардың соңының мадағы (Алланың оған сәлемі мен амандығы болсын)

⁸ Аллаға шүкір

⁹ жолбасшы

Жолбасшысыз жолмен кім бара алғай?
Барса алғаш қамда-ақ қалғай.

Кім Ахмет секілді көсем болар?
Жолда жол қаупі болса не қылар?

Бойына енсін хил 'әт-е «ләуләк»¹⁰,
Лат¹¹ аузына әуелден түн шақ.

Ол – әнбийа сәр әфраз¹²,
Қабу қаусейн¹³ махрам-е раз¹⁴.

Маған қылғыл шапағатыңды жолдас,
Не дейін өзге 'әләйкә саллаллаһ¹⁵.

Китаб нәзімнің себебі¹⁶

Білесің, ей, талапкер перзент,
Бауырым һәм жаныма пәйуәнд¹⁷.

Мәселелер ол зәрур еді,
Білмесең дінге қатер еді.

Жетті көңіліме жинастырсам,
Өлең тәртібіне сыйыстырсам.

Оны есте сақтауға асан¹⁸,
Ол мәселені білерсің йексан¹⁹.

Қиямет күнінде есеп болғай,
Маған әжір²⁰, (ал), саған сауап болғай.

Осы ниетті мен қылыппын,
Ол мәселелерді мен біліппін.

¹⁰ «Ләуләк» шапаны. «Ләуләк – Мұхаммед пайғамбардың хадисі болып, онда Алла Тағала пайғамбарға: «Мен сені жаратпағанымда әлемді жаратпас едім», деген болатын

¹¹ жәһилиет дәуіріндегі арабтардың табынатын негізгі үш пұтының бірі

¹² пайғамбарлар төресі

¹³ пайғамбардың Алланың құзыретіне барған уақыттағы ара қашықтық.

¹⁴ сырлар кеніші

¹⁵ саған Алланың амандығы болсын!

¹⁶ кітаптың жазылу себебі

¹⁷ байланған

¹⁸ оңай

¹⁹ бірден

²⁰ сауап

Бәріне тырысып, ыждағат қылай,
Сенің атыңа мен тамам қылай²¹.

Өткінші дүние ісі оңай болар,
Дін ісін қылған ол лайық болар.

Дін мен білімде әр күні артық бол,
Дәулет пен бақытта Хұмайун бол.

Тілекшіл бол жаһанда, дәулет көр,
Жүз тұман абырой һәм ізет көр.

Бес парыздың тә’дады²²

Ғұламалардың көбісі деді бұ мақал,
Парызды білмеу болды мубтил-е ә’ мал²³.

Парыз ілімі елге секілді қарыз болар,
(Оны) білу барша елге парыз болар.

Кімде-кім болса балиғ-у ’әкил²⁴,
Оған бес парыз болды, мұны білгіл.

Бірі – иман, (ал), екінші – салат²⁵,
Бұл екеуінен кейін, үшінші – зекет.

Рамазан оразасы мен хаж өтемек,
Парыз айн²⁶ болды осы бес бишәк²⁷.

Елдің болды баршасына тағат²⁸ шарт,
Бірақ екеуінде бар истита’ ат²⁹ шарт.

Ол екеуі – хаж бен зекетті дер,
Болса егер байлығың бар, бер.

Енді бір-бірлеп қылайын бәрін тақрир³⁰,
Хақ Тағаладан болса егер тағдыр.

²¹ бітірейін

²² есебі

²³ амалдарды жоққа шығару

²⁴ балиғат жасына жеткен және ақыл-есі бүтін

²⁵ намаз

²⁶ әркімнің өзі орындауға міндетті парыз

²⁷ күмәнсіз

²⁸ құлшылық

²⁹ байлық

³⁰ айтайын

Бірінші кітап
Китаб-е иман
Алғашқы парыздың баяны

Бабыр, әуелгі парыз(ды) қыл тә'риф³¹,
Барлық адамға әуелі ол тәклиф.³²

Мынау – иман, мен айтайын, есітіндер,
Не десем де, оны көңүлге бітіндер³³.

Мумину биһқа³⁴ болар тәхкик³⁵,
Қылар иқрар тіл³⁶, көңүл тәсдиқ³⁷.

Алты мумину биһтің зікірі³⁸

Алты-дүр мумину биһ³⁹, ей, мүмін⁴⁰,
Айтайын баршасын, есіт менен.

Әуелі – иман Құдайға келтіргіл,
Серік-шірігін ойыңнан кетіргіл.

Және біл, періште болар мәужуд⁴¹,
Баршасы құл, (тек) Тәңірі-дүр мә'буд⁴².

Бар үшінші кітап иқрары⁴³,
Тәңірі көмегі болса дей(ін) бәрі.

Және біл, пайғамбарларын бір Хак,
Ақирет күнін тағы біл мұндақ⁴⁴.

Және біл, Құдайдан, ей һәмдәм⁴⁵,
Жақсылық болса егер, жамандық һәм.

³¹ түсіндір

³² ұсыныс

³³ тоқындар

³⁴ сенімге

³⁵ шынайы

³⁶ тіл айтып

³⁷ көңілге тоқыр

³⁸ иманның баяны

³⁹ иман

⁴⁰ мұсылман

⁴¹ бар

⁴² Жаратушы

⁴³ сенімі

⁴⁴ осылай

⁴⁵ сырлас

Және өлмектік һәм тірілмектік,
Тәңіріден (деп) осыларды білмектік.

Осылардың бәрін айтты Бабыр,
Білерсің баршасы толық иман-дүр.

Бұл толықты мен айттым хали⁴⁶,
Бірақ мысалда бар ғой ижмалы⁴⁷.

Шәрхіменен⁴⁸ бәрін баяндайын,
Білмеген болсаңыз аян қылайын.

Әуелгі мумину биһтің шәрхі⁴⁹

Мынау, иман Құдайға келтірмек,
Серік-шірігін ойдан шығармақ.

Айытқал: «Лә иләһә иллаллаһ»,
Айт һәм мағынасынан һәм бол ағаһ⁵⁰.

Кәлимә осы-дүр, мұны тоқтат,
Дегені парыз болды бір нәубет⁵¹.

Және бұдан кейін келері,
Ол ақайд⁵² делінеді.

Ұдайы болса ойыңа керек,
Тұрақты болса ойыңа керек.

Білгіл һәм сенімді осыған түз⁵³,
Жан-көңліңде осылай отырғыз⁵⁴.

Құдай ғой баршасын бар еткен,
Жер мен көк, (бірін) төмен, (бірін) жоғары еткен.

Білгіл, шексіз құлшылық иесі Ол,
Барша жаратылыстан бас Ол.

⁴⁶ бәрін

⁴⁷ қысқасы

⁴⁸ түсініктемесімен

⁴⁹ алғашқы иманның түсіндірмесі

⁵⁰ хабардар

⁵¹ мезет

⁵² ақида ілімі

⁵³ түзе

⁵⁴ яғни, жайла

Барлық нәрсені Ол жаратқан,
Жоқтық алқасында таратқан.

Бір-дүр және жоқ серік Оның ісіне,
Ұқсамас еш істе, еш кісіге.

Ықтияжы кісіге жоқ-дүр Оның,
Дос-жаран ісіне жоқ-дүр Оның.

Бар еді һәм қашанда болады,
Не болады, не толады.

Тәңірі болмысына пенде жол таппас,
Қашан һәм қайда, оған жол таппас.

Заты Оның гауһар да емес, зат та емес,
Істерінде кемшін де жоқ, арман емес.

Тәңірі заты мен аты елдей емес,
Пейілі мен сипаты елдей емес.

Өз басыңмен Құдайға ат демегіл,
Һәм ойыңмен сипат демегіл.

Бар жазылған ол сипатпенен,
Һәм аталған ол атпенен.

Оның өзі солай айтқан,
Иланушылар солай атаған.

Хақ Субханаһудың субути сипаттарының тәфсилі⁵⁵

Бар субути сипаттары жеті,
Осыларды ғалымдар баян етті.

Ишара(т) хәйат⁵⁶ сипатына

Бірі бұл жетіден хәйат болар,
Ол хәйаты бимәмат⁵⁷ болар.

Бұл хәйат ел өміріндей емес,
Хақ сипаты ел сипатындай емес.

⁵⁵ баяны

⁵⁶ өмір сипатына ишара

⁵⁷ өлімсіз

Тән-жаннан емес хәйаты Оның,
Ұқсамас халыққа сипаты Оның.

Ишара(т) ілім сипатына

Және бір(i) – ілім ғой сипаттардан,
‘Алимул-ғәйб’⁵⁸ болды аттарынан.

Пікір мен ойдан емес бұл ілім,
Кәсіп пен ізденістен емес бұл ілім.

Тауда тас, түзде құм сандарын,
Оған аян ғой білер бәрін.

Ишара(т) ирадат сипатына

Біл үшінші сипат – ирадат-дүр,
Білмеген адам бақытсыз-дүр.

От күйер, су ағар ирадатынан,
Бастан-аяқ бәрі бар ирадатынан.

Қалауынсыз от ішінде мамық күймес,
Аш жеп әлем асына тоймас.

Ишара(т) құдірет сипатына

Және бір сипат Хаққа құдірет-дүр,
Онда құдірет-дүр, Онда қуат-дүр.

Барлық іс те сондай дана-дүр,
Бәрін жасауға да тауана⁵⁹-дүр.

Көз жұмып ашқанша қылар мәжуд⁶⁰,
Көз ашып жұмғанша қылар набуд⁶¹.

Не қылса да құдіреті дәстүр⁶²,
Себеп пен көмек керек емес-дүр.

⁵⁸ ғайыптарды білуші

⁵⁹ шамасы жетеді

⁶⁰ жаратар

⁶¹ жоқ қылар

⁶² яғни, жеткілікті

Ишара(т) сэмғ-у басар⁶³ сипаттарына

Және біл, сипаты сэмғ пен сипаты басар,
Лімінен мұнда өзге мағына бар.

Бұл естімек құлақтан емес,
Бұл көрмекте көз көмек емес.

Мейлі қараңғы, мейлі жарық болсын,
Мейлі жырақ болын, мейлі жақын болсын.

Көрер һәм есітер аралықсыз,
Әлсіздік жоқ құзыретінде һәрғиз⁶⁴.

Ишара(т) кәләм⁶⁵ сипатына

Және біл, кәләм-дүр сипаты,
Толықсыған барша сипаты.

Сөйлеуші ғой кәләмменен,
Не тіл, не ауыз және не камменен⁶⁶.

Нүктелер әріпсіз, тіркессіз,
Хақ 'әдәмға⁶⁷ деді шексіз.

'Әдәм ол сөзбен пайда болды,
Мұнша тар болды, мұнша бар болды.

Алтыншы мумину биһтің шәрхіне⁶⁸ лайықты түрде мұнда жасалды

Жер мен көк ішіндегі барлығы хәдис⁶⁹-дүр,
Тәңірі қалауы біл, ба'истур⁷⁰.

Күпір мен дін, зүһд⁷¹ пен фикс⁷², жақсы-жаман,
Тәңірі қалауымен бірге-дүр йексан⁷³.

Пейіліңіз әр түрлі, біліңіз содан,
Жаман мен жақсы, барша Рахманнан⁷⁴.

⁶³ есіту және көру

⁶⁴ ешқашан

⁶⁵ сөйлеу

⁶⁶ ауызбенен, яғни тілмен де, ауызбен де сөйлемейді деген мағынада

⁶⁷ жоқ болу

⁶⁸ иманның түсініктемесіне

⁶⁹ бар

⁷⁰ себебімен

⁷¹ діндарлық

⁷² бұзықтық

⁷³ бірдей

⁷⁴ яғни, Алладан

Жаман мен жақсы-дүр қазасы Оның,
Жақсыға-дүр бірақ разылығы Оның.

Діндарына тиер түмен⁷⁵ азабы,
Жарылқан пасықты бисебебі⁷⁶.

Зұлым емес-дүр, болар барлық ісі құп⁷⁷,
Әділдік пен кеңшілік болар оған мәнсуб⁷⁸.

Екінші мумину биһтің шәрхі⁷⁹

Және періштелер тобы деп біліңіз,
Әр қайсысы бір істе-дүр біліңіз.

Бірі раки⁸⁰-дүрүр, бірі сажид⁸¹,
Бірі қайим⁸²-дүрүр, бірі қа'ид⁸³.

Бірі Хақ жадына мустағрақ⁸⁴,
Білместен Хақтан өзгені мұглақ⁸⁵.

Келсе егер тамшы жаңбыры жерге,
Бар оныменен бір періште бірге.

Барса егер түйір топырағы көкке,
Ол баруды ойлама өздігінше.

Әр жауын жауса, әр желі ессе,
Әр нәрсе барса, әр нәрсе келсе.

Әрбір іске өкіл болды мәләк⁸⁶,

Мейлі жер әһлі⁸⁷-дурур, мейлі әһл-е фәләк⁸⁸.

Біліңіз, періште тобының бәрі,
Еркек хәм ұрғашыдан болды бері.

⁷⁵ мың

⁷⁶ себепсіз

⁷⁷ жақсы

⁷⁸ лайық

⁷⁹ иманның түсіндірмесі

⁸⁰ Аллаға рукуғ жасаушы

⁸¹ Аллаға сәжде жасаушы

⁸² Аллаға (намаз ішінде) тік тұрушы

⁸³ Аллаға (намаз ішінде) отырушы

⁸⁴ батқан, яғни тек Алланы зікір етуші деген мағынада.

⁸⁵ тіптен

⁸⁶ періште

⁸⁷ тұрғыны

⁸⁸ көк тұрғыны

Күпір мен күнәні білмейді,
Хақ бұйырғаннан өзге қылмайды.

Бұл періште ішінде төрт-дүр мәшһур⁸⁹,
Аттары парақтарда-дүр мәстур⁹⁰.

Жебірейіл һәм екінші Исрафил,
Бар үшінші періште Микәйіл.

Бар бұлардың біреуі Әзірейіл,
Әрқайсысы бір іске тағайындалған біл.

Бар бұрынғысы уахи алып келген,
Және бірі сүр ішінде дем сүрген.

Біреуі ризық жеткізер елге,
Бірі ел өмірін берер желге.

Бірнешесін адамзатқа біл тағин⁹¹,
Жақсы-жаманды жазатыны айын.

Екі күн, екі түн үй мен жолда,
Бірі оң қолда, бірі сол қолда.

Әр бейне рас етіп өздеріне,
Көрінер әһлі құрб⁹² көздеріне.

Және бірі періште-е рәхмәт⁹³,
Және бірі азап үшін мусбәт⁹⁴.

Екеуі көр ішінде-дүр сайил⁹⁵,
Түр-келбеттері өте қайыл.

Бірі Мүңкір, бірі Нәнкүр-дурур,
Бәрі үкім қолында тұтқын-дурур.

Осылармен сіз жаман болмаң,
Күпір һәм күнәман жолдас болман.

Пенделік-дүр бұйұрса не шара,
Мейірім егер қылса, сұраса не шара?

⁸⁹ атакты

⁹⁰ жазылған

⁹¹ тағайындалған

⁹² жақын-туыстарына

⁹³ мейірім періштесі

⁹⁴ белгіленген

⁹⁵ сұрақ сұраушы

Үшінші мумину биһтің шәрхи⁹⁶

Тәңіріге біл, көп кітап болар,
Онда да мейірім мен үндеу болар.

Әмбиеге келіпті бұ кутуб⁹⁷,
Үмметіне нәбилері⁹⁸ оқытып.

Бұ кітап төрт-дүр және он төрт,
Кімде-кім қарсы шыкса түссін өрт⁹⁹.

Бірақ иман әдетке қажет емес,
Қысқа иман кутубка¹⁰⁰ келтірілмес.

Бұ кітаптардан төрт-дүр мәшһур,
Бірі – Тәурат-дүр, бірісі – Зәбур.

Және Инжіл һәм және Фурқан¹⁰¹-дүр,
Енді мәшһур¹⁰² аты Құран-дүр.

Бұ кутуб¹⁰³ соларға келді фуруд¹⁰⁴,
Бірі – Мұса-дүр, бірі – Дәуіт.

Және Иса-дүр һәм Мұхаммед біл,
Осы тәртіппен ақылға сал.

Бұ кутуб¹⁰⁵ делінді кейбір аты,
Баршасын біл, сөзі мен сипаты.

Сипаты Тәңіріден қашық емес,
Деме махлұқ¹⁰⁶, (олай) дұрыс емес.

Төртінші мумину биһтің шәрхи¹⁰⁷

Кімде-кім жеткізсе Құдайдан елге пәйам¹⁰⁸,
Ол адамға қойылар пайғамбар нам.

⁹⁶ иманның түсіндірмесі

⁹⁷ кітаптар

⁹⁸ пайғамбарлары

⁹⁹ яғни, тозаққа

¹⁰⁰ кітаптарға

¹⁰¹ яғни, Құран

¹⁰² белгілі

¹⁰³ кітаптар

¹⁰⁴ тұлғалар

¹⁰⁵ кітаптар

¹⁰⁶ яғни, жаратылған емес

¹⁰⁷ иманның түсіндірмесі

¹⁰⁸ хабар

Елге дейді Құдай әхамын¹⁰⁹,
Әмір мен нәһи¹¹⁰ және әрбір пайғамын¹¹¹.

Тура жол елге көрсетеді олар,
Жақсылық жаққа елге көсем олар.

Осы қауым болмаса дәлалатта¹¹²,
Қалғай ел күпір мен залалатта¹¹³.

Бар болар барша әмбие мә'сум¹¹⁴,
Күнә һәм қылмыс олардан мә'дум¹¹⁵.

Қатесін тапса егер біреуіне жол,
Ұмытып не қателікпен жасаған ол.

Ишара(т) әмбиенің фазилеттеріне¹¹⁶ және Хазірет Мұхаммедтің абзалдығына ('Әләйкумус-сәлам)¹¹⁷

Әмбие Тәңірі таңдағандары-дүр,
Барша ел тән бұ хәйл-е жанлар¹¹⁸-дүр.

Бар болар барша елге фазылдары¹¹⁹,
Мейлі болсын періште, мейлі пері.

Баршаның абзалы – Мұхаммед-дүр,
Баршаның кемелі – Мұхаммед-дүр.

Баршаның қасиетін жинастырсаң,
Бір кісінде бәрін сыйыстырсаң.

Қасиет Ахметтей болмағай, ол һәм,
Болғай Ахмет қасиетінен кем.

Әр нәбидің құжаты бар,
Бір бөлек қауымы мен үмметі бар.

¹⁰⁹ үкімдерін

¹¹⁰ әмірі мен тыйымы

¹¹¹ жарлығын

¹¹² туралықта

¹¹³ адасушылықта

¹¹⁴ күнәсіз

¹¹⁵ қашық

¹¹⁶ пайғамбарлардың ерекшеліктеріне

¹¹⁷ Оларға (Алланың) сәлемі болсын

¹¹⁸ адамдар қауымы

¹¹⁹ артықшылықтары

Бірақ, біл, Мұхаммед-е араби¹²⁰,
Бар-дурур барша ұлұсқа нәби¹²¹.

Барша әмбиеге ол хатим¹²²,
Барша мәжкүм¹²³, ол ғой хакім.

Хатим¹²⁴ болыпты оған пайғамбарлық,
Келмес енді адамға бұ жарлық.

Аспаннан Мәсі солай келгей,
Шариғатын шәрғ-е Мұхаммед¹²⁵ білгей.

Үгіттейді ұлұсты бұ дінге,
Тырысады бәрін бұ айынға¹²⁶.

Шариғатынша шариғат болмағай таңсық,
Қылды әр шариғатты бар мансұқ.

Ишара(т) Миғражына (Саллалаһу ‘әләйһи уә сәллам)¹²⁷

Бір түні Тәңірінің кеңшілігінен,
Қасиеті мен кеңшілігінің шексіздігінен.

Уммуһани үйінде ерді Расул,
Жебірейіл аспаннан етті нүзүл¹²⁸.

Жебірейіл алдында Пырақ шығып,
Көлік еді Пырақ һәм ол рақиб¹²⁹.

Меккеден келді Бәйтул Мұқаддасқа,
Сен бұл жолды ойламағын қысқа.

Барды одан, аспанға мәйл етті¹³⁰,
Жетті көкке сол мезет жетті.

¹²⁰ арабтан шыққан Мұхаммед

¹²¹ пайғамбар

¹²² соңы, яғни пайғамбарлардың ақыры

¹²³ үкімінде

¹²⁴ соңы

¹²⁵ Мұхаммед шариғаты

¹²⁶ дінге

¹²⁷ Алланың оған сәлемі мен амандығы болсын

¹²⁸ түсті

¹²⁹ жолдас

¹³⁰ жол алды

Әмбиен мұхтәлит етті¹³¹,
Нұрынан барша аспан толды.

Көрді тозақ және жұмақты һәм,
Жақсы пейіл һәм жаман істі һәм.

Жолдасы әлсіз болды бармақтан,
Емес еді бұл әлсіздік арымақтан¹³².

Көретіндерді барды һәм көрді,
Есітер сөзді Хақ есіттірді.

Ояу еді Хақ бұ мейірім етті,
Ешкім жетпегенге ол жетті.

Келді одан солай шабытпен бері,
Суымаған еді әлі (жатқан) жері.

Күмән бұл іске келтірме көңілінде,
Жаман пікір жинама көңілінде.

Барша Тәңірі қасында асан¹³³-дүр,
Құдірет алдында ақыл қайран-дүр.

Ишара(т) хауарик-е әдеттің¹³⁴ әр жерде бір аты бар

Ғажайып іс көрсетсе кісі,
Біліңіз не екенін оның бұл ісі.

Онда егер дағуа-е нубууәт¹³⁵-дүр,
Біліңіз, оған мұғжиза ат-дүр¹³⁶.

Немесе оның аты керемет-дүр,
Ақылда осы істе қайрат-дүр.

Күпіршіден хауарик-е әдет¹³⁷,
Пайда болса білің(дер), не дейді оған ат?

Болады ол айла немесе истидраж¹³⁸,
Сикырдан деп біліңіз оны ихраж¹³⁹.

¹³¹ араласты

¹³² шаршағаннан

¹³³ оңай

¹³⁴ ғажайып іс

¹³⁵ пайғамбарлық белгісі

¹³⁶ яғни, мұғжиза деп аталады

¹³⁷ ғажайып іс

¹³⁸ көзбояушылық

¹³⁹ пайда болған

Адамзат болмысы мен періште болмысының бір-бірінен ерекшелігі туралы

Білгіл, абзал болар һәуас-е мәләк¹⁴⁰,
Мүміннің¹⁴¹ көрмейтінінен емес шәк.

Бар ғой абзал періште тобынан,
Барша мұсылман мұны біл шын.

Әмбиеден кейін уәлилер¹⁴²-дүр,
Періштеге қасиеті бар-дүр.

Ишара(т) Мұхаммед үмметінің абзал үммет екендігіне, сондай-ақ үмметтердің арасында әділетті төрт халиф әзіз және құрметтісі-дүр

Рас, Мұхаммед нәбилер¹⁴³ кемелі-дүр,
Үмметі һәм үмметтің абзалы-дүр.

Үмметінің ішінде көп әхбабы¹⁴⁴,
Бәрінен жақсы ал-у асхабы¹⁴⁵.

Бар Әбу Бәкір барша үмметке,
Лайық һәм жақсырақ бар халифатқа.

Болды одан кейін халифа Омар,
Бар еді осы іске ол дәрхур¹⁴⁶.

Және Оспан мен Әли еді,
Осы төрт үммет абзалы еді.

Екеуі шайх¹⁴⁷ һәм екеуі хатнәйн¹⁴⁸,
Берді олар дін ісіне ниет пен зейін.

Кімде-кім шайқы мен әнбиені сөгер,
Қанын өз қолымен төгер.

Сөгүші шариғатта болар кәпір,
Тілімізді сен сақта, ей, Қадир¹⁴⁹!

¹⁴⁰ періштенің тектілігі

¹⁴¹ мұсылманның

¹⁴² яғни, әулиелер

¹⁴³ пайғамбарлар

¹⁴⁴ сүйіктісі

¹⁴⁵ сахабалары

¹⁴⁶ лайық

¹⁴⁷ ақсақал

¹⁴⁸ жас

¹⁴⁹ Қүдіретті Жаратушы!

Расында шариғат етер тәкфір¹⁵⁰,
Өлім болғай бұл күнәһарға тә'зір¹⁵¹.

Жаксы дең(дер) барша ал-у асхабын¹⁵²,
Мадақтандар барша дос пен жаранын.

Жаксы дең(дер), жаксы һәм көрің(дер) жарыны,
Изет һәм құрметпен біліндер бәріні.

Баршасын жаксы и'тикад қылындар¹⁵³,
Баршаны жаксылықпен жад қылындар¹⁵⁴.

Солай, халифалық Әлиге тапты қарар¹⁵⁵,
Түсті сахабалар арасына хилаф-у никар¹⁵⁶.

Хақ Әли құзыреті еді онда,
Кім қарсы шықты, болды шерменде.

Ол қарсылық еді нахақ һәм батыл¹⁵⁷,
Бірақ оларға тигізбегейсің сен тіл.

Екеуі еді он мубәшширден¹⁵⁸,
Осылай шатасты қателескенінен.

Ишара(т) әһлі қиблә тәкфири¹⁵⁹ дұрыс емес

Не нәрсе Тәңіріден алып келсе Расул,
Әр кісі оларды қылса қабыл.

Ол адам әһлі қиблә¹⁶⁰-дүр, біліндер,
Оны кәпір демекті бәс қылындар¹⁶¹.

Мейлі көп зұлымдық пен қате қылса,
Күпірші болса, жүз күнә қылса.

¹⁵⁰ күпірлік

¹⁵¹ әзір

¹⁵² сахабаларын

¹⁵³ сеніндер

¹⁵⁴ яғни, еске алындар

¹⁵⁵ яғни, халиф болғанында

¹⁵⁶ дүрдараздық пен келіспеушілік

¹⁵⁷ адасқан

¹⁵⁸ жұмақпен сүйіншіленген он сахабаның екеуі

¹⁵⁹ мұсылмандарды күпірлікте айыптау дұрыс емес

¹⁶⁰ Қыбла қауымы, яғни мұсылмандар

¹⁶¹ тоқтатындар

Үкім бермең(дер) оның сақауатына¹⁶²,
Тозақтық (деп) жазбаңдар атына.

Егер адам болса салих-у 'абид¹⁶³,
Күндіз-түн болса қаим-у сажид¹⁶⁴.

Әмірлер тәркі етпесе һәргиз¹⁶⁵,
Нәһилер¹⁶⁶ жаққа баспаса із.

Үкім етпеңдер оны сағадатты¹⁶⁷,
Деменіз(дер) оны болды жәннатты.

Алайда ол он достар-е Илаһ¹⁶⁸,
Жәннаттықтарына болды куә/h/.

Және ал-е Расул¹⁶⁹ бар еді,
Адн жәннатына сүйінші етті.

Және бәрін құзырет алдынан¹⁷⁰,
Біл, сүйінші нәби мақалынан¹⁷¹.

Ишара(т) имамға

Дін ісіне көп иһтимам¹⁷² керек,
Әлем әһлі ішінде имам керек.

Лайық емес бұ іске өзге кісі,
Керек осы имамыңыз құрайиши¹⁷³.

Патшасы-дүр шарифат имам деді,
Осы елге халифа нам деді.

Халық ішінде (ол) патша болар,
Айтқанын қылмасаң күнә болар.

Патшаға мойынсыну уәжіп-дүр,
Қылмағанға күнә уәжіп-дүр.

¹⁶² болмысына

¹⁶³ діндар, тақуа

¹⁶⁴ намазда тұрып, сәждеде болса

¹⁶⁵ әсте

¹⁶⁶ тыйым салынғандарға

¹⁶⁷ бақытты

¹⁶⁸ Алланың достары

¹⁶⁹ пайғамбар жараны

¹⁷⁰ яғни, Алланың құзыретінен

¹⁷¹ яғни, пайғамбар сөзінен

¹⁷² ыждағат

¹⁷³ яғни, құрайыш тайпасынан

Егер ол кісі күнәһар болғай¹⁷⁴,
Қылмасына оның себеп болғай.

Патша қаншалықты залым-дүр¹⁷⁵,
Ислам қауымы ішінде хакім-дүр.

Оған қарсы шығу болды харам,
Осы ғой шарифаттағы тәртіп-низам¹⁷⁶.

Бұл имамдық ету шарифат ара¹⁷⁷,
Кімге уәжіп болар екен, әйа.

Тентек ел осыны әуес қылмас,
Өзге елдің бұл қолынан келмес.

Егер онда болса бұған хуккам¹⁷⁸,
Кімді қылсын өзгелерге имам.

Әркім де бұ істі қылмайды,
Салтанат тәсілін білмейді.

Егер имам қаласа не қылсын ол,
Салтанат тәсілін қайдан білсін ол?

Патшалық ойран болуға не шәк¹⁷⁹,
Дінге де көп кедергі болар бишәк¹⁸⁰.

Ишара(т) төрт имамға кім мұқтәдай-е дін уә пишуә-е әһлі йақин¹⁸¹-дүр

Біл, бұл төрт имам бәрхәк¹⁸²-дүр,
Олар бұл дінге раунақ¹⁸³-дүр.

Бұл имам шарифат адасы¹⁸⁴-дүр,
Дін мен шарифаттың мұқтәдасы¹⁸⁵-дүр.

Бірісі – Әбу Ханифа Нұғман-дүр,
Және бірі – Шафиғи Паруан-дүр.

¹⁷⁴ яғни, болса

¹⁷⁵ яғни, залым болса да

¹⁷⁶ тәртіп

¹⁷⁷ шарифатта

¹⁷⁸ әкімдер

¹⁷⁹ күмән

¹⁸⁰ күдіксіз

¹⁸¹ дін көсемі және сенушілердің имамы төрт имамға ишара

¹⁸² шынайы, нағыз

¹⁸³ шам-шырақ

¹⁸⁴ яғни, шарифаттың өтелуі

¹⁸⁵ жетекшісі

Және бірі – Мәлік һәм және Ахмет,
Қылды олар талап шариғатта бихад¹⁸⁶.

Бір-біріне ізбасар және һәмпей¹⁸⁷,
Дәреже мен көмек көп тапқай.

Тәңіріден бізге көп ләтифә¹⁸⁸-дүрүр,
Көсеміміз Әбу Ханифа-дурур.

Тәңіріге шүкір айтындар йексан¹⁸⁹,
Қылды біздерге істі ол асан¹⁹⁰.

Ишара(т) заһид¹⁹¹ пен пасық, жақсы мен жаманның арқасында намаз (оқуға) дұрыс

Пасық болса, болса не заһид¹⁹²,
Залым болса, болса не абид¹⁹³.

Дұрыс болды ол имам болғай,
Көсемнің ісі орындалғай.

Қайсы-дүр бұ имам, есітің(дер) раз¹⁹⁴,
Бұл имам болды елге пиш-е намаз¹⁹⁵.

Бірінші мумину биһ¹⁹⁶ пен жетінші мумину биһтің баяны

Және ақирет күнінің иманы,
Мынау айтайын, есітің(дер) оны.

Бұрынғы мекен онда көр-дүрүр,
Көр елінен Құдай сұрай-дүрүр.

Ол сұраушы екі періште-дүрүр,
Кім бұрын болды аттары мәзкур¹⁹⁷.

¹⁸⁶ шексіз

¹⁸⁷ жолдас

¹⁸⁸ нәзіктік

¹⁸⁹ бір жолы

¹⁹⁰ оңай

¹⁹¹ діндар

¹⁹² діндар

¹⁹³ тақуа

¹⁹⁴ сыр

¹⁹⁵ намазды өтеуші

¹⁹⁶ иман

¹⁹⁷ яғни, жоғарыда айтып өтілді

Кім Құдайың, пайғамбарың кім-дүр?
Дінің мен жолбасшың кім-дүр?

Егер жауапты сауаппен айтса,
Не азап көрмес, не қайғы жесе¹⁹⁸.

Қабірін кең Құдай қылғай оған,
Ризуан ұрмақ ішінде ашылғай оған.

Күндіз-түні оған аян болғай,
Бақша жерінде орын болғай.

Егер жауабын жақсы айтпаса,
Тәңірінің ол жаққа қайтпаса.

Басына темірден соққы жегей,
Жан рахатына «Қош бол!» дегей.

Үнүн тапқанында гүрзі есері,
Есігер ғәйрі адами¹⁹⁹ мен пері.

Егер пері мен адамзат есіткей,
Үрейден жандарын еріткей²⁰⁰.

Қабірі оны өте қатты сыққай,
Бір-біріне сүйектерін тыққай.

Ризуан болар оған Сақар басына,
Жүз мың реніш, сор, зор басына.

Жерін тозақ ішіне көргей ол,
Кейде от, кейде май ішінде көргей ол.

Ишара(т) Исрафилдің екі сүріне

Ақыр заман солай жақындаса,
Өмір соңы бәрі тасса.

Әмір болғай Құдайдан биқил²⁰¹,
Демін сүр ішінде тартар Исрафил.

Шамдай өлгей ел бұл дем бірлә,
Һәм опат болғай ел дәм бірлә.

¹⁹⁸ яғни, қайғы жемейді

¹⁹⁹ адамнан басқа

²⁰⁰ шығарар

²⁰¹ сөзсіз

Бос болар бұ халықтан әлем,
Өмірлер болмағай бәни-адәм²⁰².

Және болғай Құдайдан мә'мур²⁰³,
Сүр ішінде дем сүруге сахиб-е сур²⁰⁴.

Жетінші мумину биһтің болуы

Осылардан кейін бұл-дүр ахуал,
Келеді қолға нама-е ә'мал²⁰⁵.

Бақыттылардың оң қолынан келгей,
Онда ол бақытын білгей.

Бақытсыздар намасын²⁰⁶ тергей,
Арқадан сол қолына бергей.

Ишара(т) мизанға²⁰⁷

Және бұдан кейін таразы бар,
Құлшылық пен күнәні тартар.

Кімде-кімге келсе пәллә-е тағат²⁰⁸,
Білгей жұмақтығын сол сағат.

Кімде-кімге келсе пәллә-е 'исийан²⁰⁹,
Қалғай сол сәт биһуш-у қайран²¹⁰.

Ишара(т) Арасаттың мәуақифыға²¹¹

Арасат ішінде тұру елу еміш²¹²,
Әрбірінде болар сауал әр іс.

Тез өтер біреу берсе жақсы жауап,
Немесе, жылдар тартар қинау мен азаб.

²⁰² адамзат баласы

²⁰³ жөнделген

²⁰⁴ сүр иесі, яғни Исрафил періште

²⁰⁵ амал дәптері

²⁰⁶ амал дәптерін

²⁰⁷ яғни, мизан таразысына

²⁰⁸ құлшылық баспалдағы

²⁰⁹ күнә баспалдағы

²¹⁰ естен танып қалады

²¹¹ Арасатта тұруға

²¹² екен

Кейбір елге Тәңірі мейірім еткей,
Есепсіз жұмақ ішіне ол жеткей.

Ишара(т) шапағат есігі әуелі хазірет Расулдан ашылғай және кімге Хақ жарлық берсе, ол шапағат қылғай

Мұстафа-дүр, біліндер, үмметке,
Есік ашқай бұрұн шапағатқа.

Және әр кімге Хақ берер дәстүр²¹³,
Көңілі қалағанға ол шапағатшы болар.

Ишара(т) сиратқа

Арасаттағылар бұлардан өтер,
Тозақ үстіндегі көпірге жетер.

Жіңішке қылдан һәм қылыштан ітіг²¹⁴,
Баршаға керек одан өтпектік.

Жын, адам, мұсылман, кәпір,
Болғай ол көпір үстінде әзір.

Аяқ қойса кәпір сол деме,
Жерін көрер ол жаһаннамда.

Өтуші от ішінде терлеп өтер,
Мұсылман одан найзағайдай өтер.

Кейбір ел желдей, кейбірі құстай,
Кейбір елге көрінер ол түстей.

Кім-кімде болса әлсіз иман,
Өтпегі одан болмағай асан²¹⁵.

Бірі еңбектеп, бірі жүгіріп,
Жығылып тұрып, бірі шалынып.

Біреу алғаш қадамнан-ақ қалғай,
Біреу ортасына жетіп құлағай.

Біреу соңғы қадамда жығылғай,
Жығылып тозақ ішіне тығылғай.

²¹³ жарлық

²¹⁴ өткір

²¹⁵ оңай

Ишара(т) жұмақ пен тамұқ ақиқат және мүшріктің орны тамұқ, мұсылманның мақамы жұмақ екені

Білгіл, жұмақ пен тамұқ хақ-дүр,
Мұсылманның мақамы жұмақ-дүр.

Кімде-кім болса мүшрік не кәпір,
Орнын етті тамұқ оның Қадир²¹⁶.

Ишара(т) тозаққа

Кімде-кім тозаққа түссе кәпірден,
Шықпағай мәңгілік сол жерден.

Әр азабын ел елестетер,
Тозақтықтарға ол азап жетер.

Түссе егер мұсылман жаһаннамға,
Күнәсіндей қалар сол қамға.

Не шапағатшы шапағат етер оған,
Орны жәннәт ішіне жеткей оған.

Не Құдай оған мейірім еткей,
Одан ол қайғы мен бейнет кеткей.

Кімде-кім мұсылман өтсе бұл әлемнен,
Құтылар біл мәңгілік қайғыдан.

Күнәсіндей егер реніш жетер²¹⁷,
Бірақ ақыры жәннат жаққа кетер.

Ишара(т) хәузі Кәусарға

Және білгіл хәузі Кәусар,
Онда жұлдыздай тартулар бар.

Көпірден өтіп бұл суда тұрғай,
Халықты бұл суға жуындырғай.

Жуылсын деп тамұқ азабын,
Көңілі тынышталар бұ кезде бәрінің.

Тынышталып көңілі барғай жұмаққа,
Жүз мың шүкір еткей Хаққа.

²¹⁶ Күдіретті Алла

²¹⁷ яғни, жетсе

Ишара(т) жұмаққа

Дәреже жәннат ішінде сегіз,
Тәңірі егер мейірім етсе, жетерміз.

Тәңірі жәннатты кімге бергей,
Амалына жараса жер бергей.

Онда хор, сарай мен ғилман²¹⁸-дүр,
Сондай ләззатқа ақыл қайран-дүр.

Әр рахатты ел хаял етер²¹⁹,
Одан артық жәннат еліне жетер.

Мәңгілік жерлерінде болғай,
Қайғы мен мұңнан құтылғай.

Баршадан жақсы ләззәт-е дидар²²⁰,
Бізге еткіл нәсіп, ей, Ғаффар²²¹.

Ишара(т) иман шарттарына

Білгіл, иман шарттары бар-дүр,
Имандылар арасында муқаррар²²²-дүр.

Біреуі – ғайыпқа келтір иман,
Болды иман осылай бидәрман²²³.

Ғайып ілімін Хаққа лайық біл,
Сөз осы шарифатта, осылай біл.

Және Хақтан керек үміт пен бим²²⁴,
Мұны деп тұрма, бар Құдай кәрим²²⁵.

Және білгіл халал хақты халал,
Біл, харамды һәм харам һәм обал.

Тәңірінің дұшпанына дұшпан бол,
Тәңірінің сүйгенін сүйген бол.

²¹⁸ қызметшілер

²¹⁹ яғни, ойласа

²²⁰ Алланың дидарын көру ләззаты

²²¹ Ей, күнәларды кешуші Алла

²²² белгіленген

²²³ шарасыз

²²⁴ қауіп

²²⁵ жомарт

Ишара(т) иман уәжібтеріне

Кімде-кім иман бұларға келтірсе,
Осы дегендер үстінде тұрса.

Имандыларға неше уәжіп-дүр,
Айтайын, демек лайық-дүр.

Ғұлама сухбаты-дүр әуелі біл,
Және су шөлдегендерге жеткізгіл.

Ауру елге және ʼийадат²²⁶-дүр,
Біл, бұларды хош бақыт-дүр.

Әкесіздерге сен мейірімділік қыл,
Татуластыр жауласқандар арасын, іс қыл.

Ғұсыл мәйіт-тұрұр, және мұны дер,
Құдайым, пақырға (бір) нәрсе бер.

Ишара(т) иманның нәтижесі мен пайдасына

Кімде-кім иман бұларға келтірсе,
Осы дегендер үстінде тұрса.

Құтылар пенделіктен, өлмектен,
Талмақтан, ынтасын бөлмектен.

Дүниелік-дүр бұларды йад алыңыз²²⁷,
Ақиреттікті дейін, құлақ салыңыз.

Мәңгілік азап пен бейнет,
Көрмес ақирет барар жәннат.

Китаб хатимесі²²⁸

Аллаға шүкір мұратыма жеттім,
Алғашқы парыз сөзін тамам еттім.

Бұл еді сүннет еліне муʼтақидат²²⁹,
Баян еттім баршасын бат²³⁰.

²²⁶ жағдайын сұрау

²²⁷ жаттап алыңыз

²²⁸ кітаптың соңы

²²⁹ сенім

²³⁰ түгел

Бұл мәселені мен баян еттім,
Бұл ақайданы²³¹ аян еттім.

Дейді асли-е и'тикадийа²³²,
Қарсы болған, болар 'инадийа²³³.

Қалған он төрт фәрз-е шәр'ийә²³⁴,
Амалдар дейілді фәр'ийә²³⁵.

Тәңірі таупықы болса дейін бәрін,
Көрсетей онда әр амал жерін.

КИТАБУС-САЛАТ²³⁶

Бабыр, енді дегіл екінші парыз,
Дейілер сөзді онда кыл арыз²³⁷.

Бұл екінші, біл, намаз-дурур,
Пендеден Тәңіріге нийаз²³⁸-дурур.

Күндіз-түнгі уақыты бес болмыс²³⁹,
Үзір емес мұнда еш нәрсе хәм еш іс.

Біл, бұл парызда парыздар бар,
Және бар уәжіптер мен сүннеттер.

Мустахабтар-дүр және әдептер-дүр,
Шариғатшылар арасында мукаррар²⁴⁰-дүр.

Намаз парыздарының баяны

Парыз он екі-дүр намазда, біл,
Біліп ап әр қайсысын жерінде қыл.

Алтауын біл намаз сыртында,
Және алтауын намаз ішінде.

²³¹ ақидаларды

²³² сенімнің негізі

²³³ мойынсұнбаған

²³⁴ шариғат парызы

²³⁵ тармақталған

²³⁶ намаз кітабы

²³⁷ яғни, баянда

²³⁸ қажеттілік

²³⁹ болыпты

²⁴⁰ белгіленген

Нешеуі шарт-түр бұлардан, біл,
Және бірнешеуін рүкін дегіл.

Намаздың сыртындағы алты парызының баяны

Алты сыртындағыны бұрын арыз қылай²⁴¹,
Соңынан шәрх ол алты парыз қылай²⁴².

Бірінші шарты – ол таһарат²⁴³-дүр,
Біл, бұ үш парыздан ибарат²⁴⁴-дүр.

Біреуі жер, біреуі тон, біреуі су-дүр,
Ол он екіден үшеуі осы-дүр.

Бұл таһарат денеде тағы керек.
Төрт болар парызы оның елге бишәк²⁴⁵.

Факиһтар²⁴⁶ парыздарды атапты,
Тазалықта парызды үш санапты.

Демегіл біреуін ұмытыпты,
Тәннi һәм тонды²⁴⁷ бір тұтыпты.

Таза судың мәселесі

Рас, тазалық бәрі болар судан,
Әуелі судың тазалығын дейін.

Біл мәселесін ынтамен сұраған,
Бірі ағынды су, және (бірі) тұрған.

Бол, ағар су шамасынан ағар²⁴⁸,
Ақырдан ағызса бір пәр-е каһ²⁴⁹.

Бұл суды таза һәм мутаһһар²⁵⁰ біл,
Не нәрсе жумақшы болсаң, осы суда жуғыл.

²⁴¹ баяндайын

²⁴² яғни, соңынан алтауының түсіндірмесін жасайын

²⁴³ дәрет

²⁴⁴ тұрады

²⁴⁵ күдіксіз

²⁴⁶ шариғаттанушылар

²⁴⁷ киімді

²⁴⁸ хабардар бол

²⁴⁹ каналмен

²⁵⁰ таза

Бірақ ағынды суда бар-дурур ігірім²⁵¹,
Ешнәрсе онда жумасын ешкім.

Егер нәжістер мен өлексе-дүр,
Бұл ағынды суда, онда үкім осы-дүр.

Егер судың жартысы не көбісіне тиер,
Су таза емес-дүр, солай болса егер.

Және тұрған судың шамасын біл,
Осы-дүр айтайын сен есіткіл:

Егер бұл судың мураббағ²⁵² болса жері,
Болса оның айналасы қырық қары.

Шариғатта дейді мұны дәһ дәр дәһ²⁵³,
Бұл ағынды судай болды, бол ағаш²⁵⁴.

Деді бұ гәзді²⁵⁵ шариғатта жеті тұтам,
Бұл өлшем гәзи-дүр, ей, һәмдәм²⁵⁶.

Егер дөңгелек көрінсе бұл су жері,
Төңірегі керек отыз алты қары.

Егер ұзын су болса мәсахат қыл²⁵⁷,
Жүз қары болса хош таһарат қыл²⁵⁸.

Ендігі һәм бір қары керек болғай.
Бұл сулар секілді демек болғай.

Осылар тереңдігін біл, жетер бұл қадар²⁵⁹,
Жері көрінбегей, су алсаң егер.

Ендігі сол әр суды көрсен,
Ұзындығы мен енін жиыстырсаң.

Оннан он болса пәк болар,
Онда не жусаң да дұрыс болар.

²⁵¹ иірім, шатақ

²⁵² төртбұрыш

²⁵³ он да он

²⁵⁴ хабардар

²⁵⁵ ұзындық өлшемі, шамамен 104 см.

²⁵⁶ жолдас

²⁵⁷ өлше

²⁵⁸ дәрет ал

²⁵⁹ шама

Осы сөздерді мен баян еттім,
Бәрінің үкімін аян еттім.

Түсі һәм дәмі немесе іспенен,
Өзгерсе нәжіспенен.

Біліңіз(дер), осы суды таза емес,
Сақтаныңыз мүмкін таза емес.

Су кіріп-шықса , кетсе өзгесі,
Тазарарда бұл болды тәдбирі²⁶⁰.

Егер нәжіс түссе өзге суларға,
Не болар шарифат үкімі бұларға?

Онда өзгеруі керек емес-дүр,
Нәжіс болмаққа ендігі дәстүр²⁶¹.

Болса бұл суда бір өлі хайуан,
Болмаған болса онда қан ақпаған.

Не су хайуандарынан болса суда,
Осылардың өлігі болса суда.

Шыбын, маса және шаян йаңлығ²⁶²,
Бақа, бес аяқ және балық.

Бұл су болмас нәжіс болың(дар) ағаһ²⁶³,
Қаншалық болмаса да дәһ дәр дәһ²⁶⁴.

Егер көлшікке кірсе ағар су,
Не сызып барса онда су әр су²⁶⁵.

Бір нәжіске жетті су нағәһ²⁶⁶,
Бірақ болмайды дәһ дәр дәһ²⁶⁷.

Пәк емес осы көл суы, біліңіз,
Тіптен, ол судан бас тартыңыз.

²⁶⁰ жолы

²⁶¹ жарлық

²⁶² секілді

²⁶³ хабардар

²⁶⁴ он да он

²⁶⁵ әр тараптан

²⁶⁶ кенет

²⁶⁷ он да он

Әрқашан ол көлшік толғай²⁶⁸,
Тазарар сол сәт, су таза болғай.

Шариғат монша суын деді пәк,
Әр нәрсе бұл сумен жусаң нибак²⁶⁹.

Болса бұл судың нәжістігі таһир²⁷⁰,
Су кіріп-шыққан соң-ақ бұ су арыр²⁷¹.

Болса таза емес осы су нағай²⁷²,
Қалай тазарар, дейін, болың(дар) ағай²⁷³.

Су ағып кірсе, алса жерінен,
Не атып шықса тасып жерінен.

Болар ағынды су үкімінде бұ су,
Өзге не нәрсе жуар болсаң, кел жу.

Адамзаттың ауыз су таһир²⁷⁴-дүр,
Біл, ол таза һәм мутаһһар²⁷⁵-дүр.

Мейлі жүніп болсын, мейлі кәпір,
Білгесін ауыз суын таһир²⁷⁶.

Білерсің, халал хайуанның,
Суы пәк болды һәм инсанның²⁷⁷.

Не нәрсе етін жесе болмас,
Қалдығын да таза десе болмас.

Бірақ білгіл, сур-е бағл һәм ешек²⁷⁸,
Болды күдікті, мұнда жодүр шәк.

Отұрған үй мен сиба'-е туйур²⁷⁹,
Қалдығы мәкруһ, шариғатшылар деп-дүр.

²⁶⁸ яғни, толар болса

²⁶⁹ күдіксіз

²⁷⁰ таза

²⁷¹ тазарар

²⁷² кенет

²⁷³ хабардар

²⁷⁴ таза

²⁷⁵ таза

²⁷⁶ таза

²⁷⁷ адамның

²⁷⁸ қашыр мен ешектің қалдығы

²⁷⁹ жыртқыш құстар

Секілді тышқан және мысық һәм мар²⁸⁰,
Қаршыға менен лашын һәм сұңқар.

Мейлі тауық оттаған, ей, дана,
Қалдығы мәкруһ-дүр шарифат ара²⁸¹.

Намаз оқитын жердің мәселесі

Енді жердің таһаратын²⁸² айтай,
Шарифат елінің үкімін айтай.

Пәк жерде намаз қылғайсың,
Болмаса сақ болғайсың.

Сәжде жері, екі аяқ жері пәк,
Болса өзге, таза емес болса нибак²⁸³.

Жерге егер бір нәжісі жетті²⁸⁴,
Құрыды ол жер және әсері кетті.

Деме ол жерді арығысыз-дүр²⁸⁵,
Өте онда намаз, жайыз²⁸⁶-дүр.

Бірақ мұнда тәйәммум етпегіл,
Шарифаттың жолын кем етпегіл.

Ағаш пен от жерде-дүр қайим²⁸⁷,
Қыш жерде кілем болар дәйім.

Егер ұсақ тас пен тау тәсәуур қыл²⁸⁸,
Бәрі жер үкімінде ғой, білгіл.

Әр тамы²⁸⁹ мен үйі арығысыз²⁹⁰-дүр,
Деме, онда намаз жайыз²⁹¹-дүр.

²⁸⁰ жылан

²⁸¹ шарифатта

²⁸² тазалығын

²⁸³ қорқыныш жоқ

²⁸⁴ тисе

²⁸⁵ яғни, таза емес деме

²⁸⁶ орынды

²⁸⁷ өсіп тұрған

²⁸⁸ көз алдына елестет

²⁸⁹ яғни, үй

²⁹⁰ таза емес

²⁹¹ дұрыс

Әр әжетхана орны мен шарапхана,
Болса әр там болар секілді және.

Онда мәкруһ-дүр намаз, білің(дер),
Жиіркенішсіз өзге жерде қылың(дар).

Егер мусалла²⁹² болса кілем саған,
Онда былай-дүр ықтият саған.

Таза емес жерінде қылма намаз,
Бар намазыңа өзге жерде жәуаз²⁹³.

Мешіт әдебінің мәселесі

Мешіт әдебін қылай тәлім,
Қыларсың Құдай үйін тә'зім²⁹⁴.

Мұнда сіңбірме, мұнда түкірме,
Балшық болса аяқтарыңда сүртпе.

Пәк емес болса мешітің мәнқуш²⁹⁵,
Онда сарп етсең тіллә мен күміс.

Бірақ өз малыңды онда сарп еткіл,
Кісі малы сауап емес-түр, біл.

Мұнда сарп етуші бұл-дүр аула²⁹⁶,
Үлес алса бұл малда бұқара.

Мешіт пен тамның үкімі бір-дүр, біл,
Соңынан еру лайық-дүр, біл.

Киім мәселесі

Тон²⁹⁷, айтылды, сәтр-е әурет-түр²⁹⁸,
Парыз-дүр, білуі зәрурат²⁹⁹-түр.

²⁹² намаз оқитын жер

²⁹³ рұқсат етілген жер

²⁹⁴ құрметтерсің

²⁹⁵ безендірілген

²⁹⁶ тағы жақсы

²⁹⁷ яғни, киім

²⁹⁸ әуретті жабушы

²⁹⁹ зәру

Қашанда парыз-дүр, қылдым арыз³⁰⁰,
Бірақ тазалығы-дүр намазда парыз.

Жаппағы ерге келсе қолынан,
Тізеге дейін парыз болды кіндіктен.

Кіндігің біл, емес болар дахил³⁰¹,
Тізені әуретке бірақ дахил³⁰², біл.

Біл, әйелге жаппақ болды бәрін,
Табан, жүз және алақаннан өзгелерін.

Егер кәнизәк болса шарифатта,
Ер секілді болды сәтр-е әуретте.

Бірақ, білгіл, аркасы мен қарын,
Жаппағы парыз болды осыларын.

Бұл жамылғы керек-түрүр андақ³⁰³,
Білінбесе астында қара, ақ.

Егер намазда әурет ашылса,
Төрттен азырақ екенін білсе.

Ол намазханның намазы-дүр жайыз³⁰⁴,
Бұл мәселелерді есте сақтағайсыз.

Мустахаб-дүр жамылғы тақпақтық,
Тән мен йықтарды жаппақтық.

Біл, диба³⁰⁵ мен қызыл неме,
Ерге мәкруһ-дүр, кий деме.

Шарифатты орында, ей, һәмдәм³⁰⁶,
Қылма жібекті жайнамаз һәм.

Егер киіміне нәжістер жетті³⁰⁷,
Шарифат, білгіл, бұған не үкім етті.

³⁰⁰ айтып

³⁰¹ кірмейді

³⁰² кіреді, яғни тізе әурет болып есетеледі деген мағынада.

³⁰³ былай

³⁰⁴ дұрыс

³⁰⁵ түрлі-түсті жібек мата

³⁰⁶ жолдас

³⁰⁷ тисе

Егер нәжіс ғализ³⁰⁸-дүр онда,
Білерсің үкімін айтқанда.

Болса дирһемдей, біл, мә'фу³⁰⁹-дүр,
Мейлі жуғызба, мейлі оны жудыр³¹⁰.

Әр нәжіс үлес бар онда,
Салмағы дирһем-дүр назар сонда.

Бұ дирһем салмағын дейін, жад ал,
Қылды назар бір мысқал.

Немесе кендігі мұрат-турур,
Ханафиға бұл сенім-дурур.

Бұ дирһем енін жазыпты,
Алақан еніндей деп жазыпты.

Егер нәжістер хәфифә³¹¹-дүр анда,
Сал құлақ, үкімін айтайын пенде.

Қысылма, ол төрттен бірінен егер кем-дүр,
Мәселе, білмегенге көп қайғы-дүр.

Бір кісі намазын қылады,
Әр нәрсе онымен біледі.

Егер нәжіс тисе не-дүр үкімі,
Білесің, киім секілді болар үкімі.

Бірақ тән менен тән үстерінде,
Болмаса бір дирһемше бұ бәрі де.

Тиген болса хәфифә³¹², ей, һәмдәм³¹³,
Қосылғанның төрттен бірінен керек-түр кем.

Біл, дене мен киім және жайнамаз,
Қалай болар нәжіс, есіткіл раз³¹⁴.

³⁰⁸ тығыз, кою, ауыр

³⁰⁹ кешірілген

³¹⁰ жуғыз

³¹¹ жеңіл

³¹² жеңіл нәжіс

³¹³ жолдас

³¹⁴ сыр

Егер жеңіл нәжіс тиер³¹⁵,
Қалар одан мұнда түсі мен әсер(і).

Жұқпаса еш нәрсе бұларға нибақ³¹⁶,
Ол кезде мыналарды білгіл пәк.

Ол нәжіс нәрсе тисе қалай екен,
Үкім оған шариғатта қандай екен?

Егер нәжістен болса ол намлық³¹⁷,
Біл, хәфифі секілді жуғыл арығ³¹⁸.

Немесе керек ластануы онда,
Тамса су тазалықты сыққанда.

Егер нәжіс болса құрғақ, ол арық³¹⁹,
Онда құрғақ керек сирайәтлық³²⁰.

Нәжасаттың³²¹ алғашқы бөлімінің мәселесі

Біл, нәжасатты, екі бөлім-дүр,
Біреуіне хакики есім-дурур.

Бұл хәкики хәм екі бөлім, есіт,
Бірі – ғализа, бірін – хәфифә айт.

Қайсы-дүр бұл ғализа, дейін бір-бір(леп),
Ірің мен қан-дурур және чағыр³²².

Ол жердің қанға үкімі бұл болғай,
Олар нақис-е узу³²³ болғай.

Болса мақұл бауыздалған,
Біл, таза-дурур оған іш қан.

Шыбын не бүрге мен бит қаны,
Неше көп болса, біл таза оны.

³¹⁵ яғни, тисе

³¹⁶ қорықпа

³¹⁷ намлы

³¹⁸ жеңіл нәжіс тигендей тазалап жу

³¹⁹ таза

³²⁰ жұғуы

³²¹ нәжістердің

³²² арақ

³²³ дәреттің кемшілігі

Бір әр түрлі құрт пен хашарат³²⁴,
Ақпаса қаны, де таза оған ат.

Мақұл емес тезек пен бәулін³²⁵,
Біл ғализа, есіт бұ ел қаулын³²⁶.

Майақ, тезек және құмалақ,
Болса әр қайсысынан болар мұндақ³²⁷.

Тауық, қаз, үйрек бұл-дүр хал,
Біл, бұл үшке ғализа-дүр бихал³²⁸.

Әрнәрсенің халал болса еті,
Зәрді шариғатта хафифа бітті³²⁹.

Әрнәрсә сүт, тер және сілекей,
Сұра үкімін, саған айтай(ын).

«Ғәйрі мә'құл құс саңы не екен?»
Біл, оны шариғатта хәфифә деміс³³⁰.

Желінетін құс саңыны біл бұ шақ,
Жаман иісі егер болмаса де, арық³³¹.

Нәжіс тиген жерді жуудың баяны

Біл, нәжіс тиген жерді, қалай жуылар,
Қандай жолмен жуса пәк болар?

Болса көрінген нәжіс онда нетер?
Суменен айыбын кетірсе жетер.

Не ағынды нәрсе болса су йаңлығ,
Біл таза оны егер болса арын³³².

Үкімі болса нәжасәт есіткіл,
Оны тазартар не нәрсе, біл.

³²⁴ шыбын-шіркей

³²⁵ зәрін

³²⁶ сөзін, үкімін

³²⁷ солай

³²⁸ яғни, арам емес

³²⁹ жазды

³³⁰ дейді

³³¹ таза

³³² таза

Секілді қылыш, айна һәм пышақ,
Тазартар бұларды біл топырақ.

Болса кебіс пен мәсі бұл мәр'и³³³,
Топырақ оны кетірген соң арыды³³⁴.

Егер көрінетін нәжасәт³³⁵ болмаса біл,
Бұл секілді деймін оны жуғыл.

Егер дене болса жуасың үш нәубет³³⁶,
Ол жумақ субуғ³³⁷-дүр оған ат.

Сығуын бұл іш және үш сық,
Соңғы сыққанды сығарсың қатты/ғ/.

Сығылмайтын нәрсені жууын біл,
Болды үш түрлі, айтай, есіткіл.

Бірі ол – су әсер етпес,
Денесінің арасына су жетпес.

Секілді білінбес һәм тоқыма заты,
Бар бұл үкім осылар мысалы.

Біл, тән үкімінде-дурур бұлар,
Тән секілді үш рет құярсың сулар.

Жәнә кімде-кім әсер етер оған су,
Оны бұл түр, ей, намазхан, жу.

Секілді чәрминә, ағаш һәм суфал³³⁸,
Әсер етер нәрсе болса бәрін жу бұл мысал.

Үш жуып, үш кептірсең пәк болар,
Мәселесін білмеген опат болар.

Бұл құруды (жайын) ол сұрағай,
Айт (оған) оның тамып тұрғай.

Және сияқты кілем мен киіз,
Бар бұларды сығудан ел әлсіз.

³³³ көзделген

³³⁴ тазарды

³³⁵ нәжістер

³³⁶ рет

³³⁷ жетіден бірі

³³⁸ саз-балшықтан жасалған

Тазармайды біліндер әр суда,
Күндіз-түні байлаңыз ағар суда.

Әр тері ас жесе тазарар, білгіл,
Мейлі ки, мейлі оны жайнамаз қыл.

Егер екі намыстан ол біреуі,
Бірі адам. Бірі доңыз терісі.

Нәжәсул-әйн³³⁹-дүр доңыз, білгіл,
Одан сақтандыру бұл сөз, білгіл.

Дене тазалығының мәселесі

Және, білгіл, дене таһаратыны³⁴⁰,
Түсінгін шариғатпен 'ибаретіні³⁴¹.

Парыз білгіл тазалығын оның,
Жуғыл оны, есіт сөзімді менін.

Ішінде емес болар дирһем³⁴²де уәли³⁴³,
Тезек пен зәрдің шығар махаллы³⁴⁴.

Уәжіп болды (көлемі) дирһемдей болса, жумақ,
Сүннет болды, егер болса азырақ.

Зәр мен тезексіз етпен(дер), истинжа³⁴⁵,
Бидғат болды бұл, білгіл, ей дана.

Истинжаның алғашқы түрінің баяны

Біл, екі түрлі болды истинжа,
Бірі мынау, есіткіл, ей бәрна³⁴⁶.

Өзін жуардан бұрын тазала, ей, жар³⁴⁷,
Таза нәрсемен тазала, зинһар³⁴⁸.

³³⁹ нағыз нәжіс

³⁴⁰ тазалығын

³⁴¹ тәртібін

³⁴² күміс ақша

³⁴³ бірақ

³⁴⁴ жері

³⁴⁵ төменгі жақтың тазалығы

³⁴⁶ жігіт

³⁴⁷ дос

³⁴⁸ абайла

Біл, мәкруһ-дүр неше нәрсе,
Ол нәрсемен тазартайын, деме.

Жейтін нәрсе болмасын бұл емес һәм,
Хайуаннан басқа керек емес хас³⁴⁹ һәм.

Сияқты нан, қамыс пен шиша,
Сүйек, тері, бор және тише³⁵⁰.

Тазартуға осы халатта³⁵¹,
Тас керек, не кесек не ләттә³⁵².

Жаман емес ағаш құрғақ болса,
Не кіші болса, не үлкен болса.

Не қол топырақ, не тән топырақ,
Болмастан шаң, топырақ және киім уфрак³⁵³.

Тазала әр нәрсені, көңілің арыр³⁵⁴,
Санын үш те тағы мейлі бір.

Истинжа³⁵⁵ сүннеттерінің баяны

Енді сүннеттерін дейін, бір-бір,
Маған белгілі болғанын дейін заһир³⁵⁶.

Үш нәрсемен өзін арытқыл³⁵⁷,
Бірінің үш жағын бұл үкімде біл.

Егер артыққа қажеттілігің бар (болса),
Санын тақ сақтағыл зинһар³⁵⁸.

Жуу мен сүртуді жәм' еткіл,
Шариғаттың бұйрығын есіткіл.

Һәм жу, һәм тазала солменен,
Қылма бұларды оң қолменен.

³⁴⁹ ерекше

³⁵⁰ балта

³⁵¹ жағдайда

³⁵² шүберек

³⁵³ шаң-тозаң

³⁵⁴ тазарар

³⁵⁵ төмен жақтың тазалығы

³⁵⁶ яғни, айтайын

³⁵⁷ тазала

³⁵⁸ байқа

Затың онда бірақ сол да керек,
Тазалар нәрсе оң қолда керек.

Жусаң өзінді тамға не жерге,
Сүрт қолыңды шарифат ісін дерге.

Истинжаның екінші түрінің баяны

Бұл-дүр екінші түрі истинжа,
Бұрынырақ қылып едім има³⁵⁹.

Әуелі оңынан жу содан соң киін,
Айтылар сөзді осындайда дейін.

Бос қой орындығыңды жуар шақта,
Қойма бос өзін ораза болғанда.

Ораза ұстаған өзін ықтият етсін,
Жуып тұрарда өзін арытсын³⁶⁰.

Бұл жұмақта саны емес мәснун³⁶¹,
Көңілің тазарса жумағыл әфзун³⁶².

Үш жуғанша бұ су ғализ³⁶³ емес,
Бірақ төртінші болса пәк деміш³⁶⁴.

Истибра мәселесі

Міне, дедім екі түрін истинжа,
Енді айтайын не-дүр истибра.

Ерге, әйелге мұны уәжіп біл,
Қылатын іс-дурур, мұны қылғыл.

Түбінен ұшына сағ үш нәубет³⁶⁵,
Не жөтел үш, сінбір үш кәррәт³⁶⁶.

Немесе мынау үш қадам жүріп жол,
Немесе мынау кисай басып сол қол.

³⁵⁹ ишара

³⁶⁰ тазаласын

³⁶¹ қатып қалған

³⁶² артық

³⁶³ кою

³⁶⁴ дейді

³⁶⁵ рет

³⁶⁶ рет

Біл, әйелге осы болар истибра,
(Дәрет) сындырып, шүберек қойсын ол барша.

Қойсын аяғын аяққа,
Айқастырсын ықтият қылмаққа.

Шүберекті алсын да жусын өзін,
Көңілде сақтасын бұл ел сөзін.

Нәжасаттың екінші бөлімінің баяны

Бұл хәфифи нәжасәт³⁶⁷ еді,
Сипаты мен үкімінің бәрін дедім.

Және бір бөлім-дүр нәжасатта,
Үкімін оның айтты-лар атта³⁶⁸.

Мұнда тағы, біл, екі бөлім-дүр,
Біріншісін мұғаллаза ат-дүр³⁶⁹.

Мужиб-е ғусл³⁷⁰ болды екі қысым³⁷¹,
Осы бөлім ішінде бар неше есім?

Мужиб-е ғусл бір жәнабәт³⁷²-дүр,
Және бір уәжіптігіне хайыз³⁷³ ат-дүр.

Және бір уәжібі нифас³⁷⁴ біл,
Баршасына құлақ сал, есіткіл.

Ғұсылдың алғашқы уәжіптілігінің баяны

Неше істен болар жәнабәт, біл,
Енді дейін баршасын, сен анық біл.

Жерінен тұрған уақытта мәни³⁷⁵,
Ұрық не шаһуат егер болса, ол кісіні(ң).

³⁶⁷ жеңіл нәжістер

³⁶⁸ яғни, атап

³⁶⁹ яғни, деп аталады

³⁷⁰ ғұсыл құйыну уәжіп болды

³⁷¹ бөлім

³⁷² яғни, ғұсыл құйынудың бірінші себебі жүніп болу

³⁷³ етеккір

³⁷⁴ әйелдердің босанғаннан кейін келетін қан

³⁷⁵ сперма

Біл, жүніп, гәрчі бидухул-дурур³⁷⁶,
Мұнда үзірің қашан қабыл болар?

Хатнаға³⁷⁷ дейін ғайып болса басы,
Ерге, әйелге болды ғұсыл ісі.

Мұнда (ұрық) ағу қажет емес-түр,
Жүніп болуға осынша іс бәс³⁷⁸-түр.

Ұйқыдан кейін болса ол заһир³⁷⁹,
Мәзи³⁸⁰ немесе мәни³⁸¹ болса суға кір.

Бірақ ол мәзи ұйықтағанда,
Кейбірі болар оған сол шақта.

Ерге ақ қою-ғой бұл чірк³⁸²,
Иісі бар-дүр секілді гулзирк.³⁸³

Біл, әйел мәнисі бұл шық³⁸⁴-дүр,
Сұйық болды һәм рең-түсі сары³⁸⁵-дүр.

Ғұсылдың екінші уәжіптілігінің баяны

Мужиб-е ғусл болды хайыз және,
Осы уәжіпті сені екінші сана.

Хайыз әйелге қан-дурур келер,
Үш түн, үш күн мұның ең азы болар.

Ең көбі болды он түн-күндіз,
Мұны білмекте са'илар көгіз³⁸⁶.

Болса оннан көп, үштен кем,
Истихаза біл оны, ей, һәмдәм³⁸⁷.

³⁷⁶ қаншалықты кірмесе де, яғни әйелге жақындаспаса да

³⁷⁷ сүндеттелген жерге

³⁷⁸ жеткілікті

³⁷⁹ пайда болса

³⁸⁰ ұрықтан кейін келетін сұйықтық

³⁸¹ ұрық

³⁸² кір, қан-ірің

³⁸³ гүл жапырағы

³⁸⁴ мүмкін

³⁸⁵ яғни, сары

³⁸⁶ ізден

³⁸⁷ жолдас

Ол әдетте көрсе қан әр рең(де),
Хайыз-дүр, оны өзге нәрсе демен(дер).

Ғұсылдың үшінші уәжіптілігінің баяны

Енді айтай(ын) нифас не болар,
Туса бала, бұл қан-дүр келер.

Уақыты жоқ аздығының оның,
Ең көбі қырық күн болар оның.

Бұл үш іс ғұсыл біл парыз болар,
Қылмағы елге мислі³⁸⁸ қарыз болар.

Жүніп, хайыз және нифастағы адамның істемейтін нәрселерінің баяны

Бес нәрсе қылма болсаң арығысыз³⁸⁹,
Жүніп жанға бұ бес емес жайыз³⁹⁰.

Бірі – намаз, тауаф³⁹¹-дүр және бір(і),
Болма Тәңірі Кәләміне закир³⁹².

Және бір бұл қылма Мусхаф мәс³⁹³,
Мешіт ішінде тұруды қылма әуес.

Және білгіл хайыз бен нәфса³⁹⁴,
Неше істі қылмасын асла³⁹⁵.

Осы бес-дүр жима³⁹⁶, ораза және,
Жетті іс болды баршасын сана.

Жоқ қазасы намазының, білсін,
Оразасын бірақ қаза қылсын.

Біл, әйел үш мустахаза болса,
Хайыз үкімі болды хайыз шағы десе.

³⁸⁸ сияқты, яғни елге қарыз сияқты болар

³⁸⁹ таза емес

³⁹⁰ дұрыс емес

³⁹¹ Қағбада тауаф етілмес

³⁹² яғни, Құранды оқушы болма

³⁹³ Құранды ұстама

³⁹⁴ нифастағы әйелге

³⁹⁵ ешқашан

³⁹⁶ жыныстық қатынас

Хайыз шағы егер емес (болса), білсін,
Әлемді шарлағандай амал қылсын³⁹⁷.

Ғұсылдың төрт сүннетінің баяны

Біл, бұл төрт ғұсыл сүннет-дүр,
Өзге ғұсыл болса мустахаб ат-тұр.

Жұма және екі айт пен ихрам,
Арафа ғұсылы болды төрт тамам.

Біл, тірілерге ғұсылдар мұндақ³⁹⁸,
Бірақ уәжіп болды өлікті жұмақ.

Ғұсылдың парызының баяны

Біл, үш нәрсе болды ғұсылда парыз,
Қылайын баршасын бір-бірлеп арыз³⁹⁹.

Бірі ауызға су алмақ-дүр,
Және суды мұрынға алмақ-дүр.

Мұрын, ауызға біраз су жібергіл,
Қақырық хәм халққа суну жеткізгіл.

Бұл-дүр үшінші парыз, біл мұны,
Барша тәнге жеткізіп құй суды.

Бұл жұмақтарда сен артықша қыл,
Қалса бір түк құрғақ, тазасыз, біл.

Ғұсыл сүннеттерінің баяны

Ғұсылда біл, бес болар сүннет,
Саған айтай(ын) бәрін, сен тоқтат.

Қоспаға дейін екі қолыңды жуғыл,
Тәнде болса нәжасат, ет заил⁴⁰⁰.

Қыл, дәрет пен ғұсыл үшін ниет,
Барлық ағзаға су құй үш нәубет⁴⁰¹.

³⁹⁷ яғни, жан-тәнімен беріліп амал етсін

³⁹⁸ осындай

³⁹⁹ яғни, айтайын

⁴⁰⁰ тазала

⁴⁰¹ рет

Осы секілді де, ғұсыл, хайыз һәм нифас,
Осыны қыласың олармен қийас⁴⁰².

Бірақ әйел басына су шашқай,
Қажет емес шашын ашқай.

Егер құрғақ қалса түбі пәк емес,
Өргені құрғақ болса қауіп емес.

Кір егер болса тырнағың арасы,
Ғұсылда кетпесе оның қарасы.

Болса бұл кір секілді май мен қамыр,
Осылардын су етпесе әсер.

Уәжіп болды оларды алыс етпек,
Осылардың жерлеріне су жетпек.

Өзінің кірі болса қауіп емес,
Ғұсылыңа, біл, ол зиян бермес.

Ғұсылдың кірін білгіл пәк,
Сайлағанға детіспесе не бак⁴⁰³?

Біл, жүніп ғұсыл қылмасын фил-хәл⁴⁰⁴,
Қылсын әрине біраз уақыт иһмал⁴⁰⁵.

Сисін ол не бірнеше қадам жүрсін,
Не біраз қозғалсын не ұйықтасын.

Жоғалады арада болса мәни,
Жоғалуы осы неше болды, таны.

Егер құрғақ қалса саған біраз жер,
Сал құлақ, шарифатта мұнда не дер?

Егер тигізсең суды оған, бәс⁴⁰⁶-түр,
Және ғұсыл қажет емес-дүр.

Мустахаб-дүр қолды жеткізбек,
Барша ағзаға жеткізіп құймақ.

⁴⁰² салыстыр

⁴⁰³ не қауіп

⁴⁰⁴ сол сәт

⁴⁰⁵ күтсін

⁴⁰⁶ жеткілікті

Кімде-кім моншада суға кірсе,
Лөңі⁴⁰⁷ оның таза емес болса.

Тәнді сүртпек оны һәм сүртсін,
Тазарған соң, оны таза көрсін.

Дәрет кемшіліктерінің баяны

Біл, үкімін деп еді екі бөлім,
Біреуіне муғаллаза еді есім.

Және ғәйр-е муғаллаза-дүр, біл,
Хәдәс оны деді, есіткіл.

Біл, бұ дәреттің кемшіліктері болды,
Қыл дәрет, себебі саған бұл болды.

Екі жерден нәрсе болса заһир⁴⁰⁸,
Ал дәрет, боласың туһир⁴⁰⁹.

Бірақ ол, біл, ілгеріден-дүр,
Кемшілік емес-дүрүр, бұ сөз шын-дүр.

Ірің, қан және сары су,
Шықса жерлерінен алғын узу⁴¹⁰.

Және бірі ауыз тола құсық біл,
Және бірі мастық-дүр, есіткіл.

Біл, әр түрі жойылған соң хуш,
Болды нұқсан дәретке, салғыл гуш⁴¹¹.

Бірақ, егер болса құсканың балғам⁴¹²,
Босамайтын болса егер ауыз тола қан.

Кімде-кім құсық және түкірігінде көрсе қан,
Реңі жеңіп, дәрет болар нұқсан.

Ұйқы-дүр және жантайсаң,
Жантайғанда, құласаң.

⁴⁰⁷ моншада арнайы киетін алжапқыш

⁴⁰⁸ пайда болса

⁴⁰⁹ таза

⁴¹⁰ дәрет

⁴¹¹ құлақ

⁴¹² шырыш

Және бірі намазда күлсе,
Ол қулу қарқылдап болса.

Және қатын жеріне ер мүшесі,
Тисе, болды дәреттері сынады.

Қаншалықты болмаса да духул мен инзал⁴¹³,
Болды кемшілік дәретке, мұны жаттап ал.

Және бірі уақыттың шығуы,
Үзір иесіне дәрет ісі.

Үзір иесі кім, білгіл,
Осы істе бар негізі көп мүшкіл.

Ірің, қан мен сары су һәм бәул⁴¹⁴,
Ағар болса онда осы қаулы.

Қылса бір уақытын бұл іс тамам⁴¹⁵,
Үзір иесі дер бұл кісіге нам.

Айналысу бір уақыт қажет емес-дүр,
Өзгеде бір көрінсе һәс бәс⁴¹⁶-түр.

Бірақ бір уақытта тамам еткей,
Үзір иесі болуы кеткей.

Үзір иесі, есіт, бұл сайил⁴¹⁷,
Кемшілік емес дәретіңе, біл.

Әр намазың үшін дәрет қыл,
Уақыт барынша әһр намазды өтегіл.

Қашан да уақыт шығар сол ан⁴¹⁸,
Табады дәретің нұқсан.

Чәрх-е сайил мынау шариғат деді,
Бұрынырақ мұнда ол дейіліп еді.

Болды жылдар дауасызбын,
Бұл пәлемен мубталамын⁴¹⁹.

⁴¹³ яғни, кірмесе, және ақпаса

⁴¹⁴ зәр

⁴¹⁵ барша

⁴¹⁶ жеткілікті

⁴¹⁷ сұраушы

⁴¹⁸ кез

⁴¹⁹ кіріптар болдым

Қашан дәрет алармын⁴²⁰,
Ілгері һәм көрермін көп мен.

Бірақ уақыт не бұл жұмыс етпес,
Біраз уақыт менен ол кетпес.

Жұмыс бір мезет қылса мүддәтте⁴²¹,
Және бір уақыт жоқ-дүр әлбетте.

Жазда көбінесе дәретім сынбас,
Қыс сынудан дәретім тынбас.

Еш білмеймін не дауа қылайын,
Кімге бұ мүшкілімді айтайын.

Ғайыптан бір шипа Құдай бергей,
Дертіме Тәңірі өзі дауа бергей.

Дәрет парызының баяны

Кімде-кімге болса бұл хәдәс-е хадис⁴²²,
Ол дәрет алсын бар мухаддис⁴²³.

Білесің, төрт болды фәрз-е узу⁴²⁴,
Ержеткенге бірақ бес-дүр бұ(л).

Жүз жумақ-дүр бірі бұлардан, біл,
Шынтағың мен қолдарыңды жуғыл.

Басқа мәсіх тарт және аяғың жу,
Асығыңмен болды фәрз-е узу⁴²⁵.

Сақал үстіне шықпаса жүз⁴²⁶,
Парыз біл мәсіні есіт, бұл сөз.

Сақал астында көрінсе жүзі,
Су тигізсін, бұл болды шарифат сөзі.

⁴²⁰ алар болсам

⁴²¹ біраз уақыт

⁴²² жаңа хадис

⁴²³ хадистанушы ғалым

⁴²⁴ дәрет парызы

⁴²⁵ дәреттің парызы

⁴²⁶ бетке сақал шықпаса

Не көрінсе де ол муажихада⁴²⁷,
Оны жүз, біл, дедім мушафиһада⁴²⁸.

Түк шығар жерден ол әурет түбінен,
Біл, әурет яғни ол сүйек түбінен.

Түбі кірмейді жүзге,
Қарсыдан сондықтан көрінбесін ол көзге.

Нермелер екі құлақта болар,
Екеуінің арасы, біл, жүз болар.

Нерме біл – сырға жері болар,
Жүзің одан, есіт, бірі болар.

Оған дейін жүз болар бұл дахыл емес⁴²⁹,
Бет-әлпетті біл қиын емес.

Себебі басыңа мәсіх тартарсың,
Төрттен біріне парыз-дүр есіткейсің.

Жуылар дәртке дедім ат,
Жумағы парыз болды бір нәубет⁴³⁰.

Шариғат амалы арасында тазалық керек,
Жуылар денеде субуғ керек.

Денелерден соншалық су тамса,
Ағып барып, тамшылар тамса.

Мұны депті субуғ шариғат елі,
Бұған әлсіз-дүр бұл адам тілі.

Дәрет сүннеттерінің баяны

Біл, бар-дүр дәретте сүннеттер,
Тұт құлақ, баршаға дейін аттар.

Сүннет болды он екі, бол ағаһ⁴³¹,
Баршадан бұрын айт «Бисмилләһ».

⁴²⁷ бетпе-бет

⁴²⁸ көзбе-көз сөйлесу

⁴²⁹ кірмейді

⁴³⁰ кезек

⁴³¹ хабардар

Екі қолыңды қоспаға дейін жуғыл,
Су ал аузыңа және ғарғара қыл.

Су ал аузыңа тағы қыл мисуак,
Ол ағашпен деді арақ⁴³².

Шөп мисуакы болмаса білсін,
Саусағымен бұл амалды қылсын.

Және бұдан кейін қыл истиншак⁴³³,
Ниет қыл, шарифат сөзіне бақ⁴³⁴.

Сақал, қол, аяқ ет тәхлил⁴³⁵,
Барша басқа мәсіх сүннет, біл.

Мәсіх екі құлағыңа тартып,
Орындарсың ри'айәт тәртиб⁴³⁶.

Жуылар мүшені жу үш қатла⁴³⁷,
Жуылатыңа тигіз су үш қатла.

Ысқыла ысқылау сүннет-дүр,
Сипа қолды оған бұл ат-дүр.

Енді сапасын етейін арыз⁴³⁸,
Ниет болса керек жалғасқан парыз.

Су алып аузыңа мубалаға қыл⁴³⁹,
Ғарғара жасау болды бұл мубалаға біл.

Жоғары тарт мұрныңа су алып,
Әр амалды баста бәрін біліп.

Тамақтан қыл сақалыңа тәхлил⁴⁴⁰,
Қолың арқасын жоғары қыл.

Және байқа аяғыңнан,
Бастағыл бұрын бармақ ұшынан.

⁴³² мисуак ағашы

⁴³³ демді ішіңе тарт

⁴³⁴ кара

⁴³⁵ ойла

⁴³⁶ кезегін сақтағайсың

⁴³⁷ рет

⁴³⁸ айтайын

⁴³⁹ шай

⁴⁴⁰ байқа, зертте

Хынсырыңды салып араларына,
Суды жеткіз осылар бәріне.

Сол аяқ хынсырында еткіл тамам⁴⁴¹,
Осы сүннеттер еді, дедім нам⁴⁴².

Дәрет мустахабтарының баяны

Айтайын енді мустахабтарын,
Жаттап ал, саған дейін бәрін.

Мойын мәсіхін мустахаб біл,
Бастап жуарда оң жағынан қыл.

Мұрт, кірпік және қасың жеріне,
Мустахаб-дүр тигіз су әр жеріне.

Ал дәрет істерді пәй-дәр-пәй⁴⁴³,
Мүшелерді жуғыл суы құрғамай.

Айтқайсың тәшәһһуд пен салауат,
Оқығайсың оқитын тә'уат⁴⁴⁴.

Дәреттің басында оқымақ керек:

Бисмилләһир-рахмәһир-рахим. Бисмилләһил-әһйиул-әзим уәл-хәмду
лилләһи 'әлә динил-исләми. Аллаһуммә сәббитни 'әлә диникәл-исләми уә
'әлә суннәти нәбийүкә 'әләһис-сәләуати уәс-сәлам.

Мүшелер үш рет жуылады, алғаш жуғанында ташаһһуд, ортаншысында
салауат, үшіншісінде осы болар, дұғаларын оқымақ керек.

Ауыз жуарда оқылады:

Рабби инни 'әлә зикрикә уә шукрикә уә хусни 'ибадәтикә уә қийами
та'әтикә уә тилауәти кәлмикәл-кәрим.

Мұрынға су алғанда оқылады:

Аллаһуммә райиһни мин райихәтил-жәннәти уәрзукни нә'имән уә ә'узу
бикә мин духани жәһәннәмә.

⁴⁴¹ бәрін

⁴⁴² атап өтгім

⁴⁴³ рет-ретімен

⁴⁴⁴ дұғалар

Жүз жуарда оқылады:

Аллаһуммә бәйиз уәжһи йәумә тәбйәззу ужуһу әулийәикә уә лә тәсуәдду уәжһийу бинуни мә'рифәтикә йәумә тәсәдду ужуһу ә'дәйикә.

Оң қол жуарда оқылады:

Аллаһуммә ә'тини китаби бийәмини уә хасибни хисабән бәсийрән.

Сол қол жуарда оқылады:

Аллаһуммә лә ту'тини китаби бишимали уәла мин уәра-и захири уәла тухасибни хисабән шәдидән.

Бас мәсіхінде оқылады:

Аллаһуммә ғәшшини би-рахмәтикә уә әнзилә 'әләйя мин бәрәкәтикә.

Құлақ мәсіхінде оқылады:

Аллаһуммә әж'ални минәл-ләзинә йәстәми'унәл-қаулә фәттәби'унә әхсәнәһ.

Мойын мәсіхінде оқылады:

Аллаһуммә ә'тик рәкәбәти минән-нәри уә нәжжини минәс-сәласили уәл-ә'лали

Оң аяқ жуарда оқылады:

Аллаһуммә сәббит қадәмийә 'әләс-сиратил-мустақими йәумә тәзуйлу фиһил-әқдами

Сол аяқ жуарда оқылады:

Аллаһуммә әж'әл сә'ий мәшкурән уә зәнбий мәғфурән би рәхмәтикә йә әрхәмәр-рахиминә.

Уздан соң оқылады:

Аллаһуммә әж'алний минәт-тәууабийнә уә әж'алний минәл-мутатаһһиринә уә әж'әлни мин уәрәсәти жәннәтин-нә'ими уә жә'әлний минәл-ләзинә лә хәуфун 'әләйһим уә ләһум йәхзәнунә.

Дәрет мәкруһтарының баяны

Енді мәкруһтарды дейін, есіт,
Суды бетіңе қатты ұрма, жігіт.

Себепсіз мүшеңе салып назар,
Қарамағың егер қажет болса не зарар?

Сол қолмен алмағыл суды,
Мұрын, аузыңа, есінде сақта мұны.

Оң қолмен мұрныңды сықпа,
Сөз айтпа, дәретте айқайлама.

Етікке мәсіх мәселесі

Егер киіп сен етік таһарат-лық⁴⁴⁵,
Егер дәрет сынса мәсіх қыл бұл шак.

Тарт ол саусағыңды жоғарыға,
Аяғың ұшынан тобық сарыға⁴⁴⁶.

Үш қол жеріндей мәсіх бәс⁴⁴⁷-түр, біл,
Мейлі ұзын, мейлі көлденең қылғыл.

Төрт саусақпен мәсіхті қылсаң лик⁴⁴⁸,
Асығыңа дейін бар-дүр әула дик⁴⁴⁹.

Мәсіні (егер) етігіңе сен қылсаң,
Қылма саусақтарыңның ұшымен.

Қажет емес бұл еткік болғай,
Өзгенің үкімі дейін, қалай болғай?

Араби⁴⁵⁰ болса сенде мейлі чарық⁴⁵¹,
Тобығыңа дейін керек онда жабық.

Бірақ журабқа⁴⁵² мәсіх сен қылма,
Матадай нәрсеге дұрыс білме.

Болса жураб муна'ал⁴⁵³ һәм тәндар⁴⁵⁴,
Оған сол кезде мәсіх тарту бар.

Мәсіх жасар жер болса егер жыртық,
Болса үш саусақтың жеріндей ашық.

⁴⁴⁵ дәретті

⁴⁴⁶ дейін

⁴⁴⁷ жеткілікті

⁴⁴⁸ бірақ

⁴⁴⁹ тағы жақсы

⁴⁵⁰ араб қауымына тиесілі

⁴⁵¹ теріден жасалған жеңіл аяқ киім

⁴⁵² шұлыққа

⁴⁵³ қонышы

⁴⁵⁴ бинт, ақ дәке

Мәсіх ол нәрсеге емес жайыз⁴⁵⁵,
Оған сені мәсіх қылмағыл һәргиз⁴⁵⁶.

Мерзімі бар үкіміне түн мен күн,
Бар жолаушыға бірақ үш түн мен күн.

Басталуы дәрет бұзылуынан-дүр,
Факиһтардан бұл сөз айтылған-дүр.

Аяғы болса мәсіне мүддәт⁴⁵⁷,
Не етікті шығарсаң етікті сол мезет.

Егер дәрет бар болса аяқ жу, бәс⁴⁵⁸,
Қылма бастан бетке⁴⁵⁹, қажет емес.

Шығарар әдейі егер табаның,
Көбі балтырыңа келсе, біл сенің.

Мәсің сол кезде болады батыл⁴⁶⁰,
Тарт мәсіхті һәм аяғыңды жуғал.

Жол жүрер уақыт, жерінен қауак⁴⁶¹,
Табаның болса мәсіхіңе жоқ, бақ⁴⁶².

Бір аяқ шықса мәсіх мубәттил⁴⁶³-дүр,
Осылар шарифатшылардың тілі-дүр.

Мәсіхтен кейін аяқты қылса су өл⁴⁶⁴,
Асығыңа дейін егер жетсе бұ өл.

Мәсіх жойылады себебі бар мұндақ⁴⁶⁵,
Болмады бәрін мәсіхпен жумақ.

Егер етікті муқим⁴⁶⁶ қылса сапар,
Үш түн-күнге дейін мәсіх оған бар.

Егер етікті жолаушы болса муқим,
Түн-күн мәсіх қыл оған тәлім.

⁴⁵⁵ дұрыс емес

⁴⁵⁶ ешқашан

⁴⁵⁷ уақыт, яғни мәсіх бітуінің соңғы күні

⁴⁵⁸ жетер

⁴⁵⁹ яғни, бүтіндей қайта дәрет алу

⁴⁶⁰ жалған

⁴⁶¹ жарық, тесік

⁴⁶² қара

⁴⁶³ жоққа шығарушы

⁴⁶⁴ дымқыл, ылғалды

⁴⁶⁵ бұлай

⁴⁶⁶ тұрақты адам, яғни үйде отырған адам

Таяммум мәселесі

Уақыт болар киелі болар топырақ,
Суға сол кезде болар бәсеке топырақ.

Су жырақ болса сенен жер бір мил,
Сен намазың үшін таяммум қыл.

Төрт мың-дүр қадаммен бір мил,
Бір куруһ⁴⁶⁷ оны Үнді елі дер, біл.

Деді олар бір жарым қары бұл қадам,
Бір қары, біл болар алты тұтам.

Бір тұтам төрт елі, және бір елі,
Алты арпа кеңдігі болды, біл бұл білігі⁴⁶⁸.

Не бір үмметке бейнеті жетсе,
Су зиян жетуінен қауіп етсе.

Не уақытша сенен тазаланбаса,
Су таһарат қылуға жетпесе.

Не бағасы бұл судың болса ауыр,
Қыл таяммум, солай болсын бұл әрбір.

Бұл екі шарт бар бийабанда⁴⁶⁹,
Суға қажеттілік болса онда.

Не болса да жер жынысынан⁴⁷⁰,
Әк, топырақ, құм, сүрме бігін⁴⁷¹.

Осылармен сен таяммум қыл,
Болды дұрыс бұлармен, білгіл.

Топырақпен тағы мужәууэз⁴⁷²-дүр,
Қыл таяммум мұнда сөз аз-дүр.

Топырақтың жері пәк болуы керек,
Қалмайды бұл істе күдік пен шәк.

⁴⁶⁷ ұзындық өлшемі

⁴⁶⁸ ұғым

⁴⁶⁹ айдалада

⁴⁷⁰ жерден

⁴⁷¹ секілді

⁴⁷² рұқсат етілген

Таяммум парызының баяны

Біл, таяммумға төрт парыз болар,
Білмек оларды сияқты қарыз болар.

Біреуі – жер топырағын таза еткіл,
Және ниетті мына жолмен қылғыл:

«Ниет еттім таяммум алмақ үшін,
Маған намазым мубах болсын».

Және екі қолды топыраққа,
Ұр таяммум ісін қылмаққа.

Сұрткіл жүзіңе қолдарыңды,
Есіңе алғыл таяммум істеріні.

Біл, топырақты біраз сұртпектік,
Түп-түбіне оны жеткізбектік.

Дұрыс емес болар таяммумда,
Әсері жеткілікті болар таяммумда.

Және топыраққа қол тигізуменен,
Сұрт қолдарға екі тірсекпенен.

Сен таяммумда осы мәселе біл,
Жаса саусақтардың арасын тәхлил⁴⁷³.

Онда былғанбаған су-дүр,
Ғұсыл уәжіп болса да іс осы-дүр.

Осы шарттармен таяммум қыл,
Болса әр уақыт. Әр намазды өтегіл.

Мутаяммум⁴⁷⁴ мына неше істі қылар,
Үзірсіз су барында кімде-кім білер.

Бір-бірлеп айтай есіткіл, ей, һәмдәм⁴⁷⁵,
Мессе қыран һәм духул мешіт⁴⁷⁶ һәм.

Өлім қаупі болса, болса һәм су пәдид⁴⁷⁷,
Өте өлік⁴⁷⁸ намазы мен және айт⁴⁷⁹.

⁴⁷³ байқа

⁴⁷⁴ таяммум алушы

⁴⁷⁵ жолдас

⁴⁷⁶ мешітке кірерде

⁴⁷⁷ табылса

⁴⁷⁸ жаназа

⁴⁷⁹ яғни, айт намазын

Таяммум кемшіліктерінің баяны

Барлық нәрсе дәрет кемшілігі болар ол,
Біл таяммумға да зиян берер ол.

Және жеткілікті суға егер құдірет,
Тапса, сынар таяммум сол мезет.

Намаз уақыттарының баяны

Парыз білгіл намаздың уақытын,
Уақытсыз істі пайда қылмақтан.

Бес болар уақыты бір түн-күнде,
Күдік һәм күмән жоқ-дүр мұнда.

Алты сыртқы парызға дахил⁴⁸⁰,
Уақыт төртінші парыз-дүр білгіл.

Баршадан бұрын таң намазын өте,
Бар болар уақт-е субх-е казиб⁴⁸¹, өте.

Бар ұзын, жіңішке. Жарық-дүркім,
Біл, көкжиек деңгейіне мұны қаим⁴⁸².

Дұрыс болды бұл таң болса сахур⁴⁸³,
Мұнда құптан намазын қылса болар.

Және мұның соңында шығыс сары⁴⁸⁴,
Көрінер біреуі жарық әсері.

Бұл көкжиектің ұзындығына тартар,
Барғанынша жарықтығы артар.

Дін иелері жетекші етілер,
Субх садикты⁴⁸⁵ бұл субхты⁴⁸⁶ деді олар.

Білгейсің таң намазының уақытын,
Осу таң басында болмақтығын.

⁴⁸⁰ кіретін

⁴⁸¹ жалған таңғы уақыт

⁴⁸² тұрушы

⁴⁸³ сәресі ішетін уақыт

⁴⁸⁴ жақта

⁴⁸⁵ шынайы таң

⁴⁸⁶ таңды

Күн шығар кезде бітуі оның,
Бұл арада болар орындалуы оның.

Және уәқт-е намаз-е пишин⁴⁸⁷-дүр,
Оған, білгіл, бұл түрі дайын-дүр.

Әуелі күннің ауғанынан,
Саялардың ұзын болуынан.

Екі есе болғанша бұл көлеңкелер,
Біл, бесін өтер, кісілер өтер.

Бірақ түс саясын бұлармен көр,
Болғанша осыларша сен қыла көр.

Өтесе бесін, намаздігер-дүр,
Сен ойлама аралық бар-дүр.

Деді олар асыр уақытын мұнша,
Орындағыл күн батқанынша.

Батысымен күн шам намазы болар,
Демегіл, уақыты барша тамам болар.

Шапақ кеткенше бұл уақыт бар-дүр, біл,
Бар шапақ күн батар тарапта қызыл.

Бұ шапақ ғайып болса құптан-дүр,
Субх-е сабиққа⁴⁸⁸ дейін уақыты болған-дүр.

Орындағыл үтір соңынан құптаннан,
Үтірді орындау кейін болар одан.

Мустахаб уақыттар баяны

Енді дейін уақыттарда истихбаб⁴⁸⁹,
Орындаңыз сол шақ намаз, ей, әхбаб⁴⁹⁰.

Күн шығар жер керек сары болса,
Фәжр⁴⁹¹ қыл уақыт егер бұл шақ болса.

⁴⁸⁷ бесін намазының уақыты

⁴⁸⁸ шынайы таңға

⁴⁸⁹ сауапты іс

⁴⁹⁰ сүйікті

⁴⁹¹ таң сәрі, арай

Жаз кезінде орындағыл тахир⁴⁹²,
Күн болар біртіндеп тағир⁴⁹³.

Әуелі уақытта орындағыл қыста(р)⁴⁹⁴,
Жақсырақ, егер қылайын десең істер.

Асыр соңынан қыларсың андақ⁴⁹⁵,
Күн сарыдан өте бұрынырақ.

Бірақ батыста қыларсаң тә'жил⁴⁹⁶,
Қылма соңынан оны һәм сен бәрін қыл.

Біраз кешіктірі құптанда,
Болғай алғашқы сулс⁴⁹⁷ қылғанда.

Үтір соңғы сулсі⁴⁹⁸ әула⁴⁹⁹-дүр,
Егер саған сенім пайда⁵⁰⁰-дүр.

Намазда уақыттары мен мәкруһ уақыттарының баяны

Қылмағайсың намаз үш уақыт,
Не парыз, не нәпіл, не сүннет.

Не жаназа дұрыс болар, не қаза,
Не тілауат қыларда сәжде рәуа⁵⁰¹.

Күн шығар шақ, күн батар шақ-дүр,
Және бір уақыт күн түс болуы-дүр.

Бірақ ол асырды сен қыласың,
Күн батарын білесің.

Рақағатын қылсаң егер күн барында,
Өзгесін қыл күдік жоқ барында.

Біл, бұ үш уақыттан болар бұл шақ,
Бұл осы уақыт болар қылмақ.

⁴⁹² соңынан, яғни кештетіп

⁴⁹³ өзгерер

⁴⁹⁴ яғни, қыс мезгілінде ертерек орында

⁴⁹⁵ солай

⁴⁹⁶ асығарсың

⁴⁹⁷ үштен бірі

⁴⁹⁸ үштен бірі

⁴⁹⁹ тағы жақсы

⁵⁰⁰ яғни, саған сенім артық болса

⁵⁰¹ дұрыс

Бұл тағы бар жиркеніштікпен,
Осы айтып өткен сипатпенен.

Қылмағыл нәпілді екі сағат,
Болды қарсы онда бұл тағат⁵⁰².

Асыр уақыты мен таң шапағы-дурур,
Қылма не ақысы, не сауабы-дурур.

Бірақ болса жаназа менен қаза,
Қыл бұл уақыттарда болды рәуа⁵⁰³.

Қыбла мәселесі

Болды бір парыз қыблаға қарау,
Шарт болар шарифат сөзі ғой бұлай.

Мекке тұрғыны осы сөз білсін,
Жүзін Қағба тарапқа қылсын.

Жырақ болған кісі, есіт, нетер?
Бағытына жүзін қылса жетер.

Бағыты егер саған емес мәлім,
Кісіден сұра болар ол мәфһум⁵⁰⁴.

Бірақ жерлікті қажет болар бұ кісі,
Ол уақытта болмайды зерттеу ісі.

Жергілікті адам болмаса тәхәрри қыл⁵⁰⁵,
Бір бағытқа күмән қылып орындағын.

Осы жолмен намаз қылдың,
Қыбла жаққа еместі кейін білдің.

Және қылма бұл ісің ғой құп,
Бұл намазың сенің болар мәхсуб⁵⁰⁶.

Егер намаз ішінде пайда болса жиһәт⁵⁰⁷,
Жүзінді бұр сол жаққа сол сәт.

⁵⁰² құлшылық

⁵⁰³ дұрыс

⁵⁰⁴ түсінікті

⁵⁰⁵ зертте

⁵⁰⁶ есептеледі

⁵⁰⁷ ынта

Қауіп уақытында білгін, ей, бәрна⁵⁰⁸,
Көлік үстінде барлық намаз рәуа⁵⁰⁹.

Нәпіл үзірсіз һәм дұрыс-қой, біл,
Көлік үстінде жақсы орындағын.

Бірақ тәхримә⁵¹⁰ уақыты, ей, дана,
Қыблаға жүзінді қыл, біл, әула⁵¹¹.

Кеме ішінде намаз дұрыс, біл,
Отырып не тұрып орындағын.

Кеме бұрылса, сен ары бұрыл,
Қай жақ қыбла сол жаққа бұрыл.

Бірақ бір рет қылмағын әрекет,
Басқа-басқа аяқтарыңды тербет⁵¹².

Намаз ниетінің мәселесі

Біл, алтыншы парыз – ниет қой,
Намаз ішінде шарт сиххат⁵¹³ қой.

Ниет етпек көңілде парыз дегіл,
Тілмен демекті сүннет біл.

Біл, тәхримә⁵¹⁴ менен ниет ара⁵¹⁵,
Артық болмасын қыларда ада⁵¹⁶.

Бұл кезде Тәңірімен әзір бол,
Дайында өзіңді жәм'-е хатир⁵¹⁷ бол.

Кемшіліксіз біл мұны намаз болар,
Бұл намазыңа біл не ат болар.

Егер бұл дегенше болмасаң әзір,
Дұрыс емес саған, дедім заһир⁵¹⁸.

⁵⁰⁸ жігіт, бауырым

⁵⁰⁹ дұрыс

⁵¹⁰ намазды бастау тәкбірі

⁵¹¹ тағы жақсы

⁵¹² қозға

⁵¹³ дұрыс

⁵¹⁴ намазды бастау тәкбірі

⁵¹⁵ арасында

⁵¹⁶ орындарда

⁵¹⁷ ойыңды жина

⁵¹⁸ сырты

Бірақ көңлінде таң намазы болса,
Жаңылып тілің оны шам десе.

Ол көңілдегі киелі ғой біл,
Қарызың көңілде бар ғой, біл.

Ниет етуді мен қылайын саған арыз⁵¹⁹,
Нәпілді нәпіл де, және парызды парыз.

Уәжіп болса де оған уәжіп ат,
Сүннет болса айтарсың сүннет.

Кімде-кім шариғат сөзіне бақты⁵²⁰,
Уақыты болса етсін осы уақыты.

Бірақ бұл сөзді жұмада демегіл,
Егер айтсаң дұрыс емес қой, біл.

Шарт емес имамдыққа ниет, біл,
Бірақ ең жақсысы мынау, ниет қыл.

Шарт қой ниет ұюға, білің(дер),
Әр амалды біліп, жерінде қылың(дар).

Намаздың ішіндегі алты парызының баяны

Енді дейін алты парыз дахилды⁵²¹,
Бұл мәселеге сөйлетейін тілді.

Бәрінен бұрын бар ғой тәкбір,
Мұны тәхримә⁵²² дер сағир-у кәбир⁵²³.

Дегіл, «Аллаһу әкбәр», сол кезде,
Не бұл мағынада де нәрсе онда.

Созба «ба» және «ра» арасында,
«Ра»-ны шешім еткін адасында⁵²⁴.

Мұны тәхримә біл, неге дейді,
Әр мубахыны бұл харам етеді.

⁵¹⁹ айтайын

⁵²⁰ қараса

⁵²¹ ішіндегіні, яғни намаздың ішіндегі алты парызды

⁵²² намаз басындағы тәкбір

⁵²³ үлкен-кіші

⁵²⁴ орындалу барысында

Демек, жемек һәм және ішпек,
Бәрін харам етер бишәк⁵²⁵.

Ниет еткіл тағы қолыңды көтер,
Бұрын қолыңды көтерме, ей, сәруар⁵²⁶.

Қиям мәселесі⁵²⁷

Біл, екінші парыз болды қиям,
Үзірсіз қиямсыз қылма тамам⁵²⁸.

Біл қиям азырағын, ей, дана,
Болса тәхримә⁵²⁹ тұрғаныңда ада⁵³⁰.

Қүдіреті жоқ кісі мұны білсін,
Отырып болмаса, жатып қылсын.

Егер намазың парыз болса, ей, жар,
Парыз білгіл қиямды зинһар⁵³¹.

Нәпіл мен сүннетте ықтиярың бар,
Тұрар һәм отырарда сен мухтар⁵³².

Жақсырақ ол болар кісі тұрса,
Ним-музд⁵³³ болды ол отырса.

Бірақ таң сүннетінде отырма,
Мұнда отыруыңды дұрыс көрме.

Қырағат мәселесі⁵³⁴

Және бір парыз біл, қырағат-қой,
Біл, Құран оқуға бұл ат-қой.

Парыз болса намаз, біл, мұндақ⁵³⁵,
Екі ракағатта парыз ғой оқымақ.

⁵²⁵ күдіксіз

⁵²⁶ адамзат

⁵²⁷ намазда тұру

⁵²⁸ бітірме

⁵²⁹ намазды бастау тәкбірі

⁵³⁰ орындап тұрғаныңда

⁵³¹ міндетті түрде

⁵³² еріктісің

⁵³³ жарты пайда яғни, толық емес

⁵³⁴ намазда сүре оқу

⁵³⁵ осылай

Уәжіп, нәпіл мен сүннетте,
Парыз білгін барша ракағатта.

Егер бір аят оқысаң, оқы ұзын,
Қысқа аят егер болса үш болсын.

Рукуғ мәселесі⁵³⁶

Және бір парызды рукуғ білің(дер),
Қылар істі жалғасымен қылың(дар).

Иіліңіз қолыңызды қойып тізеге,
Не дейтінді мен айтайын сізге.

Бас пен арқа мойынды түзу етің(дер),
Әр намаз істерін сендер түзетін(дер).

Мұнда тәспі бір дегенше тұрың(дар),
Уәжіп осы тұруды мұнда көрің(дер).

Үш демекті бірақ сүннет дең(дер),
Мейлі тәспі кеш дең(дер), не барша дең(дер).

Сәжделер мәселесі

Сәжде болды бесінші парыз, есіт,
Бірақ екі сәжде парыз болды, жігіт.

Қолдарың жерге қой, арасына бас,
Сәжде қылғыл бұ түрі, ей, қардаш⁵³⁷.

Сәжде амалын десең, аңлай⁵³⁸,
Жерге қойғын мұрын мен маңдай.

Мұнда тәспі айт және қыл арам⁵³⁹,
Бұл екеуінде ракағат секілді тамам.

Мұны білгіл сәжде етер хин⁵⁴⁰,
Аяғың болмасын қашық жерден.

⁵³⁶ намазда иіліп тұру

⁵³⁷ бауырым

⁵³⁸ білейін

⁵³⁹ тыныш тұр

⁵⁴⁰ кезде

Бір аяқ тұрса бар кәраһийәт⁵⁴¹,
Екеуі тұрса басынан ет ниет.

Қуғуд мәселесі⁵⁴²

Қылды алтыншы парыз соңғы қуғуд⁵⁴³,
«Әт-тәхийәт» оқығанша мә'буд⁵⁴⁴.

(Намазда) ұюшы осы мәселе білсін,
Ташаһһудка дейін муафәқәт⁵⁴⁵ қылсын.

Алты сыртынан⁵⁴⁶ болды уақыт себеп,
Бесеуін шарт айналасында санап.

Алты дахилда⁵⁴⁷ қағда⁵⁴⁸ мен тәкбір,
Шарт, біл өзге рүкін, дейін бір-бір(леп).

Намаз уәжіптерінің баяны

Міне, айттым намаз парыздарын,
Түсіндірейін енді уәжібін бәрін.

Тұт құлақ, ей, мусалли-е талиб⁵⁴⁹,
Біл, жиырма екі ғой уәжіп.

Жетеуін халық білесін, ей, жар,
Әр намазханға әр намазда бар.

Бірі – «Аллаһу әкбәр» болды, есіт,
Тәхримә⁵⁵⁰ уақытында бұл лебізді айт.

«Әт-тәхийәт» оқымақ-қой, біл,
Қағдалар⁵⁵¹ уақытында оны оқығын.

⁵⁴¹ кемшілік

⁵⁴² намаздағы отырулар мәселесі

⁵⁴³ намаздағы соңғы отырыс

⁵⁴⁴ құлшылық етуші

⁵⁴⁵ келісім

⁵⁴⁶ яғни, намаздың сыртындағы алты парызынан

⁵⁴⁷ намаздың ішіндегі алты парыз

⁵⁴⁸ отырыс

⁵⁴⁹ намаз оқушы

⁵⁵⁰ намазды бастау тәкбірі

⁵⁵¹ намаздағы отырыстар

Және тәғдил⁵⁵² рукндерде керек,
Мұны тыныштық дейді бишәк⁵⁵³.

Қыл рукуғ⁵⁵⁴ мен сужудта⁵⁵⁵ арам,
Тәспі бір дегенше там⁵⁵⁶.

Парыз, уәжіптерді жерлерінде қылып,
Орындарсың ра'ийәт-е тәртіп⁵⁵⁷.

Және бірі «Фатиханы» бір оқымақ,
Болды уәжіп есіт бар мұндақ⁵⁵⁸.

Және сәлем лебізімен шыққын,
Оқып жатқан намаздан хасил⁵⁵⁹.

Және он бесін мен айтайын нам,
Бәріне барша жерде емес 'ам⁵⁶⁰.

Сен қырағатты қылғайсың дайын,
Екі алғашқы ракағат ішінде дайын.

Нәм бұл екеуінде «Фатиха» оқығын,
Осы екеуінде «Фатиха» зам қыл⁵⁶¹.

Қылғын «Әл-хәмді» сүреге тәкдим,
Баршасын саған қылайын тәлім.

Бірақ егер болса нәпіл мен сүннет біл,
Барша ракағатта сүрені зам қыл⁵⁶².

Сүренің заммы қажет емес-дүр,
Егер бір аят ұзын болса бәс⁵⁶³-дүр.

Қысқа болса оқығын үш аят,
Не бұл үш қысқа дейін керек ғайәт⁵⁶⁴.

⁵⁵² тәртіп

⁵⁵³ күдіксіз

⁵⁵⁴ ракағаттар

⁵⁵⁵ сәжделерде

⁵⁵⁶ бәрін

⁵⁵⁷ тәртібіне назар аударарсың

⁵⁵⁸ осылай

⁵⁵⁹ пайда

⁵⁶⁰ бұқара халық

⁵⁶¹ яғни, «Фатихадан» кейін сүре оқу

⁵⁶² оқы

⁵⁶³ жеткілікті

⁵⁶⁴ қажет

Және оқы құнт әлбетте,
Үгір ішінде үшінші ракағатта.

Аллаһуммә иннә нәстә'инукә уә нәстәғфирукә уә нәстәһдикә уәнүлминү
бикә уә нәгубу иләйкә уә нәтәуәккәлу 'әләйкә уә нусни 'әләйкәл-хәйра уә
нәшкурукә уә лә нәкфурукә уә нәхлиу уә нәтруку мән йәфжәрукә. Аллаһуммә
ийәкә нә'буду уә ләкә нусалли уә нәсжуду уә иләйкә нәс'а уә нәхфиду уә нәржу
рәхмәтәкә уә нәхса 'әзәбәкә инни 'әзабикә бил-куффари мулхик.

Егер кісі білмесе құнт нетер,
«Раббәнә әтинә» оқыса жетер.

Раббәнә әтинә фил-дунийә хәсәнәтән уә фил-ахирәти хәсәнәтән уә қина
'әзәбән-нәри.

Бірақ үйренбекке ынта керек,
Ынталармен керек үйренбек.

Және таңмен шам мен құптанда,
Біл, имам оқысын жоғары онда.

Бұл-дүр ең төмені қате есітсе,
Үні елінің құлағына жетсе.

Жалғызға есіт бар жайыз⁵⁶⁵,
Оқысын мейлі пәс, мейлі аңыз⁵⁶⁶.

Абзал болды егер оқыса аңыз,
Айтатын нәрсе болса айтармыз.

Асыр мен бесінде пәс оқысын имам,
Мен айтқандай етсін тамам.

Бұл қырағатты біраз пәс етсін,
Ең азы өзі оны есітсін.

Ернін жыбырлатса көңілде түйіп,
Бұ қырағат емес болар мәхсуб⁵⁶⁷.

Егер имам болмаса есіт нетер,
Жалғыз хәм мұны амал етер.

Ұйып тұрғанында сен тік тұр,
Ұюшыға тыныш тұру уәжіп-дүр.

⁵⁶⁵ дұрыс

⁵⁶⁶ іштей

⁵⁶⁷ есептелген

Бұл кырағат кезінде сакит⁵⁶⁸,
Айтатындарды басқа кезде айт.

Ұюшы кім болса сол кезде,
Ұю керек болар онда.

Ұю деген мынау есіт, мәселе,
Ұйыса сәжде мен қағжа ара⁵⁶⁹.

Рақағатқа егер де болмаса мәхсуб⁵⁷⁰,
Болмаса һәм ұюшы-дүр құп.

Бірінші қағда болды уәжіп, біл,
Онда әр уақыт етсең отырғын.

Айттарда рукуғ тәкбірі,
Біл уәжіптен ол болар бірі.

Және тәкбірлер болар, білгін,
Екі айт ішінде уәжіп, ей, сайил⁵⁷¹.

Және бір тілауат сәждесі біл,
Сәжде ол жерге егер жетсең қыл.

Болмаса һәм намаз уәжіп-дүр,
Жетсең ол уақыт сәжде келтір⁵⁷².

Оқушы, есітуші білсін,
Жетсе егер сәжде жеріне қылсын.

Болсаң ол уақыт егер намаз ішінде,
Тәңірі құзыретінде қажет ішінде.

Егер серік болмаса оқушы біл,
Өтегеннен кейін бұл сәждені қыл.

Оқыса егер иам қыл мәлім,
Сәжде қылсын имам һәм мә'мум⁵⁷³.

Сен рукуғ етпестен бұл сәждені қыл,
Рукуғсыз жасағын бұл сәждені біл.

⁵⁶⁸ тыныш тұру

⁵⁶⁹ арасында

⁵⁷⁰ есептелген

⁵⁷¹ сұраушы

⁵⁷² жаса

⁵⁷³ ұюшы

Және бір уәжіп болды сәжде-е сәһу⁵⁷⁴,
Тәңірлік ісінде керек емес ләһу⁵⁷⁵.

Сәһу сәждесі қайсысы, білгін,
«Өт-тәхийәт» оқы тағы мұны қыл.

Салауат оқымай сәлем дегін,
Мәселе осылай болды шарифатта, біл.

Жалғыз болсаң жаса екі сәлем,
Бірақ бір жаққа қылады имам.

Сен және екі сәждені келтір⁵⁷⁶,
Орындап екі сәждені отыр.

«Өт-тәхийәт» оқы тағы салауат,
Осы секілді тамам қыл бұ салат⁵⁷⁷.

Сәһу сәждесінің уәжіптілігінің баяны

Сәһу сәждесі білгін, ей, талиб⁵⁷⁸,
Неше істен болар уәжіп саған.

Іс намаз ішінде артық етсе кісі,
Егер намаз істерінен болса ісі.

Секілді үш сәждемен екі руқуғ,
Сәһу сәжде қыл, бұл тапса уқуғ⁵⁷⁹.

Және егер тәркі болса әр уәжіп,
Сәһу сәжде қыл, ей, тәліп⁵⁸⁰.

Және нәсіп болса әр тәхир⁵⁸¹,
Парызда сәжде-дүр оған тәдбир⁵⁸².

Кешіктіру шамасы мұнша ғой білсең,
Онда бір рүкінді орындасаң.

⁵⁷⁴ сәһу сәждесі

⁵⁷⁵ ойын

⁵⁷⁶ жаса

⁵⁷⁷ намаз

⁵⁷⁸ талапкер

⁵⁷⁹ пайда болса

⁵⁸⁰ ізденуші

⁵⁸¹ кешіктіру

⁵⁸² байқа

Және күдік болса рәқағат ішінде саңа⁵⁸³,
Төрт не үш болып па мәселе?

Егер бұл күдік болса саған әуелі бар,
Өте басынан намазды зинһар⁵⁸⁴.

Егер саған бар болса бұл шәк,
Соңынан бір рәқағат онда бар өтемек⁵⁸⁵.

Сәһу сәждесін мұнда да келтір,
Сәжденің уәжіптілігін осы деген-дүр.

Сәһу егер бірден артық болса нетер,
Бірнеше болса екі сәжде етер.

Егер имамыңа сәһу уақи'-дур⁵⁸⁶,
Ұюшы біл оған таби'-дур⁵⁸⁷.

Ұюшы сәһу қылса сол мезет,
Сәһу сәждесі жоқ оған қажет.

Ұюшы сәһуді көтерсе имам,
Есіңе ал хабардар еттім.

Намаз сүннеттерінің баяны

Уәжіп, парызға осы дедім ат,
Неше екенін біл намаз ішінде сүннет.

Көтер қолыңды десең үш тәкбір,
Бірі – тәхримәде⁵⁸⁸, құнытта бір.

Және бірі айттарда тәкбират⁵⁸⁹,
Дер уақытында қол көтергіл бат⁵⁹⁰.

Ер көтерсін қолын құлаққа дейін,
Бірақ әйел қолыңды төске дейін.

⁵⁸³ саған

⁵⁸⁴ байқа

⁵⁸⁵ өтеу, орындау

⁵⁸⁶ қажет болса

⁵⁸⁷ бағынышты

⁵⁸⁸ намазды бастау тәкбірінде

⁵⁸⁹ тәкбірлер

⁵⁹⁰ барша

Тұт ашық сол кезде саусақтар,
Біл, қалай бұл жолға саусақтар.

Кіндік астында қоярсың солды,
Солдың үстінде қойғын қолды.

Соңынан тәхриәден сәна⁵⁹¹ оқығын,
Және оқы «Ә'уз» менен «бисмил».

Сухәнәкә Аллаһуммә уә бихәмдикә уә тәбәрәкәсмүкә уә Тә'ала жәддука
уә ла иләһә ғәйрук.

Және «Әмин» де «Фатихадан» соң,
Барлық істі Құдай келтірер оң.

Енді қылдың бұл төртті мәлім,
Ақырын оқысын имам һәм мә'мум⁵⁹².

Интиқалатта⁵⁹³ дегін тәкбір,
Барша жерде дегін бірақ ол бір.

Ол бірі-дүр рукуғтан шықпақ,
Осы жерде айтпағын мұндақ⁵⁹⁴.

Рүкіндерге кірерде, шықпаққа,
Деді оны интиқал мұндаққа⁵⁹⁵.

«Сәми'аллаһ» деп имам онда,
Ұюшы «Раббәнә ләкә» ол анда⁵⁹⁶.

Ұюшы осы сөзді есітсін,
Әр екеуін мұнда айтсын.

Үш (рет) дегейсің рукуғ тәспісін,
Бұл рукуғ ішінде ұстарсың тізеден.

Қаума мен рукуғ, отырыста біл,
Барша саусақтарыңды ашық ұстағын.

Сәжде мен рукуғ арасында ұстамақ,
Қаума-ғой, сүннет болды, біл мұндақ⁵⁹⁷.

⁵⁹¹ Аллаға мадақ дұға

⁵⁹² ұюшы

⁵⁹³ намазда әр амалды орындағанда

⁵⁹⁴ осылай

⁵⁹⁵ мұндайға

⁵⁹⁶ сол кезде

⁵⁹⁷ осылай

Сәждеде жеті мүшені жерге тегүр⁵⁹⁸,
Айтайын баршасын, бір-бірлеп сұр(а).

Екі қол, екі тізе, бас, екі аяқ,
Осы жетеуін жерге бар қоймақ.

Сәжде тәспісін дегейсін үш,
Осылар қылмақты біл борыш.

Екі сәжде арасында отыр,
Жәләсе дейді мұны, бір сүннет-дүр.

«Әт-тәхийәт» тан кейін салауат,
Оқымақ сүннет болды сен тоқтат.

Аллаһуммә салли 'әлә Мухәммәдин уә барикә 'әлә Мухәммәдин уә 'әлә
'али Мухәммәдин кәма салләйтә уә барәкәтә уә сәлләмтә 'әлә Ибраһимә уә
'әлә алиһи Ибраһимә раббәнә иннәкә хәмидун мәжид».

Жүзінді бүр оңға, солға бер сәлем,
Осы секілді намаз қыл итмам⁵⁹⁹.

Барлық істе имамға мә'мум⁶⁰⁰,
Ұю керек қылындар мәлім.

Намаз мустахабтарының баяны

Енді айтайын намаз мустахабын,
Және түсіндірейін оның әдебін.

Келсе егер есінегің, ауыз жапқын,
Жөтелің тоқтатып сабырлық қыл.

Мұны біл мустахаб қырағаттан,
Оқымақтық артық үш аяттан.

Сен рукуғ кезінде мұны біл,
Бас, арқа, бойыңды түп-түзу қыл.

Сәжде қылмақта тізе, қолың және бас,
Қой, тұрмақта керісінше, ей, қардаш⁶⁰¹.

⁵⁹⁸ жеткіз

⁵⁹⁹ бітір

⁶⁰⁰ үюшы

⁶⁰¹ бауыр

Сәждені екі кол арасында қыл,
Онда саусақтарың жабыстырғын.

Сәжде етер шақта сен мұны біл,
Барша саусақ ұшын қыблаға қыл.

Болса егер маңдайың жер, топырақ,
Тазалама намаз ішінде мутлақ⁶⁰².

Себебі намаз ішінде ұстарсың тік,
Ұста аяқтар арасы төрт елі.

Қағдада аяққа қоярсың қолдар,
Көрсетейін саған шарифатта жолдар.

Сол аяқ жеріне қойып отыр оған,
Оңды тербетпек болды саған.

Жаса дұрыс неше жерде керек,
Табаның тік тұрар бұл шақ бишәк⁶⁰³.

Бірақ әйел қай жерге отырды,
Аяқ ұштары оң жаққа тұрды.

Біл имамына мустахаб болды,
Оқымақтық қырағат-е мәруи⁶⁰⁴.

Айт тәспілерді үштен көп,
Бірақ тақ айтпақты көргін құп.

Қол қарыннан жырақ, қарыннан тұт,
Пұт аяқтан, аяқты жерден тұт.

Қыл рукуғ һәм сужудта мұндақ⁶⁰⁵,
Бірақ әйелге керісінше қылмақ.

Рақағат төрт парыз болса мұны біл.
Ең соңында «Фатиха» оқығын.

Және «Әл-хәмд» басында керек,
Барша рақағатта «Тәсмие»⁶⁰⁶ бишәк⁶⁰⁷.

⁶⁰² ешқашан

⁶⁰³ күдіксіз

⁶⁰⁴ түсіндірілген қырағат

⁶⁰⁵ былай

⁶⁰⁶ «Бисмилләһир рахмәнир рахим» деп айту

⁶⁰⁷ күдіксіз

Мұны жазылған біл әрбір имам,
Тұрғын сол шақ қылса екі сәлем.

Жүзін бұрсын имам оң жағына,
Фәжр мен асырда осы ғой аңа⁶⁰⁸.

Егер болса намазхан қарсысында,
Дұрыс емес қой тура қарсысында.

Намаз әдептерінің баяны

Түсіндірдім осы мустахабтарды,
Енді айтайын намаз әдептерін.

Қыл қиям ішінде сәжде жеріне назар,
Қара аяққа осы бар рукуғ егер.

Сәжде қылғанда мұрныңа қарағын,
Қойныңа қағда болса осындай қыл.

Егер азаншы айтса «Хәййә ’әлә»,
Тұрыңыздар намаз оқуға ада.

Десе «Қадду қамат» етуші ауаз⁶⁰⁹,
Қыл имам онда сен шуру’-е нәмаз⁶¹⁰.

Намаз мубахтарының баяны

Неше іс-дүр мубах, шарифат деміш⁶¹¹,
Егер намаз ішінде пайда болса ол іс.

Оң мен сол (жаққа) жүз бұрмастан көрмек,
Егер жылан оқталса өлтірмек.

Денеге жабысса киім рукуғ ара⁶¹²,
Жөндемек ол киімді болды рәуа⁶¹³.

Нәпіл егер болса есіт, ей, қары⁶¹⁴,
Біл, мубах, болды сүре қайталауы.

⁶⁰⁸ оған

⁶⁰⁹ деп айтса

⁶¹⁰ намазды баста

⁶¹¹ дейді

⁶¹² ракағат жасап жатқан кезде

⁶¹³ дұрыс

⁶¹⁴ оқушы, қары

Намаз мәкруһтарының баяны

Егер мәкруһтарға кезек-дүр,
Біл, не істерге осы түр ат-дүр.

Бірі – қайталауың тәкбір,
Сүннетті тастау деп білерсің және бір.

Санамақтық қолменен аят,
Оқылатынды оқымақ пат-пат⁶¹⁵.

Және қылмақ руқуғ ішінде, ей, хам⁶¹⁶,
Қылатын қырағатың итмам⁶¹⁷.

Интиқалатта⁶¹⁸ демектік зікір,
Ету намаз ішінде және пікір.

Және белгілі сүре-дүр білсең,
Егер айқын намаз ішінде қылсаң.

Сүрелер басында «Бисмилләһ»,
Болды мәкруһ оқымақ ол гаһ⁶¹⁹.

Сүрелер бәрінің орындалуында,
Қысқа сүре болса арасында.

Төменгі сүрені жоғары оқымақ,
Болды мәкруһ бұл тағы андақ⁶²⁰.

Парыз болса екінші ракағатта,
Оқымақтық ұзын осы мұрсатта.

Аят пен сүреде және тәқрар⁶²¹,
Қылмаған-дүр кәраһийәт⁶²², ей, жар.

Және қылмақ руқуғде төмен бам,
Сәжде етер жерден және тазартпақ тас.

Жерге қол қоймағын бұрын тізеден,
Керісінше қоймақта сен есіт бізден.

⁶¹⁵ асығыс-үсігіс

⁶¹⁶ бауыр

⁶¹⁷ аяқтау

⁶¹⁸ намаз ішінде көшу

⁶¹⁹ сол кезде

⁶²⁰ солай

⁶²¹ қайталау

⁶²² жиіркенішті

Жеңде қол жоқ намаз қылмақтық,
Ауыз, қолда әр нәрсе ұстамақтық.

Ауыз, көзді үзірсіз жаппақ,
Жапқын ауызыңды болса есінер шақ.

Және айқастырмақ аяқтан-аяқ,
Отырғанда табанға отырмақ.

Тисе жерге белің, қарын тізеге,
Ерге мәкруһ-дүр, дейін сізге.

Бүгіліп және иттей отырмақ,
Және байлап аяқтарың құрмақ.

Сиыр секілді бас салып сәлем етпек,
Асығып рукінді аяқсыз етпек.

Тіс арасындағыны жұтпақ,
Қауыштырмақ оны бар бағлық⁶²³.

Болса маңдайда егер тер мен топырақ,
Болды мәкруһ оны сүртпек.

Және қолды мықынға қоймақ-дүр,
Жақсы иіс иіскемек һәм солай-дүр.

Егер жайнамазда бар (болса) шөп-шалаң,
Біл, мәкруһ болды киім аямақ.

Және есітпегенше күрсінбек,
Және ауыз суын түкірмек.

Киетіндерді кимек һәм салмақ,
Ер амалмен һәм болар мұндақ⁶²⁴.

Тақпақ алтынды және жібек кимек,
Ерге мәкруһ болды, біл бишәк⁶²⁵.

Болмаса һәм намаз болар мәкруһ,
Тағушы, киюші жегей әндүһ⁶²⁶.

Есінемектік және керілмектік,
Керек елге бұларды білмектік.

⁶²³ байлаулы

⁶²⁴ мұндай

⁶²⁵ күдіксіз

⁶²⁶ өкініш

Қарсы алдында от пен кісі болмақ,
Желпімек намаз ішінде мутлақ⁶²⁷.

Және бармақ намазға жүгіріп,
Именіп және жеңінді түріп.

Және саусақтарыңды сықырлатпақ,
Бір нәрсеге және сүйеніп тұрмақ.

Және бір бұл бас жалаң өтемек,
Болды мәкруһ осы рең өтемек.

Бесін, шам және құптан парызын,
Қылса мәкруһ болар кешіктірсе кейін.

Және бұл имам ұзын оқыса,
Қараса жамағат оны не үшін оқыса.

Бұл тағы бар жиіркенішті, сен біл,
Жамағаттың ойы үшін тә'жил⁶²⁸.

Және қылмақ болар имам хайал⁶²⁹,
Келетін адам үшін бұл махал⁶³⁰.

Және болмақ имам онсыз жерде,
Бір қары жоғары және сыз жерде.

Болса михраб тағы сол жерде,
Жалғыз болмағы имам онда.

Сәжде аяты есіт мұндақ⁶³¹,
Төмен оқырда имам оны оқымақ.

Рүкіндерде имамға сыбқат⁶³²,
Біл, бар ғой бұл іс кәраһийәт⁶³³.

Және үюшы онсыз демек тәкбір,
Дауыстап күндізгі нәпіл ғой және бір(i).

⁶²⁷ тіптен

⁶²⁸ асығыс

⁶²⁹ ой, пікір

⁶³⁰ осы уақыт

⁶³¹ мұндай

⁶³² намазда имамнан бұрын рүкіндерді орындамақ

⁶³³ жиіркенішті

Айәт-е уә' дә уә уа' ид⁶³⁴ есіт,
«Садақаллаһ» демек бұл жерде, жігіт.

Неше жерде намаз болар мәкруһ,
Кімде-кім білмесе, жейді көп әндуһ⁶³⁵.

Қора, мал қора ішінде кесенеде,
Нәжіс қарсысында және жол ортасында.

Біл, әйелге мешіт ішінде намаз,
Болды мәкруһ, сен есіткін раз⁶³⁶.

Болса үйдің ішінде жаман зат,
Не киім, үйде болса егер сурет.

Бірақ жандының болса бұл сурет,
Оған болсын бүтін барша һәйәт⁶³⁷.

Болса бар осы суреттер,
Біл, жиіркенішті ол намазда бар.

Осы істер мен кәйфийәт⁶³⁸,
Дедім баршасына бір-бір ат.

Біл, мәкруһ болар намаз ара⁶³⁹,
Болса осылар орнына келтір байқа.

Намаз бұзылуының баяны

Неше істен намаз болар фасид⁶⁴⁰,
Айтайын үйренуге көрсет жидд⁶⁴¹.

Үзірсіз парызды тастау муфсид⁶⁴²,
Мейлі ұмытып, мейлі етсе қасид⁶⁴³.

Оқитының болса тәғирі⁶⁴⁴,
Біл, муфсидтен ол болар бірі.

⁶³⁴ яғни, Алланың аяты оқылғанда

⁶³⁵ өкініш

⁶³⁶ сыр

⁶³⁷ қазылар алқасы

⁶³⁸ мәселелер

⁶³⁹ ішінде

⁶⁴⁰ бұзылады

⁶⁴¹ ынтанды

⁶⁴² азғындық

⁶⁴³ әдейі

⁶⁴⁴ өзгерсе, яғни оқитын нәрсені басқаша оқыса

Біраз өзгерсе муфсид де,
Өзгергенде қалмаса мағына⁶⁴⁵.

Немесе бұл өзгерсе егер фахиш⁶⁴⁶,
Қой намазыңды оқы бастан іс⁶⁴⁷.

Сөз демек көп болар, егер аз болар,
Біл, ол намазды бұзушылар болар.

Түшкіргенге егер берсең жауап жігіт,
Не сәлем болса, не әлейк⁶⁴⁸ есіт.

«Жәллә»⁶⁴⁹ десең дегенде Тәңіріге ат,
Не нәби⁶⁵⁰ атына десең салауат.

Осыларды намазды бұзушы біл,
Егер намаз ішінде болсаң бұларды демегін.

Және тәлім мен үйретуші біл,
Осы екі істі дегін мубәттил⁶⁵¹.

Және бір нәрсеге талап болар,
Оны халықтан сұрап болар.

Және Құранды көріп оқымақ,
Бұл тағы муфсид⁶⁵² болды біл мұндақ⁶⁵³.

Және еңіремек, ыңкылдамақ «ah-yh»,
Муфсид болды бұлар болыңдар ағah⁶⁵⁴.

Екі қолыңмен егер іс қылсаң,
Бір жолы муфсид болды, сен білсең.

Бір қолыңмен қылсаң ер үш іс,
Болса бір рүкінде бұл муфсид еміш⁶⁵⁵.

⁶⁴⁵ яғни, оқығанда мағынасы өзгеріп кетсе

⁶⁴⁶ дөрекі

⁶⁴⁷ яғни, қайталап оқы

⁶⁴⁸ яғни, сәлемдескенде

⁶⁴⁹ түшкіргенге жауап беру

⁶⁵⁰ пайғамбар

⁶⁵¹ жоюшы

⁶⁵² азғындық

⁶⁵³ осылай

⁶⁵⁴ хабардар

⁶⁵⁵ екен

Сәждеде тұрса жерден екі аяқ,
Бұл тағы муфсид болды, біл мұндақ⁶⁵⁶.

Және жол жүрмек болар мубәттил⁶⁵⁷,
Жүрсең үш қадамдай муфсид біл.

Және ішпек, жемек болар мубәттил,
Күлмек дауыспен тағы мубәттил біл.

Дауыстап жыласаң бұл муфсид еміш⁶⁵⁸,
Алайда болар талап Құдайлық іс.

Және күрсінбе өзің есітетіндей,
Муфсид болды бұл іс, біл мұнша.

Және муфсид болар жөтелмек, біл,
Болса үзірсіз бар болар мубәттил.

Қыбладан өзге жаққа жүзі болса,
Муфсид болар және көкірегін бұрылса.

Әуреттің ашылуы және мубәттил,
Төрттен бірінен көбірек болса мубтил, біл,

Және бір муфсид нәжістер біл,
Одан өзіңді сен жырақ ұстағын.

Бұл нәжасаттың екі түрін де біл,
Дирхем мен руб'ді⁶⁵⁹ есіңе ал.

Әдейілеп дәретті сындырмақ,
Муфсид болды бұл іс, біл мұндақ⁶⁶⁰.

Мутәйәммум⁶⁶¹ егер суды көрсе,
Бұл тағы муфсид болды, деңдер сұраса.

Уақыттың шықпағы болар мубәттил,
Үзір иесіне бұл мәселені біл.

Және тәртіп егесі есітсе,
Қаза болған намаз есіне тұссе.

⁶⁵⁶ осылай

⁶⁵⁷ жоюшы

⁶⁵⁸ екен

⁶⁵⁹ төрттен бірі

⁶⁶⁰ былай

⁶⁶¹ таяммум алған адам

Фасид болды⁶⁶² намаз оған білсін,
Мұны қойсын, қазасын өтесін.

Бес намаздың баяны

Кімде-кім бес уақытта намаз етті,
Парыз рақағатында бар он жеті.

Екеуі таң намазы алдын болар,
Төрт басқа, бесін намаз болар.

Төрт асыр болды және үш шам,
Төрт құптан парыз болды тамам.

Төртеуінің үшеуін жолаушы өтер,
Бір түн-күнде парыз он бір өтер.

Және үш үтір ғой уәжіп болар,
Мұнда айтып өтпек лайық болар.

Енді айтайын неше екен сүннет,
Бар түн-күнде он екі рақағат.

Екіден бамдад, шам және құптанда,
Және бесіне алты ғой онда.

Жолаушы намазының баяны

Егер біреу жолға шығуды қаласа,
Мақсатының қашықтығын білсе.

Үш түн-күннен өтсе сол жолы,
Дер сапар мерзімі шарифат елі.

Бұл уақытта шарифат мұхтары⁶⁶³,
Түйенің болды орта жүрісі.

Болса тау жолы не жаяу кісі,
Орташа керек болар жүрісі.

Суда егер кеме ғой не баскасы,
Құрметті ғой оның орта серуені.

⁶⁶² бұзылды

⁶⁶³ ерікті

Егер йағаш⁶⁶⁴ пен қаласаң мықийас⁶⁶⁵,
Он сегіз біл деді шәр'шунас.⁶⁶⁶

Бір йағаш біл бар болар үш мил,
Бұрынырақ мил айтылып еді, біл.

Шықса егер ниет сапар етіп ап,
Отаның шетінен өтіп ап.

Сол кезде біл мүсәпір ол кісіні,
Сапарлық қылар бар ісіні.

Бір мүсәпірге не болар әхам⁶⁶⁷,
Тұт құлақ, баршасын қылайын и'лам⁶⁶⁸.

Бірі бұл намаз қасыр етер⁶⁶⁹,
Төрт ракағат парызды екі етер.

Егер қаза болса бұл намаз нетер?
Біл оны жолаушыдай өтер.

Бірақ сүннеттерді біл, ей, жар,
Қылып-қылмайтынына сен мухтар⁶⁷⁰.

Біліңіз осы сөзді, ей, ғұлама,
Жол жүргенде қылсаңыз әула⁶⁷¹.

Рамазан оразасына сен мухтар⁶⁷²,
Мейлі ұста, не ұстама ықтиярын бар.

Бірақ жақсысы ораза тұтпақ болар,
Нәпсінің ләззәтін ұмытпақ болар.

Ораза жеген кісі қаза қылсын,
Бірге-бір оразасын өтесін.

Және бұл жолаушы қылар,
Үш түн-күн етікке мәсіх тартар.

⁶⁶⁴ өлшем бірлігі

⁶⁶⁵ өлшеу

⁶⁶⁶ шарифаттанушы

⁶⁶⁷ үкімдер

⁶⁶⁸ айтайын

⁶⁶⁹ қысқартар

⁶⁷⁰ ерікті

⁶⁷¹ байқап

⁶⁷² еріктісің

Жетсе егер мақсатына бұл сапары,
Оны болды муқим⁶⁷³ шарифат дейді.

Немесе он бес түн мен күндіз,
Тұрмағын ниет етсе осы ғой сөз.

Осы тұрмаққа бірақ қала керек,
Болмаса қала, болса кент пен кесек⁶⁷⁴.

Ол кісінің муқим⁶⁷⁵ болар намы,
Кетер одан жолаушы әхкамы⁶⁷⁶.

Жайлауда нийәт-е иқамәт⁶⁷⁷ пенен,
Ел муқим болмайды бұл ниет пенен.

Алайда болар жайлауда отырар ел,
Шатыр не күркемен жүрер ел.

Онда әскерлері уақи'-дур⁶⁷⁸,
Патша ниетіне таби'-дур⁶⁷⁹.

Егер жолаушыға бар муқим имам⁶⁸⁰,
Бағыныштылық керек қой онда тамам.

Егер жолаушы имам болса нетер?
Ұюшы соңынан екі рақағат өтер.

Тәртіп иесінің баяны

Кей-кейде әр адамға алты салат⁶⁸¹,
Болмаған болса қаза біл оған ат.

Шарифат болды сахиб-е тәртіп⁶⁸²,
Мәселе ойында ұста есітіп.

Бұл адамға намаз болса қаза,
Өтесін әуелі сол қазаны ада⁶⁸³.

⁶⁷³ үйде отырған адам

⁶⁷⁴ қыстак

⁶⁷⁵ үйіндегі адам

⁶⁷⁶ үкімдері

⁶⁷⁷ тұрғылықты ниеті

⁶⁷⁸ орналасқан болар

⁶⁷⁹ бағынышты болар

⁶⁸⁰ яғни, имам жолаушы емес, тұрғылықты

⁶⁸¹ намаз

⁶⁸² тәртіп иесі

⁶⁸³ өтесін

Егер қаза қылмастан қылар уақытын,
Шариғат тыйым салды мұны қылмақтан.

Біл уақыты қажет емес қой аңа⁶⁸⁴,
Бұл қалғанды қылмағанша ада⁶⁸⁵.

Егер жақын болсын десең бұл қаза,
Бұл қазаны анық етсін ада⁶⁸⁶.

Кісіге егер қаза көп болса нетер,
Ол қазаны тағы анық етер.

Не бұл бастан қазаны қыл дайын,
Немесе ол бастан еткін дайын.

Біл, үш іс болды мусқит-е тәртіп⁶⁸⁷,
Айтайын, есіңе аларсың есітіп.

Бірі ұмытып болар бұлардан, біл,
Және бір уақыт тарлығын дегін.

Және бірін кәсрәт-е фәуаид⁶⁸⁸ біл,
Осы көптіктің азы алты, біл.

Сақыт болса бұл жолмен тәртіп,
Қылмас ол 'әуд⁶⁸⁹, және біл есітіп.

Әрқашан әр қазаны қылсаң қыл,
Және тәртіп қажет емес, біл.

Ауру намазының баяны

Және ауру намазын білгін,
Ауру болған бұл сөзді есіткін.

Егер шамаң келмесе саған тұрмақ,
Дұрыс болды бұл уақыт отырмақ.

Отырып һәм рукуғ пен сужуд,
Қыла алмас болсаң осы ғой биһбүд⁶⁹⁰.

⁶⁸⁴ оған

⁶⁸⁵ яғни, қазасын өтемейінше

⁶⁸⁶ орындасын

⁶⁸⁷ тәртіп түскен жер

⁶⁸⁸ пайдалардың көптігі

⁶⁸⁹ қайту

⁶⁹⁰ жақсысы

Отырып қыл ишара һәм има⁶⁹¹,
Бұл екі рүкін қыл бұл жолмен ада⁶⁹².

Бұл ишараны сен мына жолмен еткін,
Сәжде менен рукуғ парқын біл.

Бірақ ишараны қылма қаспенен,
Бұл ишараны жаса баспенен.

Бұған да егер болмаса шамаң егер,
Жатқын арқаңа сол шак, ей, сәруәр⁶⁹³.

Қыбла жаққа аяқтарыңды қылып,
Қыл намазың бұ мәселе біліп.

Азан мәселесі

Біл, бар ғой муәккәдә сүннет⁶⁹⁴,
Парыздарда азан мен қамат.

Амал ет мұны азан айтқанда,
Бар дауыспен айтындар биік жерде.

Қыбла жаққа жүзінді бұрып,
Сен дәретпен айтқын тұрып.

Дәретсіз һәм алайда болды рәуа⁶⁹⁵,
Егер дәрет болса бар ғой әула⁶⁹⁶.

Бірақ қаматты дәретсіз айтпақ,
Болды мәкруһ, білерсің бишәк⁶⁹⁷.

Сен азан айтқанда ұста бұл сөзді жад⁶⁹⁸,
Буын мен әріптерді қылма зийад⁶⁹⁹.

Уақыттарында дегін азандарды,
Қылма уақытсыз осы шараларды.

⁶⁹¹ ым

⁶⁹² орында

⁶⁹³ басшы

⁶⁹⁴ бекітілген сүннет

⁶⁹⁵ дұрыс

⁶⁹⁶ байка

⁶⁹⁷ күдіксіз

⁶⁹⁸ яғни, есінде ұста

⁶⁹⁹ көп

«Бес кісіге кәраһийәт⁷⁰⁰ қой азан»,
Десе, орындаңыз амалын сол ан⁷⁰¹.

Бірі набалиғ⁷⁰² және қатын,
Жүніп, мас және бірі мәжнүн.

Егер қазаларды қылсаң сол сәт,
Айт әуелі азанды бір нәубет⁷⁰³.

Өзгелерде азан емес қажет,
Егер айтса жеткілікті қамат.

Егер жамағатқа жетпесең білгін,
Ол азан жеткілікті, қамат қыл.

Әр кісі муқим⁷⁰⁴ емес қой,
Егер қамат айтса сол бәс⁷⁰⁵ қой.

Мешітке шақырушы азаншыға жауап,
Уәжіп болды айтпақ, ей, әхбаб⁷⁰⁶.

Қайсы болар бұл жауап, менен есіт,
Азаншы нені айтса, соны айт.

Бірақ сол сәт дегенде «Хәййә’ әләтін»,
Айт: «Лә хәулә» сонда мен айтайын.

Еш сөз деме, қылмағын еш іс,
Бұл сөз (айтар) уақыт емес, іс харам ерміш⁷⁰⁷.

Өзге мешіт азаншысына жауап,
Уәжіп емес болар, біліндер әхбаб⁷⁰⁸.

Намазды жамағатпен оқымақтың баяны

Біл, жамағат, муәккәдә⁷⁰⁹ сүннет,
Кімде-кім тәркі етсе жейді қасырет.

⁷⁰⁰ жиіркенішті іс

⁷⁰¹ сол шақ

⁷⁰² балиғат жасына жетпеген

⁷⁰³ кезек

⁷⁰⁴ үйдегі адам

⁷⁰⁵ жеткілікті

⁷⁰⁶ сүйікті

⁷⁰⁷ екен

⁷⁰⁸ сүйікті бауырлар

⁷⁰⁹ бекітілген

Қауымды тәркі етсе біл мұны бишәк⁷¹⁰,
Болар ол қауыммен қитал етпек⁷¹¹.

Сен жамағатты тәркі етпегін,
Қаншама көп сауабын артық біл.

Бірақ болар саған жақын мешіт,
Сенен болар жырақ ұлы мешіт.

Осы мешітке бар, барма жырақ,
Дұрыс емес көптігі үшін бармақ.

Қаза болса намаз мешіт-е Хай⁷¹²,
Саған үш іс лайық қой, мен айтай(ын).

Өзге мешіт жамағатқа жүгір,
Не бұл мешітте жалғыз өтеп тұр.

Не өз үйінде-ақ намаз оқығын,
Бұл үш істе ерікте болдың, біл.

Егер он істен бірісі ғой уағи⁷¹³,
Біл, жамағатқа бар болар мани⁷¹⁴.

Біреуі болды жанбыр мен батпақ,
Және бірі тұрса тұрса жел қатты.

Және бірі болса егер кісі ауру,
Не біреу болса, болса аурулы.

Және аш алдында тамақ болса,
Және бірі бұл ұсталу қауіп болса.

Және егер қауіп болса сұлтанына,
Істемектік және бұл қалғаннан.

Және бірі кек дауы,
Бар оныншы дәрет қажеті.

Жаман-жақсы арқасына намаз,
Біл, бар ғой шариғат ішінде жәуаз⁷¹⁵.

⁷¹⁰ күдіксіз

⁷¹¹ жоймақ, өлтірмек

⁷¹² Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Мәңгі тірі деген мағынада. Яғни, Алланың мешіті

⁷¹³ шынайы

⁷¹⁴ тыйым салу

⁷¹⁵ рұқсат етілгендер

Бірақ байқа осы ғой имамдық ішінде,
Кімде-кім болса ә'ләм-у атқа⁷¹⁶.

Таяммумды кісі һәм насихат біл,
Дәретгі кісі мен және ғасил⁷¹⁷.

Дұрыс болды, олар имам болар,
Осылардың ісі тамам болар.

Болса егер ер имам әйелге,
Не болар шариғат бұйрығы мұна⁷¹⁸.

Қылса егер ниет имамдыққа ер,
Біл, әйел намазы дұрыс, дер.

Бірақ әйел имамдық ниет,
Жасамақ қой имам сол мезет.

Біл, имамдық жиіркенішті ол кісіге,
Болмаса қауым разы оның ісіне.

Қылмағайсыз имам неше кісі,
Егер қыларсыз, емес дұрыс бұл ісі.

Бірі набалиғ⁷¹⁹ және бір гуң⁷²⁰,
Үзір иесі болмасын бұл сөзін.

Кімде-кім орындаса әріп-дыбыссыз,
Ол кісіні имам қылмаңыз сіз.

Сапыңыз қисық болмасын, көріңіз,
Араны ашпастан, жақын тұрыңыз.

Болса ұюшы бір кісі, мұны ден(із),
Тұрсын оң жақта, имаммен тепе-тең.

Нәпіл үзір кісіге парыз гузар⁷²¹,
Ұюуы дұрыс емес, ей, жар⁷²².

⁷¹⁶ күнәлі істерден кашушы діндар

⁷¹⁷ ғұсыл құйынған кісі

⁷¹⁸ бұған

⁷¹⁹ балиғат жасына жетпеген

⁷²⁰ сақау

⁷²¹ өтер

⁷²² досым

Мутәнәффилдің⁷²³ ұюуы бірақ,
Парыз өтер кісіге дұрыс қой бірақ.

Жұма намазының баяны

Және, білгін жұма намазын парыз,
Осы мәселені қыламын арыз⁷²⁴.

Парыз білсін бұл жол болса әркім,
Ер, азат, дені сау һәм муқим⁷²⁵.

Бірақ орындағанда неше шарт керек,
Қажет болды бұл шарттарды білмек.

Мысыр мешітінде⁷²⁶ орында бұл намаз,
Қайсы ол мысыр мешіті, есіт раз⁷²⁷.

Патша болар онда, не нәйиб⁷²⁸,
Шариғат үкімін орындар осы мансап.

Және ол шарт патша болсын,
Не керек болса нәйиб-е мә'зун⁷²⁹.

Және бір шарты – бесін уақыты ғой,
Мұнда білгін, бұл түрі сендіру ғой.

Парыздың бұл уақыты жұмада демегін,
Парыз бұл уақытта дегейсің, біл.

Және бір шарты хұтба ғой онда,
Алланың зікірі ғой ең кемі онда.

Және бір шарт біл, жамағат қой,
Азырағы үш кісі бұл өлшем ғой.

Бірақ имамнан өзге үшеу болсын,
Жамағат осы үшеумен толсын.

⁷²³ нәпіл намазды оқушының

⁷²⁴ айтамын

⁷²⁵ үйінде отырған адам, яғни жолаушы емес

⁷²⁶ үлкен мешітте

⁷²⁷ сыр

⁷²⁸ орынбасары

⁷²⁹ рұқсатты орынбасары

Болса осы шарттар хасыл⁷³⁰,
Парыз онда жұма намазын біл.

Себебі мешітке жеткесін әуелі,
Нәпіл қыл екі ракағат осы махал⁷³¹.

Бар бұл екі тәһийәт-е мешіт⁷³²,
Ұлы Тәңірі ісінде көрсет жид⁷³³.

Және сүннетті төрт ракағат қыл,
Сүннет жұмалық ниет қыл.

Қылмағайсың намазды хұтба шағы⁷³⁴,
Әурелеме тіліңді сөзге тағы.

Егер хұтбашыдан өзге болса имам,
Не дейді, шарифат елі мұнда кәләм⁷³⁵.

Біл, емес бұл сыртқы сүннет,
Қыл намазыңды бикәраһийәт⁷³⁶.

Қағдада егер имамға жетсең,
Ұйы бұл намаз еттің.

Және қылғын сүннеттер мен бесін,
Бесін жақын ғой дегін осы хин⁷³⁷.

Кісіге тәркі болса осы салат,⁷³⁸
Онда байлаулы емес бұл салат.

Бесінде бар жамағат ол уақыттар,
Өтесін бесін жалғыз сол уақыттар.

Оқып ап жұмадан бұрын бесін,
Мешітті құрметтесең егер сол хин⁷³⁹.

Жұмаға егер үлгере алмасаң білгін,
Өтеген бесінің болады батыл⁷⁴⁰.

⁷³⁰ бар болса

⁷³¹ осы сәтте

⁷³² мешіт ақысы

⁷³³ ыждағаттылықты

⁷³⁴ яғни, хұтба оқылып жатқан шакта

⁷³⁵ сөз

⁷³⁶ кемшіліксіз

⁷³⁷ мезет

⁷³⁸ намаз

⁷³⁹ сол кезде

⁷⁴⁰ жалған

Жаксы киім ки, мустахаб қой бұл,
Ұста өзіңмен бірге сол кезде хошбу⁷⁴¹.

Адам мойнына қоймайсың аяқ,
Қайда жер тапсаң сонда отырмақ.

Айт намаздарының баяны

Айттардың намазын уәжіп біл,
Мен айтқандай орындағын.

Мұнда һәм білесің шарттары бар,
Жұманың шартындай болар, ей, жар⁷⁴².

Жұмада хұтба шәрт-е сиххәт⁷⁴³ қой,
Айттарда бірақ сүннет қой.

Жұмада хұтба бұрын оқылар,
Айттарда намаздан соң болар.

Шықса күн уақытының бастаушысы ғой,
Түске дейін уақытының жалғасы ғой.

Айттарда намаз екі ракағат,
Өтегін азансыз һәм биқамат⁷⁴⁴.

Рамазан айты болса дейін рамазан,
Құрбан айты егер болса дейін құрбан.

Бұл уәжіп болар тоғыз тәкбір,
Айттарда дейін бәрін бір-бір(леп):

Біл, тәхримә⁷⁴⁵ деді ғой бірі,
Және екеуі, рукуғ тәкбірі.

Және алтауын артығы біл,
Осыларды білмекті пайда деп біл.

Соңынан тәхримәден⁷⁴⁶ сәна⁷⁴⁷ оқығын,
Қолыңды мұнда байламақ қой, біл.

⁷⁴¹ хош иіс

⁷⁴² дос

⁷⁴³ негізгі шарт, яғни парыз

⁷⁴⁴ қаматсыз

⁷⁴⁵ намазды бастау тәкбірі

⁷⁴⁶ намазды бастау тәкбірінен кейін

⁷⁴⁷ дұға

Және бұдан кейін айт үш тәкбір,
Көтеріп байламай қол бір-бір.

Бірақ соңында айқастыр еліг⁷⁴⁸,
Керек елге бұларды білмектік.

Және оқы «Ә'узу» мен «Бисмил»,
Және «Әл-хәмді» мен қырағат қыл.

Айт тәкбір және үш кезек,
Көтеріп байламай қол сол мезет.

Және дегін рукуғ тәкбірін,
Есіңе ал шариғатшылар шешімін.

Егер имам айтқанда тәкбират⁷⁴⁹,
Ұйысаң оған ол әуқат⁷⁵⁰.

Және білгін екінші рақағаттан,
Соңынан «Әл-хәмді» менен қырағаттан.

Айт тәкбірлер, оқыма сәна⁷⁵¹,
Салып қолыңды қыл бұларды ада⁷⁵².

Ұйысаң егер рукуғ шағы(нда),
Айт тәспі уақытында баяғы.

Егер үлгерсең екінші рақағатта,
Саған бұл болды, біл бұл мұрсатта.

Сол сәтте түр имам қылса сәлем,
Ол намазыңды қыл осы түрлі тамам.

Оқы «Әл-хәмді» һәм қырағат қыл,
Соңынан тәкбірлерді айтқын.

Ораза айты айы ғой шәууал⁷⁵³,
Болса тәхқиқ-е 'ид бә'дә зәуал⁷⁵⁴.

Соңғы күн бұл намазды қылса болар,
Мәселені ынтаменен білсе болар.

⁷⁴⁸ қол

⁷⁴⁹ тәкбірлер

⁷⁵⁰ сол уақыттарда

⁷⁵¹ дұға

⁷⁵² орында

⁷⁵³ арабтың рамазаннан кейін келетін айы

⁷⁵⁴ опаттан кейінгі шынайы айт

Бірақ егер айт болса азха⁷⁵⁵,
Болды тәшрик⁷⁵⁶ күндерінде рәуа⁷⁵⁷.

Қайсы болар айттарда истихбаб⁷⁵⁸,
Айтайын есте сақтарсыз, әхбаб⁷⁵⁹.

Жаса мисуак және жақсы киімдер ки,
Жақсылықта ұста өзінді солай саған дей(ін).

Сен намаз оқымақта біл мұнша,
Қылмағын нәпіл оны қылғанша.

Барсаң егер айт намазға бір жақтан,
Өзге жолмен қайтарсың одан.

Ораза айтында мустахаб қой, біл,
Садақа пітірді бұрын бергін.

Жейтін айттың жемектерінен,
Білерсің шарифат елінің демектерінен.

Айт тәкбірлерін аһәсте⁷⁶⁰,
Жеткенше айт намазына пәйуәсте⁷⁶¹.

Құрбан айтында айтыңыз тәкбір,
Бәрін айтайын саған бір-бір(леп).

Әр парыз соңынан мұны біл,
Соңғы тәшрик асырға дейін айтқын.

Біл, уәжіп қой бұл тәкбират⁷⁶²,
Бұл мәселені есіңе ал, тоқтат.

Өтегенше намаз еш нәрсе,
Құрбан айты егер болса еш деме.

Оқы намазыңды, шал құрбандық,
Жегін одан бар ғой лайық.

⁷⁵⁵ яғни, құрбандық айты

⁷⁵⁶ құрбан айттағы арнайы тәкбір айтатын күндер

⁷⁵⁷ дұрыс

⁷⁵⁸ мақұлдау

⁷⁵⁹ сүйікті бауыр

⁷⁶⁰ ақырын

⁷⁶¹ жақын

⁷⁶² тәкбірлер

Екі айт ішінде екі уәжіп болар,
Мұндай айтайын, айтпақ лайық болар.

Пітір садақасының баяны

Болса есеп иесі⁷⁶³ егер әр хор,
Пітір садақа оған уәжіп-дүр.

Ораза айтында пітір садақасын біл,
Қылайын саған шәрх⁷⁶⁴, есіткін.

Бұл нәрсе нисаб қой оған ат,
Мұнда кірмейді зәрурийәт⁷⁶⁵.

Жейтін һәм киетін үй заттар,
Соғыс аспабы мен мінер аты.

Ғази⁷⁶⁶ елде бірақ екі ат қой,
Мұнша нәрсе оған қажет қой.

Және екпекке біл диһанға,
Екі сиырды қажет деп біл ана⁷⁶⁷.

Және кәсіп иелеріне бар аспап,
Фикһтан⁷⁶⁸ болса фикһ елінде кітап.

Қызмет үшін егер болса құлдары,
Біл, бар ғой қажеттілігі осылары(ның).

Осы қажеттіліктен артығын санағын,
Шарт емес мұнда жылдың өтпегі, біл.

Егер нисабқа жетсе бұл фазыл⁷⁶⁹,
Пітірдің садақасын сен бергін.

Пітір садақасын өзіңнен бер,
Шариғат кімнен және мұны бер, дер?

⁷⁶³ яғни, мал-дүниесі белгілі бір мөлшерге жетсе

⁷⁶⁴ түсіндірейін

Ихрам – мұсылмандардың қажылық құлшылығын өтеу кезінде киетін арнайы киімі. Ихрамды киген адам Мухрим деп аталып, ол кезде барлық күнәлардан сақтанып, қажылық шарттарын толық орындауға міндетті. Ихрам киімі екі бөліктен тұрып, бірімен сол иық жабылса, келесі бөлігі белге оралады. Қажылықты толық орындап болғаннан кейін шешіледі.

Ихтилаф – діндегі пікірталас, қарама-қайшылық.

Йәжүж-Мәжүж – Қасиетті Құранда аты аталатын бұзық қауым. Деректерде Ескендір Зұлқарнайынның сол қауым шығып кетпесін деп, үлкен қорған салғандығы айтылады. Ал қиямет-қайым жақындағанда Йәжүж-Мәжүж қауымының жер бетін жаулап алатындығы айтылады.

Кәләм – Алла Тағаланың сөзі, яғни Құран.

Кәләмулла – Алланың сөзі, яғни Құран.

Кәлимаи шәһадат – иман куәлігі. Исламдағы бес рүкіннің алғашқысы. Алланың Барлығы мен Бірлігін және Мұхаммедтің Алла елшісі екендігін тілмен айтып, жүрекпен бекіту. Иман куәлігі былай айтылады: «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Мухәммәдән әбдуһу уә расулуһу» («Алладан басқа жаратушы жоқ екеніне куәлік беремін, және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін»). Егер тілмен айтып, жүрекпен бекітпесе, ондай жан мұнафық болады. Ал егер жүрекпен айтып, тілмен айтудан бас тартса, онда да мұсылман деп есептелмейді. Ханафи мәзһабы бойынша иман куәлігін тілмен айтып, жүрекпен бекіту шарт.

Кәусар – жәннаттағы бұлақ немесе хәуіздің аты. Мұхаммед пайғамбарға берілген. Діни көзқарасқа қарағанда, бұл судың түсі сүттен ақ, дәмі балдан тәтті. Ішкен адам қайта шөлдемейді. Қасиетті Құранда «Кәусар» (108-ші сүре) деген арнайы сүре де бар. Онда Мұхаммед пайғамбарға Кәусардың берілгендігі, сол үшін де Жаратушыға намаз оқып, тәспі айту керектігі баяндалған.

Кәбін – мұсылман дүниеден өткенде үстіне жабылатын (оралатын) мата. Ерадамдардың кәбіні – 3, ал әйелдердікі 5 болады. Мәйітті кәбінмен жерлеу мұсылмандар үшін парыз қиғая саналады. Алла жолында шәһид болғандар кәбінделмейді, үстіндегі киімімен жерленеді.

Керемет – Алланың шынайы достарына (әулиелерге) берілетін қасиет. Ешкімнің қолынан келе бермейтін істерді әулие жасаса – керемет деп, пайғамбарларға берілетін қасиет мұғжиза деп аталады.

Күнә – шариғат шарттарына қайшы амал немесе ақидаға қарсы жасалған іс-әрекет. Ислам түсінігі бойынша ең үлкен күнә – Аллаға серік қосу. Бұл күнә кешірілмейді. Бұдан басқа да ата-анаға қарсы шығу, адам өлтіру, ұрлық, сиқырлық айналысу секілді үлкен күнәлар да бар. Алайда бұлар Аллаға истиғфар етумен кешірілуі мүмкін. Себебі Алланың бір сипаты – күнәларды кешіруші. Ислам ғұламалары үлкен күнәларды үш жүзге дейін жеткізген. Ал кіші күнәлардың есебі жоқ десе де болады.

Қазба – Ислам дініндегі ең киелі жер. Кейде оны «Бәйтулла» яғни «Алланың үйі» деп те атайды. Өлемдегі ең үлкен мешіт саналатын Харам мешітінің қақ ортасында орналасқан. Ұзындығы 15 м, ені 10х12 м. Қағбаның сырты қара матамен (кисуа)

оралып, оған Қасиетті Құранның Мекке және қажылыққа қатысты аяттары жазылып қойылады. Қағбаның сыртқы батыс жағында көктен түскен қара тас бар. Оны «хәжәрул әсуад» деп атайды. Солтүстік-шығыс жағында жерден екі метрдей биіктікте есік орналасқан. Діни риуаяттарға қарағанда, Қағба Шис пайғамбар тұсында құрылған, Ибраһим пайғамбар тарапынан жөнделген және Мұхаммед пайғамбар арқылы кәпірлерден тазартылған. 624 жылдан бері әлемнің барша мұсылмандары осы Қағбаға қарап намаз оқып келеді.

Қиямет – бұл дүниенің соңы, ақыры. Оны кейде ақирет деп те атайды. Ақиретте халықтың бәрі тік тұрып сұрақ-жауапқа тартылатындықтан да, оны кейде «қиямет», яғни тік тұру, орнынан тұру деп атайды. Қияметте бүкіл адамзат баласының тағдыры шешіліп, әркім өз амалына қарай жұмақ не жаһаннамға қарай жол тартады.

Құптан – Ислам шариғаты бойынша күнде оқылатын бес уақыт намаздың соңғысы. Уақыты қараңғы түскеннен бастап, бамдат намазына, яғни таң атқанша жалғасады. 4 бас парыз, 2 бас сүннет және 3 бас уәжіптен тұрады.

Құрайыш – Араб түбегін мекендеген тайпа. Ежелде жаз маусымында – Шам, қыста Йемен жұртында көшіп-қонып жүрген. Мұхаммед пайғамбар осы Құрайыш тайпасының Хашим руының өкілі. Қасиетті Құранның 106-шы сүресі «Құрайыш» деп аталады. Онда бұл тайпаның қысы-жазы көшу бейбітшілігі болғандығы, Алланың өзі оларды аштықта азықтандырып, қауіп-қатерден өзі аман сақтағандығы айтылады. Сондай-ақ Құрайыш тайпасы Исламның саяси тарихында да көп рөл атқарғандығы тарихи деректерде кеңінен жазылған.

Құтба – мешіттерде жұма намазынан бұрын және айт намазынан кейін айтылатын үгіт-насихат.

Қыбла – мұсылмандар намаз оқыған уақыттардың жүзін бұрып тұратын бағыт. Мұсылмандар үшін қыбла Меккедегі Қағба болып есептеледі. Исламның алғашқы жылдары Құддыс (Иерусалим) жаққа қарап оқыған, кейін 624 жылы арнайы Құран аятымен («Бақара», 144) қыбла Қағба болып өзгертілген. Орта Азия халқының қыбласы батыс тарап. Себебі Мекке сол жақта орналасқан. Алайда мұсылмандар қай жерде болмасын, бәрі Меккеге қарап намаз оқиды.

Қырағат – Қасиетті Құран аяттарын тәжүидпен, белгілі бір мақаммен оқу. Тіләуаттан айырмашылығы – Құран аяттарынан басқа өлең-жырларды да өз әуенімен оқуды қырағат десе, ал тіләуат деп тек Құран аяттарын ғана мақаммен оқуды айтады.

Лат – арабтардың Исламның алдыңғы жәһилиет дәуіріндегі әйел-пұт. Латқа сол кездегі Арабияның Хижаз, Хира, Йемен өлкелерінің тұрғындары табынған. Тайф шаһарына жақын жерге Лат пұтының символы – ақ тас орналасқан. Міне, сол тас пен оның қасындағы сәжде жасайтын орын зиярат орны есептелген. Латқа көбінесе Тайфтағы Сакиф тайпасы қатты табынған. 631–632 жж. сакиф тайпасы Хак дінді қабылдағаннан кейін Лат пұты қиратылған.

Ләухул мәхфуз – адамзат баласының тағдыры жазылған үлкен кітап. Діни риуаяттарда оның ақ дүрден жасалып, ұзындығы жер мен көктің аралығындай, ені Шығыс пен Батыстың ара қашықтығындай, екі беттен тұратындығы айтылады. Оның қасында жазу қаламы болып, оның да үлкендігі Ләухке сай келетіндей. Ол үлкен бір періштенің көкірегіне орнатылған болып, үстіңгі жағы Арсыға байланған. Алла Тағала Ләух пен қаламды жаратып, қияметке дейінгі болатын барша нәрсені, тағдырды жазып қойған.

Махшиар – қиямет-қайымда барша адамзат баласының жиналатын күні. Ақырзаманда Исрафил періште сүрін алғаш үрлегенде жер бетіндегі барша адамзат қайтыс

болады. Екінші рет үрлегенде Адам атадан бастап, қияметке дейінгі адамның бәрі қайта тіріледі. Сол кезде үлкен сұрақ-жауап басталып, әркімге бұл дүниедегі істеген амал, іс-әрекетіне байланысты жаза тағайындалады. Сол күнді махшар күні деп атайды.

Мәзһаб – Исламдағы шариғат, яғни діни-құқықтық мектептері. Бұл діни-құқықтық мектептер VIII–IX ғасырлардан бастап қалыптаса бастады. Әллі сүннет уәл жамағат жолында атақты төрт мәзһаб бар. Олар: Ханафи, Шафиғи, Ханбали және Мәлікі мәзһабтары. Ислам ғұламалары тарапынан бұл мәзһабтарда бәрі де дұрыс жол деп бекітілген. Бұл мәзһабтер шариғат мәселелері төңірегінде, онда да құлшылықтағы сүннеттер мен әдептерде ғана айырмашылық болғанымен де, ақида жағынан бәрі де бір пікірге тоқтайды. Ал ақида жағынан алшақтық болған ағымдарды фирқа (секта) деп атайды.

Мәкруһ – шариғат үкімдерінің бірі. Үзілді-кесілді тыйым салынбаса да, орындауда әдепсіз болып саналатын амалдар жатады. Яғни анық Құран аятымен тыйым салынбағанымен де, пайғамбар ұнатпаған, қайтарған нәрселер. Десек те әрбір мұсылманның мәкруһтен сақтануы қажет екенді айтылған.

Мәләк (періште) – діни түсінік бойынша Алланың әмірін орындайтын жаратылыс. Араб тілінде «мәләк» деп аталады. Олардың нақты санын Алла біледі. Қасиетті кітаптарда Жебірейіл, Микәйіл, Исафил және Өзірейіл секілді үлкен төрт періштенің аты аталады. Сондай-ақ бұлардан басқа жәннат пен тозақ періштелері, қабірдегі періштелер секілді періштелер де бар. Алланың періштелерінің барлығына иман келтіру әрбір мұсылманға міндет болып есептеледі.

Мәһір – неке қиылған кезде ер адамның әйеліне алып беретін сыйлығы. Мәһір діни некенің басты шарты болып есептеледі. Ондағы мақсат, егер әйелдің күйеуі қайтыс болып, жесір қалатын болса немесе жолдасы талақ ететін болса, сол уақытта әйелі сол мәһірді материалдық қажеттілігіне жұмсайды. Көлемі мен құнына қарамастан, күйеуі тарапынан берілген кез келген сыйлық мәһір болып табылады. Алайда ең аз мөлшері 30 г күмістің құнынан кем болмауы тиіс.

Миғраж – Мұхаммед пайғамбардың көкке шығуы. Бұл Алла елшісінің өзіне тән мұғжизаларынан саналады. Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне қарағанда, Мұхаммед пайғамбар бір түннің ішінде пырақ атқа отырып, Меккеден Құдыс шаһарына барған (исра). Сондағы Ақса мешітінде нәпіл намазын оқып болып, жеті қат көкке көтерілген. Қас қағым сәтте жеті тамұқ пен сегіз жәннатты көрген, әрі сондағы пайғамбарлармен кездескен, Жаратушымен өте жақын қашықтықта (қаба қаусейн) болған. Пайғамбар осы сапарында бес уақыт намазды алып қайтқан делінеді. Мұсылмандар Режеп айының 27-ші күнін «Миғраж түні» деп атап, осы түнді құлшылық-ғибадатпен өткізуге тырысады. Миғраж оқиғасы туралы көптеген ақын-шайырлар қалам тартқан. Түркі шайыры Сүлеймен Бақырғанидың (XIII ғ.) «Миғражнама» деген дастаны бар. Сондай-ақ XIV ғасырда өмір сүрген Бұрһануддин Рабғұзидың «Пайғамбарлар тарихында» да осы миғраж оқиғасына кең орын берілген. XIX–XX ғғ. өмір сүрген Шәді Жәңгірұлының «Сияр шәриф» шығармасында «Миғражнама» тақырыбы кеңінен жырланған.

Микәйіл – атақты төрт періштенің бірі (Жебірейіл, Өзірейіл және Исафилден кейін). Дүниені материалдық жағынан қамтамасыз етуге бұйырылған. Діни сенімдерде оның Алла Тағала Адамға сәжде жасандар деген уақытта, Жебірейілмен бірге алғаш сәжде жасағандығы, Мұхаммед пайғамбардың жас кезінде көкірегін жарып, жүрегін тазалағаны, Бәдір соғысында мұсылмандарға көмектесу үшін жерге түскендігі айтылады.

Михраб – мешіттің қыбла жағына жасалатын имамның құлшылық ететін орны. Исламның алғашқы дәуірлерінен бастап барлық мешіттерде михрабқа арнайы орын белгіленіп келеді.

- Муаззин** – мешітте азан айтып, намазға шақыратын адам. Халық оны көбінесе азаншы деп атайды. Муаззиннің үш міндеті бар: адамдарды намазға шақырады, имамды шақырады және намаздың басталғанынан хабар береді. Ислам әлемінде ең алғашқы муаззин – пайғамбардың азаншысы Біләл Хабаши болған.
- Муәххид** – Алланың Барлығына һәм Бірлігіне иман келтіріп, иман куәліктерін жүрекпен бекіткен пенде.
- Мубах** – шариғат амалдарының бірі. Орындалуына әмір не орындалмауына тыйым салынбаған. Яғни орындау не орындамау әркімнің өз еркінде. Орындағанға сауап не орындамағанға күнә жазылмайды. Мысалы, отыру, жүру, тұру, тамақтану және т.б.
- Мустахаб** – шариғат амалдарының бірі. Мұны орындаған пенде сауапқа ие болғанымен де, орындамаған адам күнәһар болып есептелмейді. Фикһ кітаптарында пенденің еркіндегі жағымды амалдар екені баса айтылған. Олар: нәпіл құлшылықтар жасау, садақа беріп тұру және т.б.
- Мухаррам** – мұсылмандардың һижри жыл санағы бойынша бірінші айы.
- Мұғжиза** – Алла Тағала тарапынан пайғамбарларға берілетін ерекше қасиет. Жаратушы әр пайғамбарға заманына лайықты мұғжизалар беріп отырған. Олар халықты Хақ дінге шақыруда мұғжизаны кеңінен қолданған. Мысалы, Мұса пайғамбарға аса таяқ берген, таяғын тастағанда таяғы аждаһаға айналып шыға келген. Иса пайғамбар алапес, соқыр ауруларды емдесе, Жүсіп пайғамбарға түс жору қасиетін берген. Мұхаммед пайғамбардың айды екіге бөлуі (шаққул-камар), қасиетті Құранның түсуі секілді т.б. ерекше қасиеттері де мұғжиза деп аталған. Ал әулиелерде берілетін ерекшелік керемет деп аталса, дінсіздер мен имансыздардың көрсеткен ерекшеліктері сиқыр деп аталады.
- Мұнафық** – иман куәлігін тілімен айтқанымен де, жүрекпен бекітпеген екіжүзді. Жұрттың көзінше діндар болып көрінгенімен де, шын мәнісінде Алланың Барлығы мен Бірлігіне, Мұхаммедтің шынайы пайғамбар екеніне күдікпен қарайды. Сондықтан да мұнафықтар Қасиетті Құранда сыналған. Пайғамбар өз хадистерінде мұнафықтың үш белгісін ашып айтқан: жалған сөйлеу, уәдеде тұрмау және аманатқа қиянат жасау.
- Мұнара** – мешіт пен медреселердің жанына салынатын үлкен құрылыс. Муаззин сол мұнараға шығып, азан айтып, халықты бес уақыт намазға шақыратын болған.
- Мұсталақ (Мусталиқ)** – Мединедегі Хандек соғысынан кейін болған ғазуат. Хандек соғысында еш нәрсе шығара алмаған Құрайыш мүшріктері айнала төңірегіне пікірлестерін жия бастады. Бәни Мусталиқ тайпасының көсемі Харис ибн Әбу Дирар басшылығымен Мурәйси суының басына орда құрып, мұсылмандарға қарсы соққы беруге дайындық жасай бастады. Бұл хабар туралы естіген Алла елшісі (626 жылы) 700-ге тарта адамнан қол жасақтап, Бәни Мусталиқ ғазуатына шықты. Екі жақтың әскері қақтығысып, мұсылмандардың жеңісімен аяқталған. Қарсы тараптан он адам өліп, 700-ге (кей деректе 800) тарта адам тұтқынға түскен. Ал мұсылмандардан бір адам шәһид болған. Сондай-ақ мұсылмандар 2000 түйе мен 5000 қойды иеленіп, олжалы оралған.
- Мұһажир** – Мұхаммед пайғамбарға еріп Меккеден Мединеге көшіп барған мұсылмандар. Сондай-ақ Меккеден Хабашистанға көшіп, одан қайтып Мединеге келген сахабаларды да мұһажир деп атаған. Олар хақ дінге шынайы иман келтіргендіктен де, барша мал-мүлкін, үй-жайын, тіпті отбасын тастап, Мединеге келген. Сонда жергілікті халық, яғни ансарлар олармен өздерінің мал-мүлкімен бөліскен. Халифаттық дәуірлерде мұһажирлардың дін тарату мен Алланың дінін насихаттаудағы ерліктері ескеріліп, көптеген жеңілдіктер берілген.
- Мүмін** – Исламның алғашқы жылдарындағы Медине үмметінің өкілі. Шариғат шарттарын толық орындаған пенде мұсылман деп аталған. Алғашқы жылдары екі атау екі мағынада қолданылғанымен де, кейіннен мұсылман мен мүмін сөздері

сіңісіп, иман келтіруші деген мағынаға ие болған. Ислам ғұламалары бұл атауға бірнеше анықтама берген. Өңлі сүннет уәл жамағат ғұламалары мүмін дегенде шынайы жүрекпен сенетін, шариғат шарттарын шын ықыласымен жасайтын пендені атаған.

Мүңкір-Нәңкүр – адамзат баласы дүниеден өткенде қабірде сұрақ-жауап алатын екі періште. Қабірге кірген пендеден дінін, кітабын, қыбласын сұрап, алғашқы сынақты алады. Осы сұрақтарға жауап берген пенденің қабірі қияметке дейін кең болып тұрады, ал сұрақтарға жауап бере алмаған күнәһар пенденің қабірі, керісінше, тар болып, мәйітті қиямет-қайымға дейін қысып тұрады. Мүңкір-Нәңкүр аттары Қасиетті Құран аяттарында кездеспегенімен де, пайғамбар хадистерінде аталады.

Мінбер – мешітте имамның уағыз-насихат айтатын орны. Алғашқы мінбер орындық секілді болып, 628 жылы Мұхаммед пайғамбар жарандарына уағыз айтқанда соған отырған. Пайғамбардың осы мінберін Хазірет Әбу Бәкір, Хазірет Омар және Хазірет Оспан пайдаланған. Ал Хазірет Әлидің дәуірінде Куфада екінші мінбер пайда болған. Мұғауияның халифалық кезінде Дамаскіде де мінбер жасалған. 748 жылы Мервте Әбу Муслим жеңіске жеткеннен кейін мінберлер кафедра секілді бола бастаған.

Намаз – Исламдағы бес рүкіннің екіншісі болып, мұсылмандар үшін орындалуы шарт болған құлшылық. Күніне бес рет намаз оқу парыз саналған. Олар: бамдат (таң намазы), бесін, асыр, шам және құптан. Намаз пайғамбардың Миғражқа шыққанында парыз етілген. Намаздың парыз, уәжіп және сүннет деген түрлері бар. Бес уақыттан басқа және жұма намазы да парыз деп есептелген. Екі айт намазы уәжіп саналады. Сондай-ақ пайғамбардың оқыған намаздары сүннет деп оқылады.

Нәһи мункәр – жамандықтан қайтару. Қырық парыздың бірі. Адамзат баласын жамандықтан, күнәлі істерден, қатыгездік пен жауыздықтан қайтарып, Алланың Хақ жолына шақыру, қайырым һәм мейірімді болуға үндеу. Бұл туралы Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Сендерден жақсылыққа шақыратын, әмір мағруф және нәһи мункәр қылатын бір топ адам болсын. Міне, солар құтылушылар», – деген («Әли Ғыман», 104-аят).

О дүние – ақирет, мәңгілік дүние. Кейде «Дәрул-бәқа», яғни мәңгі бақилық дүние деп те атайды. Діни сенім бойынша бұл дүние фәни, яғни өткінші болып, о дүние мәңгілік тұрақ мекен болып есептеледі. Сондықтан да ертеңгі күнін ойлаған пенде бұл сынақ дүниеде барынша жақсы іс-әрекеттер жасауға талпынады.

Ораза – Ислам дініндегі негізгі бес рүкіннің үшіншісі. Әрбір дені сау, балиғат жасына жеткен және сапарда болмаған адам Рамазан айында бір ай бойы ораза ұстауы шарт. Бұл негізгі міндеттердің (парыз айн) бірі болып саналады.

Парыз – Алла Тағаланың пенделеріне жіберген әрі орындалуы шарт болған амалдары. Парыз діндегі негізгі міндеттің бірі саналып, оны орындамаған пенде күнәһар деп есептеледі. Шариғатта парыз – «парыз айн» және «парыз кифая» болып екіге бөлінеді. Парыз айнды (намаз, ораза, зекет және т.б. секілді) әрбір мұсылманның орындауы міндетті, ал парыз кифаяны сол қауымнан не ортадан бірнеше адам орындаса, басқалардың мойнынан түсетін амал (жаназа намазы, жамағатқа біреу сәлем бергенде, арасынан біреу жауап берсе, басқалардың жаппай сәлем беруі шарт емес секілді т.б.). Шариғатта «қырық парыз» түсінігі бар. Балиғат жасына жеткен, дені сау әрбір мұсылманның осы қырық парызды біліп, соған амал

етуі бұйырылған. Онда негізінен Аллаға құлшылық-ғибадат міндеттері ашып айтылған.

Периште – діни түсінік бойынша Алланың әмірін орындайтын жаратылыс. Араб тілінде «мәләк» деп аталады. Олардың нақты санын Алла біледі. Қасиетті кітаптарда Жебірейіл, Микәйіл, Исафил және Өзірейіл секілді үлкен төрт періштенің аты аталады. Сондай-ақ бұлардан басқа жәннат пен тозақ періштелері, қабірдегі періштелер секілді періштелер де бар. Алланың періштелерінің барлығына иман келтіру әрбір мұсылманға міндет болып есептеледі.

Пырақ – Мұхаммед пайғамбарды көкке алып ұшқан жануар. Діни риуаяттарда пырақтың аттан кіші, хашырдан үлкен екендігі, ұшқанда желдей есетіндігі айтылады. Қасиетті Құранның «Ісра» сүресінің алғашқы аятында Мұхаммед пайғамбарды пырақ аттың әуелі Ақса мешітіне алып барғандығы, содан кейін жеті қат көкке алып ұшқандығы айтылған. Миғраж тақырыбын көтерген ақын-шайырлардың бәрі пырақ атты өздерінше суреттеп берген. Сүлеймен Бақырғанидың «Миғражнама» дастанында пырақ мейлінше баяндалған.

Раббы – Жаратушы, яғни Алла.

Ракағат – намаздың негізгі бөлігі, намаз оқығанда орындалатын белгілі қимылдар және оқылатын дұғалар жиынтығы. Әр ракағат қол көтеріп тәкбір алу, тік тұру, белге дейін иілу (рукуғ), басты жерге қою (сәжде), отыру (қағда) және қайта тұру секілді қимылдардан тұрады. Әрбір намаз кемі екі ракағаттан тұрады. Мысалы: таң намазы екі ракағат сүннет және екі ракағат парыз.

Рамазан – мұсылманша һижри жыл санауындағы тоғызыншы ай. Мұсылмандар үшін қасиетті деп есептеліп, осы айда ораза ұсталады. Себебі бұл айда ең алғаш бес аят түскен. Сондықтан да бұл айды кейде Құран айы деп те атайды. Осы айда Қадыр түні бар. Сол бір түнде орындалған құлшылықтың сауабы мың айдан да артық деп есептеледі. Ғалымдар Қадыр түнінің Рамазан айының соңғы он күндігінде, соның ішінде тақ күндерде кездесетіндігін айтқан. Көтеген ғалымдар осы түнді 26-нан 27-не қараған түн деп есептеген.

Рауза – Мұхаммед пайғамбардың жатқан жері. Мединедегі Пайғамбар мешітінің ішінде. Пайғамбардың қасында Хазірет Әбу Бәкір мен Хазірет Омар жатыр.

Рахим – Алла Тағаланың өзіне тән тоқсан тоғыз есімінің бірі. Қайырымды, мейірімді деген мағына береді. Ислам ғалымдары «Рахим» деген ұғымға «Алла Тағала о дүниеде тек мұсылмандарға ғана мейіріммен қараушы» деп анықтама берген.

Рахман – Алла Тағаланың өзіне тән тоқсан тоғыз есімінің бірі. Қайырымды, мейірімді деген мағына береді. Ислам ғалымдары «Рахман» деген ұғымға «Алла Тағала бұл дүниеде мұсылман не кәпір, иманды не имансыз болсын, бәріне де мейіріммен қарап, ризық-несібе беруші» деп анықтама берген.

Ризуан – жұмақтың есігін қоритын періште.

Риуаят – сөздікте хабарлау, әңгімелеу деген мағына берілгенімен де, діни термин ретінде пайғамбар өсиеттерін жеткізуші рауидің айтқан хадистеріне қарата қолданылады.

Рия – құлшылықты шынайы Алла үшін емес, халыққа көрсету, атақ-абырой жинау үшін жасау. Екіжүзділік.

Рукіп – Исламда ең қажет саналған бес міндет, яғни діннің негізі. Олар: иман куәлігін айту, намаз оқу, ораза ұстау, дүниесі болса – зекет беру және байлығы жетсе – қажылыққа бару. Бұл бес парыз әрбір мұсылман үшін басты міндет болып саналады. Мұсылмандар Мединеге һижрет еткеннен кейін 18 айдан соң парыз етілген. Шариағатта оразаның парыз, уәжіп, нәпіл және мәкруһ секілді түрлері бар. Парыз ораза Рамазан айының оразасы болса, уәжіп оразаға ұсталған нәпіл оразаның қайта тұтылуы жатады. Ал нәпіл ораза деп шаууал айында алты күн

ораза тұту, әр аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері ауыз бекіту саналады. Мәкруһ деп айт күндері ораза ұстауды айтады.

Сағи – қажылықта өтелетін шарттардың бірі болып, Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүгіру. Қағбаны тауаф еткеннен кейін орындалады. Діни деректер бойынша Ибраһим пайғамбар әйелі Хажар мен ұлы Исмайылды жапан далаға тастап кеткен уақытта Хажар анамыз су іздеп осы екі төбенің арасында жеті рет жүгірген делінеді. Содан бері қажылықта осы екі төбенің арасында жеті рет жүгіру міндет болып қалған.

Салауат – Алла елшісі Мұхаммедке мақтау мен мадақ айту. Намазда қағдатул әхирада (соңғы отырыс) отырғанда тәшәһһудтан кейін салауат оқылады.

Сахаба – Мұхаммед пайғамбармен бірге болған, онымен бірге ғазуаттарға қатысқан мұсылман. Сондай-ақ кейінірек Мұхаммед пайғамбарды өмірінде бір рет болса да көрген мұсылманды да сахаба деп атай бастаған. Сахабалардың басым бөлігін мұһажирлар мен ансарлар құраған. Олар хақ діннің таралуы жолында барша ғазуаттарға қатысқан. Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткеннен кейін де Алла елшісінен көрген-білгендерін кейінгі табиндерге жеткізіп, Хақ діннің одан әрі тарауына көп септігін тигізген.

Сур – Исафил періштенің үретін желі. *Қараңыз:* Исафил.

Сүннет – Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздері, істеген амалдары мен іс-әрекеттері. Пайғамбар сүннеті Қасиетті Алла кітабынан кейін тұрады. Ғалымдар пайғамбардың айтқан сөздерін, істеген іс-әрекетін, дене-бітімін (халки), мінез-құлқын, өмір сүру дәстүрін сүннет деп атаған. Сондай-ақ сахабалардың істеген іс-әрекеті мен амалын пайғамбар мақұлдаған, немесе оған тыйым салмаған болса, оны да сүннеттің аясында қарастырған. Сүннет VII ғасырдың ортасынан бастап жинала бастаған. IX ғасырда сүннетті жинаудың дамығаны соншалық, бұл ғасыр «хадистанудың алтын ғасыры» аталған. Осы дәуірде Имам Бұхари, Имам Термизи, Имам Муслим секілді атақта мұхаддистер шығып, Алла елшісінің өсиеттерін бір жүйеге түсірген.

Сүре – Құранның ішкі бөлімдері. Сүре Құранның бір бабы болып, кем дегенде үш аяттан тұрады. Құранда 114 сүре бар. Сүрелер меккелік және мединалік болып екіге бөлінеді. Ең қысқа сүре «Кәусар» – үш аяттан, ал ең ұзыны «Бақара» 286 аяттан тұрады.

Сырат көпір – о дүниедегі қылдан жіңішке, қылыштан өткір көпір. Барша адамзат баласы қиямет-қайымда сұрақ-жауап алынатын тұста осы көпірден өтеді делінеді. Күнәсі жоқтар Сырат көпірінен аман-есен өтіп, жұмаққа бет алса, күнәһарлар көпірден құлап, тамұққа, яғни отқа түседі. Әркім өзінің істеген амалдарына сай әр түрлі кейіпте өтеді, біреу жүгіріп өтсе, енді біреу еңбектеп әрең өтеді.

Тақуа – Алланың азабынан қорқушы, дініне берік діндар. Дінге қатты берілген тақуа қашан да харам мен күмәнді нәрселерден бойын аулақ ұстайды. Жүрсе-түрсе Жаратушыны ойлап, сауапты амадарды көптеп жасауға тырысады.

Тамим – Меккедегі Құрайыш тайпасының бір бұтағы. Бұл Бәну Тамим тайпасынан көптеген атақты сахабалар шыққан. Солардың бірі – кезінде жұмақпен сүйіншіленген Талха ибн Убәйдулла.

Тауап – қажылықтың басты шарттарының бірі болып, Қағбаны айналу құлшылығы. Қажылыққа барғандар үш рет тауаф амалын жасайды. Сондай-ақ Меккенің айналасында тұратын мұсылмандардың қажылықтан басқа күндері де Қағбаны айналып құлшылық етуі тауаф деп аталады. Тауаф еткенде қара тастың тұсынан басталып, сағаттың тіліне қарсы жеті рет айналады.

Таухид – Алланың Бірлігі, ешқандай да серігі не жолдасы жоқ екендігі туралы ілім. Ислам монотеистік дін болғандықтан да, таухид ілімі Ислам дінінің негізгі тірегі болып саналады. Сондықтан да Алланың Барлығына, Бірлігіне, Оның зағи һәм субути сипаттарына, көркем есімдеріне (әсмәу хуснә) күдік келтірген адамның діннен шығу қауіпі бар. Қасиетті Құранның 112-ші сүресі «Ахад» деп аталып, сонда таухид ілімінің негізгі шарттары қамтылған. Онда Алланың жалғыздығы, ешкімге мұқтаж еместігі, тұмағандығы және туылмағандығы, сондай-ақ жаратылыста ешкімге де ұқсамағандығы ашып айтылған.

Таяммум – дәреттің бір түрі. Әдетте су болмаған жағдайда шарифат топырақпен дәрет алуға бұйырады. Таяммум Құран мен хадисте ашып айтылған. Негізгі төрт парызы бар. Олар: ниет ету, таза топырақты жерді табу, екі қолын жерге ұрып, жүзіне сұрту, тағы ұрып, екі қолының білегіне дейін сұрту.

Тәбук – дін тарату жолындағы үлкен ғазуат. Пайғамбардың өзі қатысып, сахабаларын бастап барған.

Тәпсір – адам баласының шамасы келгенше Алланың кітабына түсінік беруі. Құранға тәпсір жасау Мұхаммед пайғамбар тұсында бастау алған. Пайғамбар Қасиетті Құранның түсініксіз аяттарын сахабаларға түсіндіріп берген. Онан кейін сахабалар да табиндерге үйреткен. Сөйтіп кейінірек жеке ғылым ретінде қалыптасты. Мұхаммед пайғамбардан кейінгі тәпсіршілер ретінде Әбу Бәкір Сыддық, Омар ибн Хаттаб, Оспан ибн Аффан, Әли ибн Әбу Тәліп, Абдулла ибн Аббас, Абдулла ибн Аббас, Убәй ибн Кағбтардың есімі зор құрметпен аталады. Тәпсірден ең алғаш кітап жазған ғалым Әбдімәлік ибн Жураиқ. Бүгінде тәпсір кітаптары көптеп саналады.

Тәурат – Алла Тағаланың Мұса пайғамбарға жіберген кітабы. Қасиетті Құранда Тәурат туралы: «Күдіксіз Тәуратты түсірдік, онда тура жол және нұр бар. Аллаға бой ұсынған пайғамбарлар йәһудилерге онымен үкім етер еді» («Мәид», 44), – деп анықтама берген. VIII–X ғғ. бастап Тәурат грек, көне йәһуди және латын тілінен арабшаға тәржімаланған. Содан бастап Ислам ғұламалары ондағы Мұхаммед пайғамбарға қатысты жерді айғақ ретінде пайдалана бастаған. Ислами көзқарас бойынша, бұрынғы Тәурат пен бүгінгі Тәураттың арасында жер мен көктей айырмашылық болып, көптеген өзгерістерге ұшыраған. Соның нәтижесінде бүгінгі йәһудилердің кітабы Талмуд дүниеге келген.

Уахи – Алла Тағаланың өз пайғамбарларына періштелер арқылы жеткізген қаулы-үкімдері. Уахи анық етіп жіберілген. Кейде кейбір уахилар түс арқылы да түскен. Мысалы: Хазірет Ибраһимға «Ұлың Исмайылды құрбандыққа шал» деген бұйрық түсте келгенімен де, уахи деп есептеледі. Соңғы пайғамбар Мұхаммедке қырық жасқа келген уақытта уахи түсе бастаған. Соның нәтижесінде Қасиетті Құран аяттары түсіп, Ислам діні таралды.

Уәжіп – Исламда орындалуы шарт болған амалдың бірі. Орындалуы жағынан парыздан кейін, сүннеттен бұрын тұрады. Деректерде пайғамбарларға парыз болған амал үмметке уәжіп болады делінеді. Уәжіп амалын орындамаған адам діннен шықпаса да, үлкен күнә болып есептеледі.

Ұхүд (Ұхүд соғысы) – 625 жылы 23 наурызда Мединенің жанындағы Ұхүд тауында мұсылмандар мен мүшіріктер арасында болып өткен соғыс. Бәдір соғысында жеңіліс тапқан меккеліктер мұсылмандардан өш алу үшін жолға шыққан. Мекке мүшіріктері 3000-ға тарта адам болып, оның 200 атты әскер, және 800 тарта адам сауыт-сайман киген. Ал мұсылмандардың саны 700 болып, оның 100-і ғана сауыт асынған. Екі жақта да әскери айла-тәсілдер жасалған. Пайғамбардың айтқанына құлақ аспаған кейбір адамдардың кесірінен мұсылмандар жеңілуге мәжбүр болған. Мұхаммед пайғамбар қоршауда қалып қойып, жараланған, қасиетті тісі

осы соғыста сынған, 70 мұсылман артық шәһид болған, ал мүшіріктерден 19 адам қайтыс болған.

Фикһ – мұсылмандардың жүріп-тұру, өмір сүру қағидалары туралы мұсылман құқығы. Кең мағынада шарият деп те қолданылады.

Хадис – сөздікте «хабар», «жаңалық» деген мағына береді. Діни термин ретінде Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздері, істеген істері және көрсеткен амалдары. Хадис келіп түсуі жағынан екіге бөлінеді: мағынасы Алла Тағаланыкі болып, пайғамбар тарапынан айтылған хадистерді – Құдси хадис, ал пайғамбардың өзінің айтқан сөздері мен істеген амалдарын Нәбәуи хадис дейді. Сондай-ақ хадистер мазмұны жағынан үшке бөлінеді. 1. Сахих хадис; 2. Хасан хадис; 3. Заиф хадис.

Пайғамбар заманында хадистерді топтастыруға тыйым салынған болатын. Ондағы мақсат Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбардың хадистерін араластырып жіберуден сақтанғандық болатын. Алайда пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Алла елшісінің өсиеттерінің бұрмаланып кетуінен қорқып, ғұламалар хадистерді жинауды қолға алды. Бұл үрдіс әсіресе VII ғасырдан бастап мықтап қолға алынды. Ислам әлемінде хадис ілімдерінің білгірлері көптеп саналады. Солардың ішінде ең танымал білгірлері – Имам Бұхари, Имам Муслим, Имам Термизи, Әбу Дәуіт және т.б.

Хаж (қажылық) – Ислам дініндегі мұсылманға міндетті болып саналатын бесінші рүкін. Алайда бұл парыз барша мұсылманға қатысты емес, мал-мүлкі, қаражаты бар бақуат мұсылмандарға қатысты. Шамасы келген адам өмірінде бір рет қажылық жасауға міндетті. Қажылықтағы басты құлшылықтар – Алланың үйі болып есептелетін Қағбаны зиярат ету, Сафа мен Маруа тауларының арасында жүгіру, шайтанға тас ату, Арафатта тұру. Қажылықтың негізгі шарттары 632 жылы Мұхаммед пайғамбардың «Қоштасу қажылығында» белгіленіп берілген. Бүгінгі зияратшылар сол дәстүрдің негізінде құлшылық етеді.

Хаким Кулл – барлық нәрсе үкімі жетуші, бәріне төреші деген мағынада. Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі.

Харам – шарият үкімдерінің бірі. Ешбір талқылауға жатпайтын, үзілді-кесілді тыйым салынған нәрсе. Негізінен адамның жанына, иманына, тәніне, отбасына, ортасына айтарлықтай зиянын тигізетін нәрселерге тыйым салынған. Мысалы, спиртті ішімдік ішу, зина жасау, сүтқорлықпен айналысу, ұрлық жасау, шошқа етін жеу және т.б.

Харам мешіті – Меккедегі Қағба орналасқан мешіт. Құранда «Мәсжидул-харам», яғни «Қасиетті мешіт» деп аталған. Бұл жер Исламнан бұрынғы Жәһилиет дәуірінде де көшпелі араб тайпаларының табынатын орны болған. 630 жылы мұсылмандар Меккені фатх еткеннен кейін, ол жер қасиетті деп саналған. Харам мешітінің ортасында – Қағба, ауласында Зәмзәм бұлағы, төңірегінде Сафа мен Маруа таулары бар. Мұсылмандар үшін құлшылық орны. Алайда өзге діндегілер мен имансыздар үшін онда кіруге қатаң тыйым салынған. Бұл мешіт әлемдегі ең үлкен мешіт деп саналып, онда бір мезетте 1 миллионнан артық адам құлшылық ете алады.

Хатиб – Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Толық аты-жөні – Әбу Мұхаммед Хатиб ибн Әби Бәлтәй Әмр ибн Умайыр ибн Сәләм әл-Лахми (586–650 жж.). Жәһилиет дәуірінде ақын болған, кейін Хақ дін түскенде алғашқылардың бірі болып, иманға келген. Пайғамбармен бірге Мединеге хижрет еткен. Бәдір, Ұхūd қазауаттарына қатысқан. Сондай-ақ пайғамбар оны Мысыр патшасы Журәйж ибн Мунаяға елші етіп жіберген. Жетпіс жасына қараған шағында Мединеде дүниеден өткен. Жаназасын Хазірет Оспан оқыған.

Хауыз Кәусар – жәннаттағы бұлақ немесе хауіздің аты. Мұхаммед пайғамбарға

берілген. Діни көзқарасқа қарағанда бұл судың түсі сүттен ақ, дәмі балдан тәтті. Ішкен адам қайта шөлдемейді. Қасиетті Құранда «Кәусар» (108-сүре) деген арнайы сүре де бар. Онда Мұхаммед пайғамбарға Кәусардың берілгендігі, сол үшін де Жаратушыға намаз оқып, тәспі айту керектігі баяндалған.

Хира – Мұхаммед пайғамбарға ең алғаш уахи келген тау. Оны кейде «Жәбәлун нур», яғни «Нұр тауы» деп те атайды. Меккенің солтүстік-шығысында орналасқан.

Хор – жәннаттағы қыздар. Діни деректерде жәннатқа түскен иманды жанның қасында хор қыздары қызмет ететіндігі туралы айтылған. Қасиетті Құранда хор қыздарының бүкіл кемшіліктен ада, сұлу, адам баласы тұрмақ, жындардың да қолы тимеген таза екендігі айтылған.

Һижрет – Мұхаммед пайғамбар мен оның жарандарының Меккеден Мединеге қоныс аударуы. Мекке мүшріктерінен көп зәбір көрген мұсылмандар 622 жылы Мединеге қоныс аударуға мәжбүр болған. Қоныс бірнеше айға созылған. 638 жылы Хазірет Омардың халифалық кезінде мұсылмандар күнтізбесі ретінде һижри жыл санағы енгізіліп, 622 жыл мұсылмандар жыл санағының басы деп жарияланған.

Шағбан – Мұсылманша һижри жыл санағы бойынша сегізінші айдың аты. Исламдағы қасиетті төрт айдың бірі. Мұсылмандар осы айдың 13–15 күндері сүннет ораза ұстайды. Деректерде шағбан айының 3-күні пайғамбардың немересі Хазірет Хусейн, 5-күні екінші немересі Хазірет Хасан дүниеге келген делінеді. Сондай-ақ осы айдың 15-күні қыбла Құдыстан Меккеге қарай өзгертілген.

Шайтан – Алланың қаһарына ұшыраған жынның аты. Алла оны оттан жаратқан, алайда әміріне мойынсұнбағаны үшін кейін лағынеттеген. Алла адамзат баласын сынап көру үшін шайтанға уақыт берген.

Шариғат – Алла Тағаланың үкімдерінің жиынтығы. Оны кейде фикх деп те атайды. Шариғат үкімдері Құран, сүннет, ижмағ және қиястан тұрады. Орта ғасырлық Шығыс мұсылман елдерінде шариғат үкімдері қатаң орындалып, негізгі саяси-құқыққа ие болған. Бүгінде де кейбір Ислами елдерде шариғат шарттары негізгі ата заңның орнында қолданылады.

Інжіл – Иса пайғамбарға көктен түскен кітаптың аты. Алла Тағала Қасиетті Құранда Мәриям ұлы Исаға Інжіл түсіргендігін бірнеше жерде айтып өтеді. Інжіл кітабы алғашында дұрыс болған. Алайда бертін келе адамдар тарапынан өзгертілген. Себебі Иса пайғамбардың тұсында Інжіл бір кітап етіп жиналмаған әрі оны жазып алушылар да болмаған. Иса пайғамбар көкке ұшып кеткеннен кейін бірнеше адам Інжілдің нұсқаларын жазып шыққан. Уақыт өтісімен Інжілдің нұсқалары көбейе берген. Христиан дінін ұстанушылар арасында қайшылықтар көбейген. Содан 325 жылы император Константин Никеяда үлкен мәжіліс шақырып, сонда Інжілдің барлық нұсқаларын жинатқан. Бұл мәжіліске 2048 патриарх қатысқан. Сонда 2000-нан аса пірадар Інжілдің ондаған нұсқасын алып келген. Сол жерде Інжілдің асыл нұсқасын анықтау мәселесін күн тәртібіне қойған. Ұзақ айтыс-тартыстардан төрт нұсқаны қалдырып, басқаларын жоюға тоқталған. Сол төрт нұсқа мыналар: 1. Мұтта немесе Матфей; 2. Маркос (Марк); 3. Лука; 4. Йуханна нұсқалары. Алайда мұсылмандар бұл нұсқалардың бәріне де күмәнмен қарайды. Себебі мұны жазушылардың бәрі де Иса пайғамбардан кейін өмір сүрген. Ең бастысы – Иса пайғамбар арамей тілінде сөйлеген болса, аталмыш нұсқаның бәрі де латын тілінде жазылған. Інжілдің арамей тіліндегі нұсқасының болмауы жаңағы нұсқаларға деген күдікті арттыра түскен. Сондай-ақ кейінгі кездегі зерттеулерде Інжілдің

Варнава жазған нұсқасы да бар екені анықталып отыр. Ғалымдардың пікіріне қарағанда, бұл нұсқа басқа нұсқалармен салыстырғанда түпнұсқаға ең жақыны болып есептеледі. Алайда мұның өзінде де ауытқушылықтар жетіп-артылады.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абдулла ибн Масғұд – Мұхаммед пайғамбардың жарандарының бірі. Толық аты-жөні – Абдулла ибн Масғұд ибн Рафия ибн Хабиб әл-Хузали (590–653). Лақабы Әбу Әбдірахман. Пайғамбардың қызметінде көп болған. Алла аяттарының мағынасы мен түсу себебін жетік білген ғалым болған. Сондықтан да Мұхаммед пайғамбар: «Кімде-кім Құран ілімін үйренемін десе, Абдулла ибн Масғұдқа барсын, кімде-кім хадис ілімін үйренемін десе, Хұзайфа ибн Йаманға барсын», – деп, ибн Масғұдқа ерекше құрмет көрсеткен. Ең алғаш рет Меккеде кәпірлердің алдында Алланың аяттарын жария оқыған сахаба. Қағбадағы Ибраһим мақамының алдында «Рахман» сүресін жария оқыған. Ислам тарихында болған Ұхūd, Бәдір секілді ғазуаттарға қатысқан ұлық сахабалардың қатарынан. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Куфада қазына бастығы қызметін атқарған. Хазірет Оспанның халифалығы тұсында Мединеде 63 жасында дүниеден өткен.

Адам ата – діни сенім бойынша ең алғаш жаратылған адам және барша адамзат баласының түп атасы. Алла оны топырақтан жаратып, оған өзінің рухынан үрлеген. Содан барша періштелерге оған сәжде жасауға бұйырған. Сонда Ібіліс тәкаппарланып Адамға сәжде жасаудан бас тартқан. Сол күннен бастап Адам мен Ібілістің арасындағы дұшпандық пайда болған. Адам атаның қабырғасынан Хауа ананы жаратқан. Басында екеуі жұмақта өмір сүрген, алайда Ібілістің арбауына ілігіп, жұмақтан қуылған һәм жер бетіне түсірілген. Қабыл, Әбіл деген екі ұлы болған. Сондай-ақ Адам ата ең алғашқы пайғамбар.

Айша – Мұхаммед пайғамбардың сүйікті жары. Хуләфәи рашидин аталған төрт әділ халифтың алғашқысы Хазірет Әбу Бәкір Сыддықтың қызы. Мұхаммед пайғамбар оған һижреттің екінші жылы үйленген. Деректерде оның жастайынан араб әдебиетін жетік білгендігі айтылады. Хазірет Айша (613–678 жж.) Алла елшісінен көптеген хадистер жеткізген. Сахабалар кейбір шарифат мәселелерін келіп сұрап тұрған. Хазірет Әбу Бәкір, Омар және Оспанның халифалығы тұстарында кейде фәтуа да беріп отырған. Өте қарапайым өмір сүрген. Айша анамыз туралы арнайы аят та түскен. Хазірет Айша өткен күнін есіне алғанда: «Мұхаммед пайғамбарға қыздай қосылдым, Алла мен туралы арнайы аят түсірген және пайғамбардың соңғы жаны менің алдымда шықты», – деп мақтанатын болған.

Әбу Бәкір (Сыддық) – Мұхаммед пайғамбардың ең жақын жарандарының бірі. Ең алғашқы мұсылмандар әмірі (Әмирул-муминин). Толық аты-жөні Әбу Бәкір Сыддық Абдулла ибн Әбу Қанһафа ибн Амир (571–634). Исламда әділдігімен ел басқарған «Хуләфәи рашидин» (дұрыс жолмен жүруші халифалар) немесе түркі мұсылман жұртында «шадияр» (Төрт дос) деген атпен танымал болған атақты төрт халифтың алғашқысы. Пайғамбардан кейін Ислам әлеміне халифа болған Әбу Бәкір 632–634 жж. ел басқарған. Мұхаммед пайғамбардың қайын атасы. Мұсылмандар анасы Хазірет Айшаның әкесі. Меккедегі Құрайыш тайпасынан шыққан. Ең алғаш Исламды қабылдаған мұсылман. Дінді қабылдамастан бұрынғы аты Әбді Қағба болған, Хак дінді қабылдағаннан кейін пайғамбардың айтуымен атын Абдулла деп өзгерткен. Сауда-саттықпен айналысқан. Миғраж оқиғасына ең алғаш сенгендіктен де «сыддық», яғни иманы күшті деген атқа ие болған. Өмірінің соңына дейін Әбу Бәкір Сыддық атымен танымал болды. Мұсылмандар

Меккеден Мединеге қоныс аударғанында Мұхаммед пайғамбардың қасында болған «үнгірлес досы». Ислам тарихында Ұхұд, Бәдір, Хәндек, Хұдайбия секілді үлкен қауауаттарға қатысқан. Бар мал-мүлкін Алла жолына арнаған. Ең алғашқы азаншы Біләл Хабашиді құлдықтан сатып алып, азаттық алып берген. Оның халифалығы кезінде Ирак пен Сирия фатх етілген. Рим патшасы Геракыл жіберген отыз мың әскерге қарсы күйрете соққы берген. Ең алғаш рет Құранды жинап, кітап қалпына түсіруге кіріскен. Пайғамбардан 142 хадис жеткізген. Халиф болып тұрған кезінде ел басқару үшін Ақылдастар алқасын құру, әрбір уәлаятқа әкім тағайындау, Бәйтул-мал (қазына) ашу секілді жұмыстарды бір негізге салған. 634 жылы Мединеде дүниеден өткен. Мұхаммед пайғамбардың жанына жерленген.

Әбу Дарда – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі. Шын аты – Уаймир, алайда Әбу Дарда лақабымен танымал болған. Сахабалардың ішіндегі ғалым-ғұламаларынан. Фихх ілімінің білгірі. Хазірет Әбу Бәкірдің тұсында Шам фатх етілгеннен кейін сонда әкім болып тағайындалған. Алла елшісінен 179 хадис жеткізген.

Әбу Жәһіл – Меккенің ақсүйектерінен. Толық аты – Әмір ибн Хишам. Мұхаммед пайғамбардың үгіт-насихатына бар жан-тәнімен қарсы шыққан, сол үшін пайғамбар тарапынан лағынеттелген. Сондықтан да оны мұсылмандар «Әбу Жәһіл», яғни жәһілдіктің әкесі деп атап кеткен. 624 жылы Бәдір соғысында қайтыс болған.

Әбу Ләһәб – меккелік мүшіріктерден. Толық аты-жөні – Әбдулғуза ибн Әбді Мүтәліп (?–624 ж.). Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы және Ислам дінінің қас дұшпаны. Хақ дінге көрсеткен озбырлықтары нәтижесінде «Әбу Ләһәб», яғни «отқа күйөші», «ортенуші» деген лақабымен танымал болған. Оның өзі мен әйелінің жалындап тұрған отқа түсетіндігі туралы Қасиетті Құранның 111-ші сүресінде ашып айтылған. Осылайша Құранда аты аталып, лағынеттелген Ислам дұшпандарының бірі. Оның Атаба және Утайба деген екі ұлы пайғамбардың екі қызына үйленген. Әбу Тәліп дүниеден өткеннен кейін Бәнү Хашим руының көсемі болған. Алғашында Әбу Тәліп секілді пайғамбарға көмектескен, кейін Хақ дінді мойындамастан, Алла елшісіне көп жәбір көрсеткен.

Әбу Һурайра – Мұхаммед пайғамбардың атақты сахабаларының бірі. Толық аты-жөні – Әбдірахман ибн Сахрәл-Дауси Әбдішәмс (602–679 жж.). Пайғамбар оны Әбдірахман деп атаған. Мысықтарды жақсы көрген. Оның етегінде мысық баласының ұйықтап жатқанын көрген пайғамбар оны «Әбу Һурайра», яғни «мысық баласының әкесі» деп атаған. Содан бастап Ислам әлеміне осы атпен танымал болған. Кедей тұрғандықтан да «Әсхабул-суффа» қатарында болған. Пайғамбардың қасынан бір елі де қалмаған. Пайғамбардың айтқан сөздері мен істеген амалдарын жатқа білген. Сондықтан да ол Алла елшісінен 5374 хадис риуаят еткен. Бұл хадистердің 335-і Имам Бұхари мен Имам Муслимнің хадис жинақтарына енгізілсе, 93 хадис тек Имам Бұхариде кездеседі. Ал 189 хадис Имам Муслимнің хадис жинағынан орын алған. Қалған 4757 хадис басқа мұхаддистердің еңбектерінде қамтылған. Хазірет Омардың кезінде Бахрейнге әкім етіп тағайындалған. Кейіннен Хазірет Оспанның кезінде Меккенің қазысы, ал Омаядтар династиясының негізін қалаушы Мұғауияның тұсында Мединенің әкімі болған. Әбу Һурайра 72 жасында Мединеде қайтыс болған.

Әли (ибн Әбу Тәліп) – Мұхаммед пайғамбардың ең атақты жарандарының бірі (600–661 жж.). Ислам әлеміне «Хуләфәи рашидин», яғни «Тура жолмен жүруші халифалар», ал түркі мұсылман жұртына «шадияр», яғни «төрт дос» деген атпен танымал болған төрт әділ патшаның төртіншісі. Исламды ең алғаш қабылдаған сахабалардың бірі. Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы (Хазірет Фатиманың күйеуі). Пайғамбардың немерелері – Хазірет Хасан мен Хусейннің әкесі. Мұхаммед пайғамбарды жастайынан бағып-қағып, ол Хақ дінді алғаш тарата бастағанда оған қолғабыс берген – Әбді Мүтәліптің ұлы Әбу Тәліп

болатын. Анасының аты – Фатима бинт Асад ибн Хашим. Тоғыз жасынан бастап пайғамбардың тәрбиесінде болған. Өте батыр, ержүрек болған. Сондықтан да «Хайдар», яғни «Арыстан» деп аталған. Парсы тіліндегі «Әлішер», яғни «Әли арыстан» аты да осы Хазірет Әлиге тікелей қатысты. Хазірет Оспаннан кейін 656 жылы «мұсылмандар әмірі» болып тағайындалған. 661 жылы Куфа мешітінен шығып бара жатқанында шәһид етілген. Денесі сонда жерленген, кейіннен Нежефке көшірілген. Хазірет Әли заманында көптеген жерлер фатх етілген. Оның дін тарату жолындағы ерліктері мен құлшылық-ғибадатта орындаудағы діндарлығы тарихи кітаптарда кеңінен қамтылған. Пайғамбардың тәрбиесінде болғандықтан да, Алла елшісінен 586 хадис риуаят еткен.

Білал – Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Ислам тарихындағы алғашқы азаншы. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Білал ибн Рабах әл-Хабаші (?–641 жж.). Исламды алғашқылардың бірі болып қабылдаған құл. Иесі Умайя ибн Халаф оны Хақ діннен қайтуын сұраған. Ол бас тартқан. Қожайыны қатты азаптаған. Содан оны Хазірет Әбу Бәкір сатып алып, оған бостандық алып берген. Мұсылмандармен бірге Мединеге hijрет еткен. 622 жылы алғаш азан айту мүмкіндігі Білалға нәсіп болған, содан пайғамбардың азаншысына айналған. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін қайта азан айтпаған, Шамда өмір сүрген. Бір рет Мединеге келгенінде Хазірет Хусейннің өтінішімен азан айтқан деген дерек бар. Қабірі Дамаскіде.

Дәуіт пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Бәни Исраил қауымына түсірілген. Ол әрі пайғамбар, әрі патша болған. Дәуіт пайғамбарға Зәбур кітабы түскен. Алланың бұл кітабы, негізінен, өлең түрінде түсіріліп, Жаратушыны мадақтайтын бәйіттер мен діни құлшылық-ғибадаттар қамтылған. Дәуіт пайғамбар Талут әскерлерінің қатарында қызмет етіп жүргенінде Жалутты жекпе-жекте жеңіп, ел арасына атағы тараған. Дәуіт пайғамбар патша бола тұра өте қарапайым өмір сүрген. Күндерді төртке бөліп, бірінші күні Аллаға құлшылық-ғибадат етумен өткізсе, келесі күні халық арасына шығып, үкім шығарумен айналысқан. Тағы бір күні халыққа үгіт-насихат айтса, тағы бір күнді өзінің жеке істеріне арнаған. Алла Тағала Дәуіт пайғамбарға ұсталықты берген. Бұл туралы «Саба» сүресінің 10–11-ші аяттарында және «Әнбия» сүресінің 80-ші аятында баяндалған. Құранда Дәуіт пайғамбардың есімі он алты жерде кездеседі. Онда Дәуіт пайғамбарға құлшылық еткенде айналадағы аң-құстар да бірге тәспі айтатын болған. Дәуіт пайғамбардан кейін бар патшалық Сүлеймен пайғамбарға мирас болып қалған.

Жақып пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Ысқақ пайғамбардың ұлы, ал Жүсіп пайғамбардың әкесі. Алланың хақ дінін насихаттаған. Он екі ұлы болған. Солардың ішінен Жүсіп пайғамбарды жақсы көрген. Барша йәһудилер Жақып пайғамбардың он екі ұлынан тарайды деген дерек бар.

Жүсіп пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Жақып пайғамбардың ұлы. Адамзат баласының ішіндегі ең сұлуы болған. Алла Тағала оған түс жору қасиетін берген. Жас кезінде бауырлары құдыққа тастап кеткен. Мысырға бара жатқан керуен оны алып кетіп, құл ретінде сатқан. Содан Мысырдың бас уәзіріне дейін көтерілген. Түс жору қасиетінің арқасында мысыр халқын аштықтан сақтап қалған. Қасиетті Құранның 12-ші сүресі «Жүсіп» деп аталып, оның ең әдемі қисса екендігі айтылған.

Ибн Аббас – Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы. Әл-Аббас, Әбул Аббас аттарымен де танымал болған. 619–686 жж. өмір сүрген. Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабалары туралы мәліметтер мен олардың айтқан сөздерін топтастыруды ең алғаш қолға алған. Құран ілімі мен Ислам тарихын жетік бігендіктен де заманында «Хәрубул-умма», яғни «үмметтің данышпаны» деген лақап атқа ие болған.

Ибраһим (ибн Әдһам) – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі, өзінен кейін шыққан барша пайғамбарлардың бабасы. Атақты пайғамбарлар Исхақ пен Исмайылдың әкелері. Деректер бойынша бүгінгі араб пен йәһуди халқының түп атасы. «Халилулла» (Алланың досы), «Хәниф» (Жалғыз Алланың жолын ұстанушы) деген аттармен танымал болған. Ежелгі Бабылда дүниеге келген. Отқа, жұлдызға, күнге табынушыларға қарсы шығып, Жалғыз Аллаға құлшылық етуге шақырған. Әкесі мен басқа да халықтар сиынып жүрген пұттарды сындырған. Сол үшін де оны жазаламақ мақсатымен отқа тастаған, алайда Алланың құдіретімен оттан аман-есен шыққан. Исламдағы құрбандық шалу, қажылық жасау, сүндетке отыру секілді амалдардың бәрі осы Ибраһим пайғамбардан қалған. Меккедегі Бәйтулланы, яғни Алланың үйін тұрғызған. Бүгінде сол Харам мешітінде «Ибраһим мақамы» деген жер бар, деректерге қарағанда сол жер Ибраһим пайғамбардың құлшылық ететін орны болған. Сондай-ақ оның 175 жыл өмір сүріп, Мәдинәтул Халилға (Палестина) жерленгендігі айтылады. Ибраһим пайғамбар туралы мәлімет Қасиетті Құранның 24 жерінде кездеседі.

Имам Ағзам (Әбу Ханифа Куфи) – Ислам әлеміне аты кеңінен танылған фикһ және хадис ілімдерінің білгірі, Имам Ағзам фикһтық мектебінің (мәзһабының) негізін салушы. Толық аты-жөні – Нұғман ибн Сәбит әл-Куфи (699–767). Куфада бай дәулетті, оқымысты отбасында дүниеге келген. Өзінің білімінің арқасында «Имам Ағзам», яғни «Ұлы Имам» деген атаққа ие болған. Әкесінен қалған бар байлықты ілім үйренуге жұмсаған. Жастайынан Құранды жатқа білген. Кәләм мен Мантық ілімдерін үйренген. 22 жасында ирақтық атақты ғалым Хаммад ибн Әбу Сүлейменнен дәріс алған. Кейін өзі де Куфа мен Басраның ең атақты ғалымы ретінде танылып, көптеген шәкірттер тәрбиелей бастаған. Өте қарапайым және аса діндар болған. Қырық жыл бойына құптан намазының дәретімен таң намазын оқығаны, өмірінде елу бес рет қажылық жасағаны туралы деректер бар. 747–748 жж. Ирак әкімі Ибн Хубайраның қуғындауынан Меккеге кеткен. Кейін, билік басына Аббасидтер династиясы келгенде, Иракқа қайта келіп, ғалымдық ісін жалғастырған. Халифа Мансур (754–775 жж.) Бағдатта қазы болуы өтінген, алайда ол бас тартқан. Содан халифқа қарсы шыққаны үшін зынданға тасталған. Сонда дүниеден өткен.

Әбу ханифа бірінші болып фикһ ілімінің негізін қалап, оны баптарға ажыратып, ретке келтірген және кітап ретінде дайындаған. Бірнеше еңбектер жазған. Солардың негізгілері – «Китәбус-салат» («Намаз туралы кітап»), «Китәбул-Мәнасик» («Қажылық туралы кітап»), «Китәбуш-шурут» («Шарттар туралы кітап»), «Китәбул-фәраиз» («Мирас ілімі туралы кітап»), «Китәбул-әлим уә мутәғәллим» («Ұстаз бен шәкірт туралы кітап»), «Китәбул-фикһул-әкбәр» («Үлкен фикһ кітабы») және «Китәбул-уәсиға» («Өсиетнама кітабы»).

Бірнеше шәкірт тәрбиелеген. Олардың басым бөлігі Ислам әлеміне кеңінен танылған. Солардың қатарында Имам Шафиғиға дәріс берген Мұхаммед ибн Хасан, «Қазылардың қазысы» деген лақапқа ие болған Әбу Жүсіп, атақты фикһ және хадис ілімдерінің білгірі Зүфар ибн Хузайл, бірнеше діни еңбектердің авторы Хасан ибн Зийад және т.б. ғалымдардың есімдері зор құрметпен аталады.

Имам Ахмет ибн Ханбал – Әһлі сүннеттегі Ханбали мәзһабының негізін қалаушы, діндар ғалым. Ислам әлеміне Имам Ханбал атымен танымал болған (780–855 жж.). Жастайынан дін ілімдеріне қанық болып, фикһ, хадис ілімдерін терең үйренген. Сол заманның атақты ғалымдары Әбу Жүсіп пен Имам Шафиғидан дәріс алған.

Әһлі сүннет жолын жақтап, мұғтазилиттерге қарсы шыққан. 816–833 жж. Бағдатта дәріс беріп, фикһ ілімімен айналысқан. Аббаситтік халифтар Мағмун (813–833), Муғтасим (833–842) және Уасиктар (842–847) тұсында мұғтазилиттер пікірі ресми көзқарас ретінде қабылданған кезде көптеген ғалымдар қудаланған. Солардың қатарында Ахмет ибн Ханбал да болған. Өз пікірінен қайтпағандықтан да екі жыл түрмеде отырған. Түрмеден шыққаннан кейін өзінің діни ұстанымын жалғастыра берген. Ислам ақидасы, құлшылық-ғибадаты туралы бірнеше шығармалар жазған. Солардың ішіндегі ең танымалы – Алла елшісінің отыз мың хадисін жинақтаған «Муснад» деген еңбегі.

Имам Мәлік – Әһлі сүннет уәл жамағаттағы Мәлики мәзһабының негізін қалаушы, атақты фәкіһ, мұхаддис ғалым. Толық аты-жөні – Мәлік ибн Анас Әбу Абдулла (713–795 жж.). Мединеде дүниеге келген. Ислам дінінің ілімдерін жетік меңгерген, сондықтан да «Медине имамы» деген атқа ие болған. Шәкірттер тәрбиелеген. Оның шәкірттерінің арасында шәфиғи мәзһабының негізін салушы Мұхаммед ибн Ыдырыс Шафиғи (?–820 жж.) және атақты мұхаддис Мұхаммед Шайбанилар болған. Имам Мәлік Мұхамед пайғамбардың өсиеттерін қырық жыл жинақтап, кейін «әл-Муаттағ» аталған хадистер жинағын жазған.

Имам Шафиғи – Әһлі сүннеттегі Шафиғи мәзһабының негізін қалаушы, діндар ғалым, факиһ. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Ыдырыс ибн Аббас әш-Шафиғи (767–820 жж.). Екі жасында анасы Меккеге алып келген. Сонда Құран жаттаған. Меккенің мүфтиі муслим Халид әз-Занжи мен Мединеде Имам Ханбалдан тәлім алған. Көп жерлерге сапар шеккен. Имам Ағзамның шәкірті Мұхаммед ибн Хасанмен Бағдатта жақын араласып, сол жерде өзінің жолын салған. Имам Шафиғидың «Әр-Рисала» және «Әл-Умм» деген еңбектері бар.

Иса пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Оны кейде «Иса Мәсіх», «Ибн Мәриям» деп те атайды. Пайғамбарлықтың енуі жағынан Мұхаммед пайғамбардың алдында өмір сүрген. Отыз жасқа жеткенінде Бәни Исраил қауымына пайғамбар етіп жіберілген. Қасында он екі жараны (хауари) болған. Алла Тағала оған алапес ауруын жазатын, соқырдың көзін ашағын және т.б. мұғжизалар берген. Мұсылмандар Иса пайғамбардың Аланың ұлы емес, қайта Алланың елшісі екендігіне, қыз Мәриямнан дүниеге келгендігіне, оған Інжіл кітабының түскендігіне және оның көкке ұшып кеткендігіне сенеді.

Исмайыл пайғамбар – Қасиетті Құранда ата аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Ибраһим пайғамбардың ұлы. Ибраһим пайғамбардың Хажар деген әйелінен дүниеге келген. Деректерде Ибраһим пайғамбардың Сара деген бәйбішесінен туылған Исхақ пайғамбардан йәһудилер тараса, осы Исмайыл деген ұлынан бүгінгі арабтардың тарағандығы айтылады. Пайғамбарлар тарихына қатысты қиссаларда Исмайыл пайғамбардың өмірі туралы қызықты хикаялар баяндалған. Исламның бесінші шарты – қажылықта өтелетін амал-құлшылықтардың басым бөлігі дерлік осы Ибраһим мен Исмайыл пайғамбарлардың өмірімен тікелей байланысты. Қасиетті Құран аяттары мен қиссаларда баяндалуынша, Ибраһим пайғамбар Хажарға үйленгеннен кейін Исмайыл пайғамбар дүниеге келеді. Бәйбішесі Сараның айтуымен сәбилі ананы бүгінгі Араб түбегіне алып келіп тастайды. Жапан далада қалған ана кішкентай сәбиіне су тауып беремін деп, Сафа мен Маруа тауларының арасында сағым қуып жеті рет жүгіреді. Сол кезде қатты шөліркеген Исмайыл жерді өкшесімен тепкенде, Алланың қалауымен зәмзәм суы шығады. Сондай-ақ малды құрбандыққа шалу дәстүрі де осы Ибраһим пайғамбар мен Исмайыл пайғамбардан қалғандығы айтылады. Бұл туралы көптеген шайырлар қалам тербеген. Солардың бірі – XII–XIII ғғ. өмір сүрген Сүлеймен Бақырғанидың «Исмайыл қиссасы» деген дастаны бар. Деректерде Исмайыл пайғамбардың 137 жыл өмір сүргендігі, өмірінің соңында Меккеде дүниеден өтіп, анасы Хажардың қасына жерленгендігі айтылады.

Исхақ пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Үлкен пайғамбар Ибраһимнің бәйбішесі Сарадан туылған ұлы. Риуаяттарда оның бүгінгі йәһудилердің түп атасы екендігі айтылады. Деректерде Сара тоқсанға келгенде босанған делінеді. Содан атын «Йазхак» (күледі деген мағына береді), яғни жасы келген кемпірдің босанғанына күледі деп қойған. Исхақ пайғамбар Рифқа деген қызған үйленіп, одан Йусу және Жақып деген екі ұл сүйген. Жақып кейін аталары секілді пайғамбар болған. Исхақ пайғамбардың 180 жыл өмір сүргендігі, қабірі бүгінгі Мәдинәтул Халилда (Палестина) екендігі айтылады. Қасиетті Құранның төрт жерінде Исхақ пайғамбардың есімі зор құрметпен аталған.

Лұт – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Хазірет Ибраһим пайғамбармен бір заманда жасаған. Месопатамияда туған, кейіннен Палестинаға келген. Өз қауымын Хақ дінге шақырған, алайда халық оны қабылдамаған. Деректерде Лұт қауымының бұзылғандығы соншалық, жаман істердің кең етек алғандығы айтылады. Сонда Алла Тағаладан Лұтқа қаланы тастап шығу туралы қаулы келеді. Лұт пайғамбар қаланы тастап шыққанда ондағы халықтың бәрі апатқа ұшырайды. Лұт пайғамбар туралы мәлімет Қасиетті Құранның 17 жерінде кездеседі.

Мұса – Қасиетті Құранда аты аталған үлкен пайғамбарлардың бірі. Мұса пайғамбарға көктен «Тәурат» кітабы түскен. Алла Тағаламен сөйлескендіктен де, Мұса «Кәлимулла» (Алламен сөйлесуші) деп те атайды. Мысырда дүниеге келген. Сол заманның ең жауыз патшасы Ферғауынды Хақ дінге шақырған. Алла Тағала Мұса пайғамбарға бірнеше мұғжиза берген. Сол Алла берген мұғжизаның арқасында қалтасынан қолын шығарғанда жалтырайтын, қолындағы аса таяғы аждаһаға айналатын болған. Хазірет Шұғайып пайғамбардың екі қызына үйленген. Алла Тағала Хақ дінді насихаттауда Мұса пайғамбарға ағасы Харунды көмекші етіп берген. Алайда Ферғауын оның үгіт-насихатына құлақ аспастан, оны қудалаған. Сонда Мұса пайғамбар йәһудилерді ертіп, Ніл өзенін кешіп өтіп, бүгінгі Таяу Шығысқа алып келіп қоныстандырған. Ізінен қып келе жатқан Ферғауын мен оның қалың қолы Ніл өзеніне батып кеткен.

Мұртаза – Хазірет Әлидің лақап аты. *Қараңыз:* Әли.

Мұғаз (ибн Жәбәл) – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Толық аты-жөні – Әбу Әбдірахман Мұғаз ибн Жәбәл ибн Амр әл-Ансари (603–638 жж.). Мединеде дүниеге келген. Он сегіз жасында мұсылман болып, екінші Акаба келісіміне қатысқан. Қауымына келіп, Хақ дінді насихаттаған. Хунейн мен Тайфтағы ғазуаттардың бәріне қатысқан. Мұхаммед пайғамбар Хнейн соғысына кетіп бара жатып, Мұғазды Меккеге әмір етіп тағайындап кеткен. Нижреттің тоғызыншы жылы Әбу Мұса әл-Ашғаринмен бірге пайғамбар атынан Йеменге елші болып барған. Мұғаз Алла елшісіне 157 хадис риуаят еткен. Қасиетті Құранды жатқан білген. Деректерде оның пайғамбардың өзінен Құран үйренуге қол жеткізген төрт сахабаның бірі, сондай-ақ сол дәуірдегі фәтуа бере алатын алты адамның бірі болғандығы айтылады.

Мұхаммед ибн Абдулла – Алла Тағала тарапынан барша әлемге жіберілген соңғы елші, Ислам дінінің ардақты пайғамбары. 570 жылы Меккеде туып, 632 жылы Мединеде дүниеден өткен. Құрайыш тайпасының Хашим руынан. Әлеуметтік жағынан орташа отбасында туғанымен де, Мекке аксүйектеріне жақын әулеттен болған. Әкесінің аты – Абдулла, пайғамбар дүниеге келместен бұрын дүниеден өткен. Алты жасқа келгенінде анасы Әмина қайтыс боған. Содан атасы Әбдімүтәліптің қолында тәрбиеленген. Атасы дүниеден өткеннен бастап немере

ағасы Әбу Тәліптің қолында ержеткен. Жиырма бес жасқа келгенінде Хадишаға үйленген. Одан Абдулла, Қасым, Тайиб, Заһир деген төрт ұл және Зейнеп, Рұқайя, Үммү Күлсім, Фатима деген төрт қыз сүйген. Ұлдарының бәрі жастай шетінеген. Абдулла ұлы Мұхаммед 63 ғұмыр кешіп, соның 23 жылында Хақ дінін насихаттаған. Оған Алланың кітабы Құран үзік-үзік қалпында 23 жыл бойына түскен. 622 жылы Меккеден Мединеге һижрет еткен. Сонда алғашқы ислами мемлекеттің негізі қаланған. Дін тарату жолында бірнеше ғазауаттарға қатысқан. Мұхаммед (Алланың оған сәлемі болсын) барша адамзат баласына мейірім пайғамбары болып жіберілгендіктен де, барша халықты Бір Алланың хақ, ал өзін Алланың құлы әрі елшісі деп иман келтіруге, Жаратушыға құлшылық-ғибадат етуге, жамандық істерден аулақ болып, игі істер мен жақсы амалдарды жасауға бұйырған. Сондай-ақ қайырымды, мейірімді болуға, кісі ақысын жемеуге, жалған, өтірік айтпауға және т.б. адами қасиеттерді аяқасты етпеуге шақырған. Оның атырабына жиналған жарандары сахабалар деп аталған. Олар пайғамбар дүниеден өткеннен кейін де Хақ дінді насихаттап, пайғамбар өсиетіне берік болған. Мұхаммед пайғамбар араға он жыл салып, қасына 100 мыңға тарта жарандарын ертеп, соңғы қажылығын өтеу үшін Меккеге келді. Сонда Ислам тарихында ерекше орны бар «Қоштасу қажылығын» жасады. Бұл қажылықта пайғамбар өзінің 23 бойына Алланың үкімін жеткізгенін, мұсылмандар Алланың кітабы мен пайғамбардың өсиетіне берік болса, тура жолдан таймайтынын нықтап жеткізді. Меккеде біраз күн болып, Мединеге келді. Сол жылы, алпыс үш жасына қараған шағында, 632 жылы Медине шаһарында дүниеден өтті. Пайғамбар дүниеден өткенімен де, оның жеткізген Ислам діні күн сайын айнала-төңірекке тарала бастады. Алғашқы төрт әділ халиф тұсында көктен енген Қасиетті Құранды біріктіру жағы қолға алынды. Көп уақыт өтпестен пайғамбардың айтқан өсиеттері мен жасаған амалдарын жинау жағына баса назар аударылып, мұхаддистер хадис ілімінің негізін қалады. Мұхаммед пайғамбардың уағыздаған Хақ дінін бұл күнде бір жарым миллиардтан артық үметі ұстанады. Бұл да болса, соңғы діннің мәңгілік өміршендігінен хабар берсе керек.

Нұх пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын ұлық пайғамбарлардан. 950 жыл өмір сүрген. Өз қауымын Хақ дінге шақырған, алайда қауымы оның үгіт-насихатына құлақ аспастан, оған қарсы шыққан. Сонда Алла Тағалаға жалбарынып, имансыздарды жазалауын сұраған. Алла оған үлкен кеме жасауға бұйырған. Кеме дайын болғанда Алла Нұх пайғамбарға әр жануардан бір жұптан салуды және өзіне ерген имандыларды да кемеге отырғызуды бұйырған. Жер бетін топан су қаптаған. Имансыздың бәрі опат болған. Бірнеше айдан кейін кеме Жуди тауына тоқтаған. Қасиетті Құранда «Нұх» деген сүре де бар. Сондай-ақ Қасиетті кітаптың 43 жерінде Нұх пайғамбар туралы мәлімет берілген.

Омар (уби Хаттаб) – Ислам әлеміне Хуләфәи рашидин деген атпен танымал болған төрт әділ халифтың бірі. Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Тірі кезінде жұмакпен сүйіншіленген он сахабаның бірі. Дін жолындағы барша ғазауаттарға қатысқан. Хазірет Әбу Бәкірден кейін халифалық таққа отырған. Оның халифалығы тұсында Ирак, Сирия, Мысыр, Ливия, Иранның біраз бөлігі фатх етілген. Оның басшылығы кезінде көптеген саяси-әлеуметтік өзгерістер болған. Сахабалар мен ғазауатшыларға арнайы айлық тағайындалған, оларға азық-түлік үлестіріліп тұрған. «Мұсылмандар әмірі» деген лауазымды бірінші болып иеленген. Сол кезде мұсылмандар жыл санағы һижри болып бекітілген. Деректерде оның әділ, батыр әрі көреген басшы болғандығы айтылады. Оның

дәуірін Ислам тарихшылары «Алтын дәуір» деп есептейді. 644 жылы Басра әмірі Мұғира ибн Шұғбаның христиан құлы Әбу Лулуат тарапынан өлтірілген. Денесі Мұхаммед пайғамбар мен Хазірет Әбу Бәкірдің қасына қойылған.

Оспан (ибн Аффан) – Ислам әлемінде Хуләфәи рашидин деген атпен танымал болған төрт әділ халифтың үшіншісі (575–656 жж.). Исламды алғаш қабылдаған пайғамбар сахабаларынан. Тірі кезінде жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі. Алғашында пайғамбардың Рүқия деген қызына үйленген, кейін ол қайтыс болғаннан кейін екінші қызы Үммү Күлсімге үйленген. Сондықтан да «Зиннурейн», яғни «Екі нұрдың иесі» деген атқа ие болған. Хазірет Омардан кейін мұсылмандар тарапынан халиф етіп сайланған. Оның билігі кезінде Сасанидтер билігі түгелімен фатх етілді, оның бұйрығымен Қасиетті Құран кітап қалпына келтіріліп, жеті нұсқаға көшіріліп, жан-жаққа жіберілген, Мединедегі пайғамбар мешіті кеңейтілген, Рума арығы қазылған. Ислам дұшпандары оған қарсы шыққан. Мединеде Құран оқып отырған жерінде шәһид етілген.

Сүлеймен – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Дәуіт пайғамбардың ұлы. Он үш жасынан таққа отырып, патша болған. Деректерде Алла Тағала оған жер бетіндегі барша мақұлықтардың тілін білетін қасиет берген. Желді пырақ қылып мінген. Хақ пайғамбар болып, қауымын тура жолға шақырған. Саба елінің күнге табынушы патшайымы Билкесті (кейде Балқис) Хақ дінге үгіттеген. Пайғамбарлардың ішінде оның мал-мүлкі мен патшалығына сай келетін пайғамбар болмаған. Қасиетті Құранның 17 жерінде Сүлеймен пайғамбар туралы мәлімет берілген.

Фатима – Мұхаммед пайғамбардың төрт қызының бірі. Анасының аты Хазірет Хадиша. Толық аты-жөні – Фатима бинт Мұхаммед әз-Заһра (605–632 жж.). Меккеде туған. Мұсылмандар әмірі Хазірет Әлиге тұрмысқа шыққан. Пайғамбардың немерелері Хазірет Хасан мен Хазірет Хусейннің анасы. Пайғамбардың ұрпағы Фатимадан тарайды. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін алты айдан соң дүниеден өткен.

Хадиша – Мұхаммед пайғамбардың сүйікті жары (555–620 жж.). Пайғамбар жиырма бес жасқа келгенінде Хадишаға үйленген. Алла елшісіне ең алғаш уахи келген уақытта біріншілерден болып Хақ дінді қабылдаған. Пайғамбар Хадишадан төрт ұл (Абдулла, Қасым, Тайиб және Заһир), төрт қыз (Зейнеп, Рұқайя, Үммү Күлсім және Фатима) сүйген.

Хамза – Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы. Толық аты-жөні – Сәйидуш-шуһәда Әсадулла Әбу Умара Хамза бин Әбді Мүтәліп бин Хашим бин Әбдімәннаф әл-Құрайыши әл-Хашими (570–625 жж.). Меккеде туған. 612 жылы Хақ дінді қабылдаған. Оның мұсылмандар қатарына өтуі мүшріктерге қатты соққы болып тиген. Хақ дінді тарату жолындағы қазауаттарға қатысып, ерліктер көрсеткен. Сондықтан да «сәйидуш-шуһәда», яғни «шәһидтердің қожасы», «әсадулла», яғни «Алланың арыстаны» деген лақап аттарға ие болған. Меккеден Мединеге hijрет еткенде, Мекке мүшріктерінен ешбір тайсалмастан, ашық түрде қоныс аударған. Ислам тарихында орны бар Ұхд соғысында Жубәйр ибн Мутғимның хабаштық құлы Уахши ибн Харб тарапынан шәһид етілген.

Хасан – мұсылмандар әмірі болған Хазірет Әлидің (Хазірет Фатимадан туған) ұлы. Мұхаммед пайғамбардың немересі. Толық аты-жөні – Хасан ибн Әли (625–669 жж.). Мединеде дүниеден өткен.

ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Арафат – Мекке қаласынан 20 км қашықтықта орналасқан, ұзындығы 11–12 км, ал кеңдігі 6,5 км келетін таудың аты. Қажылыққа барғандар зулхижжа айының тоғыз күні осы Арафат тауына шығып, күн батқанша Аллаға дұға жасап, Жаратқанға жалбарынады. Діни түсінік бойынша жәннаттан қуылған Адам ата мен Хауа ана осы жерде қайта табысқан делінеді. Сондай-ақ Ибраһим пайғамбарға қажылықтың шарттарын үйретіп жүрген Жебірейіл періште: «Мына жер – Арафат. Қажылық амалдарының осы жерде кемелдікке келетінін біліп алыңдар, осы жерде күнеларының кешірілуін сұраңдар», – деген. Осы Арафат төбесінде «Жәбәлир рахмә», яғни «Мейірім тауы» деген жер бар. Мұхаммед пайғамбар дүниеден өтерінен 81 күн бұрын, һижреттің оныншы жылы Мединеден Меккеге қажылыққа келіп, арафа күні сол жерде өзінің «Қоштасу уағыздарын» айтқан. Қоштасу уағызы айтылған жер бұл күнде ақ түске боялып қойылған.

Басра – Оңтүстік Иракта Хазірет Омардың халифалығы кезінде салынған шаһар. Бағдаттың оңтүстік-шығысында 420 км қашықтықта Ефрат пен Тигр өзендерінің түйісетін жерден оңтүстік-батысқа қарай 50 км қашықтықта орналасқан.

Бәйтул Мақдис – Құддыс шаһарында ежелден киелі саналған құлшылық үйі. Мұны кейде Бәйтул Мұқаддас (Қасиетті үй) деп те атайды. Себебі бұл ғибадатхана христиандар, йәһуди және мұсылмандар үшін де қасиетті саналады. Орта ғасырларда ол жерлер «Харам шәриф» деп аталып, оның құрамына Ақса мешіті, Құббатус-сахра секілді және т.б. құлшылық үйлері кірген. Қасиетті Құранда Мұхаммед пайғамбардың Миғражға көтерілерде осы Бәйтул Мақдиста болғандығы айтылған. Исламның алғашқы жылдарында, яғни Мединеге һижрет еткеннен кейін екі жылдай шамасында мұсылмандар Бәйтул Мақдиске қарап намаз оқыған. Кейін Алланың қалауымен қыбла Қағба болып өзгертілген. Бәйтул Мақдис Хазірет Омардың халифалығы тұсында мұсылмандардың қолына өткен. 705–715 жж. Ақса мешітінің қайта жөндеуі, сондай-ақ Құббатус-сахра мешітінің салынуы бұл жерлерді діни орталыққа айналдыра білді. Сол кезден бастап бұл жер бұрынғы аты Илия деп емес, арабша Құддыс деп атала бастады. Құддыс шаһары XI–XIII ғғ. ірі діни-саяси ұрыстардың ортасына айналды. Батыстан келген кресшілер мен мұсылмандар арасында кескілескен соғыстар болған. 1517 жылдан бастап Осман империясының қарамағына өткен. Бәйтул Мақдис бұл күнде Израил мемлекетінің қарамағында.

Дәжла – Месопотамиядағы Тигр өзені.

Ефрат – бүгінгі Ирак жеріндегі өзеннің аты. Ефрат және Тигр өзендерін Қос өзен деп те атайды.

Жуди – Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған тау. Жуди тауы Түркияның оңтүстік-шығыс жағында, Түркия-Ирак шекарасынан 15 км қашықтықта, Тигр өзені сағасындағы Жизрадан солтүстік-шығысқа қарай 32 км қашықтықта орналасқан. Қасиетті Құранда Нұх пайғамбардың кемесі осы Жуди тауына тоқтағандығы айтылған.

Зәмзәм – Меккеде Харам мешітінің ішіндегі қасиетті бұлақ. Қағбаның жанында. Деректерде зәмзәмнің шығуы Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмайылдың дүниеге

келуімен байланыстырылады. Ибраһим пайғамбар әйелі Хажар босанған уақытта жас сәбиімен бірге бүгінгі Харам мешітінің орнына алып келеді. Күн ыстық болғаннан кейін бала шөлдейді, анасы су іздеп шарқ ұрып жүрген уақытта, Исмайыл өкшесімен жерді теуіп қалғанда, зәмзәм суы шыға келеді. Сондықтан да зәмзәм суы мұсылмандар үшін қасиетті саналады. Зәмзәм суы асқазан-ішек, қан тамыры және басқа ауруларға ем екендігі анықталған.

Куфа – орта ғасырлық шаһардың аты. Ол жерден Ислам әлеміне белгілі көптеген ғалымдар шыққан. Бүгінгі Ирактың территориясында орналасқан.

Қағба – Ислам дініндегі ең киелі жер. Кейде оны «Бәйтулла», яғни «Аланың үйі» деп те атайды. Әлемдегі ең үлкен мешіт саналатын Харам мешітінің қақ ортасында орналасқан. Ұзындығы 15 м, ені 10х12 м. Қағбаның сырты қара матамен (кисуа) оралып, оған Қасиетті Құранның Мекке және қажылыққа қатысты аяттары жазылып қойылады. Қағбаның сыртқы батыс жағында көктен түскен қара тас бар. Оны «Хәжәрул әсуад» деп атайды. Солтүстік-шығыс жағында жерден екі метрдей биіктікте есік орналасқан. Діни риуаяттарға қарағанда, Қағба Шис пайғамбар тұсында құрылған, Ибраһим пайғамбар тарапынан жөнделген және Мұхаммед пайғамбар арқылы кәпірлерден тазартылған. 624 жылдан бері әлемнің барша мұсылмандары осы Қағбаға қарап намаз оқып келеді.

Камус – араб түбегіндегі жердің атауы.

Маруа (-Сафа) – қажылықта өтелетін құлшылық орны. Мұсылмандар осы екі төбенің арасында жүгіреді. Оны сағи деп атайды. Сағи Сафа тауынан басталып, Маруада аяқталады. Екі төбенің арасы 450 метр.

Мәдәйін – орта ғасырлардағы Сасанидтердің бас қаласы. Бүгінгі Бағдаттан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км қашықтықта Тигр өзенінің екі жағасына бір-біріне қарама-қарсы салынған жеті қала. Сондықтан да арабша «мәдәйін», яғни «қалалар» деп аталған. Мәдәйін 637 жылы сапар айында атақты сахаба Сағд ибн Әбу Уақкас тарапынан фатх етілген.

Медине – Бүгінгі Сауд Арабиясының солтүстік-батыс жағында орналасқан қала. Оны кейде «Мәдинәтун-нәбәуия» яғни «Пайғамбар қаласы», «Мәдинәтумунәууэрә» яғни «Нұрлы Медине» деп те атайды. Ежелгі атауы – Йасриб. 622 жылы мұсылмандар Меккеден Мединеге һижрет еткен күннен бастап, Медине діни орталық ретінде мойындалған. Мұхаммед пайғамбардың қабірі сонда. Мұсылмандар үшін ардақты болып есептелетін «Мәсжидун-нәбәуи», яғни «Пайғамбар мешіті» де сол қалада. Қажыға барған мұсылмандар Меккеде қажылық шарттарын орындап болғаннан кейін, көбінесе осы Пайғамбар мешітіне соғып, Алла елшісін зиярат етеді.

Мекке – бүгінгі Сауд Арабиясының батысында, Қызыл теңізден 80 км қашықтықта орналасқан мұсылмандардың қасиетті қаласы. Оны кейде «Уммул-Құрра», «Уммул-мәдәйн», яғни «Қалалар анасы» деп те атайды. Құранда бұл атау «Бәккә» болып кездеседі. Мұхаммед пайғамбарға түскен сүрелердің басым бөлігі (114 сүренің 86-сы) осы шаһарда түскен. «Бәйтулла», яғни «Аланың үйі» делінетін Қағба осы қаладағы Харам мешітінде. Мұхаммед пайғамбар осы қалада дүниеге келген және өзінің алғашқы үгіт-насихаттарын осында бастаған. 622 жылы Мединеге һижрет еткен. 630 жылы Мекке мұсылмандар тарапынан фатх етілген. Сол күннен бастап бұл шаһар Ислам әлеміндегі қасиетті жер саналып келеді.

Мина – қажылық рәсімі орындалатын жер. Мекке мен Мұздалифаның арасында, Харам мешітінен солтүстік-шығысына қарай 7 км қашықтықта орналасқан.

Қажылықтағы шайтанға тас ату, құрбандық шалу секілді рәсімдер сол төңіректе өтеді.

Мұздалифа – қасиетті шаһар Меккенің төңірегінде орналасқан жер. Қажылыққа барған мұсылмандар қажылық құлшылығын өтеу барысында осы жерде шайтандарға тас лақтыру рәсімін жасайды.

Мысыр – Солтүстік-шығыс Африкада орналасқан араб елі.

Нәжәф – бүгінгі Ирактағы қаланың аты, Куфадан батысқа қарай 10 км қашықтықта орналасқан жердің аты. Деректерде Хазірет Әлидің кабірі сонда екендігі айтылады.

Сафа (- Маруа) – қажылықта өтелетін құлшылық орны. Мұсылмандар осы екі төбенің арасында жүгіреді. Оны сағи деп атайды. Сағи Сафа тауынан басталып, Маруада аяқталады. Екі төбенің арасы 450 метр.

Тур Сина – Мұса пайғамбардың Жаратушымен тілдескен тауы. Мұса пайғамбар Алланы көрмекші болып, осы тауға шыққан. Алайда көруге шамасы келместен естен танып қалған.

Хайбар – Мединенің солтүстігінде орналасқан өлке. VI–VII ғғ. ол жерлерде негізінен йәһудилер мен солардың дінін қабылдаған арабтар тұрған. Жері шалғын, егінге ыңғайлы, құрма ағаштары көп өсетін мекен болған. Ислам дұшпаны саналатын Хайбар йәһудилерін жазалау үшін мұсылмандар сол жерлерді фатх еткен, содан бастап Хайбар мұсылмандар қарамағына өткен.

Хайфа мешіті – Мекке мен Мұздалифаның арасындағы Минадағы мешіт. Деректерде сол жерде Мұхаммед пайғамбар «Қоштасу құтпасын» оқып, кейін жамағатпен намаз оқыған делінеді. Сол жерге кейіннен осы Хайфа мешіті құрыған.

Хәжәрул әсууд – Меккедегі Қағбаның ішіндегі қара тас. Қағбаның қабырғасына жабыстырыла қойылған. Діни деректерде ол тастың жұмақтан келгендігі айтылады. Сондықтан да мұсылмандар үшін қасиетті саналады. Қажылыққа барғандар сол тасты ұстауға, сүюге тырысады. Оған шамасы келмегендер қара тастың тұсына кегенде алыстан қолымен ишара жасап, қолын сүйеді.

Хұдайбие – Меккенің батыс жағында 17 км қашықтықта орналасқан жер. Ескі Жидданың жолында. Мекке мүшіріктері мен Медине мұсылмандарының арасындағы келісімшарт осында жасалғандықтан, Ислам тарихында Хұдайбие келісімі деген атпен қалған.

Шам – бүгінгі Дамаск (Сирия).

Яхия пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Зәкәрия пайғамбардың ұлы. Жастайынан құлшылыққа беріліп, өте жұмсақ болған. Ержеткен уақытта Шамға барып, сондағы халықты Хақ дінге шақырған. Сұлуды болған. Патшаның әйелі оған ғашық болып, өзінің сезімін айтқан. Алайда Яхия пайғамбар бас тартқан. Сонда патшаның әйелі сыры ашылып қалудан қорқып, патшадан оны өлтіруін өтінген. Содан Яхия пайғамбар құлшылық жасап жатқан жерінде өлтірілген.

ШЫҒАРМАДА ЖИИ КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛАРЫ

абдәсте – (п.) дәрет алу, жуыну
ағаз – (п.) бастау
ағзаб – (а.) ашулану
ағмал хасана – (а.) жақсы амалдар, істер
ажам – (а.) арабтан өзге халықтар
аждад – (п.) ата – баба
ажыз – (а.) әлсіз
айуан – (п.) сарай, дәліз
ақраба – (а.) ағайын – туыс, жақындар
аламат – (а.) белгі, нышан
али насаб – (а.) асыл текті
амбар – (п.) қысқыш
ансари сабиқин – (а.) алғашқы, бұрынғы ансарлар
арасат – (а.) о дүниеде пенделердің жиналатын алаңы
арбаб – (а.) мырза, ие
асан – (п.) оңай
аси – (а.) күнәһар
асиан – (а.) күнә, күнәлі
асхаб – (а.) сахабаның көпше түрі
ашраф – (а.) ақсүйек, аристократ
ауам – (а.) қара халық
ахи – (а.) аға, бауыр
ахмар – (а.) қызыл
аху – (п.) киік

әбәд – (а.) мәңгіге
әбәдул әбәд – (а.) мәңгілік
әбта – (а.) әке, ата
әғзас – (а.) ең мейірімді
әдауат – (а.) өшпенділік, жек көрушілік
әдәд – (а.) сан
әкма – (а.) ауру түрі
әксар – (а.) көп, көбірек
әкрам – (а.) ең қайырымды
әламан – (а.) амандық сұрау
әләд-дәуам – (а.) үздіксіз, әрқашан, әр уақытта
әләф – (а.) жем-шөп
әлбетте – (п.) әрине, міндетті түрде
әмме, әмми – (а.) немере туыс
әмин – (а.) сенімді
әнуар – (а.) нұрлы
әсир – (п.) тұтқын
әфған – (п.) жылау
әфеус – (п.) өкініш
әшиа – (а.) заттар
әһд – (а.) ант беру
әһлі бейт – (а.) пайғамбарымыздың үй-іші, отбасы

бағз – (а.) ашу
бағзы – (а.) кейбір
байғат беру – (а.) дауыс беру
балағат – (а.) ділмарлық, шешендік
бамдат – (п.) таң намазы
батин – (а.) ішкі
батыл – (а.) жалған
басат – (а.) кілем
башарат – (а.) жақсы хабар, сүйінші
бәдбахт – (п.) сормандай
бәдкәрдар – (п.) жаман іс жасаушы
бәлки – (п.) мүмкін
бәли – (п.) қоштау, ия
бәнд – (п.) байлау, бекіту
бәрһам ету – (п.) талқандау, опат ету
бәһанә – (п.) желеу, себеп
бәшәр – (а.) адамзат
бесийар – (п.) көп
бибақа – (а.) мәңгілік емес, өткінші
бидар – (п.) ояу
биқарар – (п.) тынышсыз, шыдамсыз
бил – (п.) кетпен сияқты аспап
бина – (а.) салу, тұрғызу
битаб – (п.) мазасы болмау, ыстығы көтерілу
биһуш – (п.) естен тану
бихәд – (п.) шексіз
боз – (п.) тағы, және
бузургуар – (п.) жоғары мәртебелі
бәләнд – (п.) биік
бутпәрәст – (п.) бұтқа табынушы

ғайыбана – (п.) жасырын
ғазап – (а.) ашу
ғамгін – (п.) қайғылы, мұңды
ғани – (а.) бай
ғақ – (а.) құлақсыз, қарғысқа ұшыраған
ғапыл – (а.) білмеу
ғар – (а.) үңгір
ғарқ – (а.) шөгу
ғафлат – (а.) адасушылық
ғәл – (а.) жек көру, қастандық
ғиддет – (а.) уақыт, мерзім
ғинайат – (а.) мейір, ықыластық
ғишрат – (а.) көңіл көтеру
ғубар – (п.) шаң-тозаң
ғулам – (п.) қызметкер

дағуат – (а.) үгіттеу
дад салу – (п.) айқай салу
дахил – кіру

дахилы нар – тозаққа кіру
дарахт – (п.) ағаш
дәрре – (а.) аңғар
дәркар – (п.) керек, қажет
дәсте – (п.) бөлшек
дибаж – (а.) жібекке ұқсас қымбат мата
дийанат – (а.) тазалық, діндарлық
дуруд – (п.) мадақ, сәлем
душнам – (п.) тіл тигізу, келемеждеу

жам – (п.) шарап
жаме – (п.) киім
жар ғар – (п.) үнгірлес дос
жаһаннам – (а.) тозақ
жаһил – (а.) надан
жаһуд – (т.) еврей
жәзира – (а.) арал
жәмғ – (а.) жинау
жуаһир – (а.) жауһардың көпше түрі
жәһл – (а.) ашу
жәһилиет – (а.) арабтардың Исламға дейінгі қараңғылық кезеңі
жәһір оқу – (п.) дауыстап оқу
жәһд – (п.) тырысу
желуа – (п.) көрініс, жарқырау
жуш – (п.) қайнау

забани – (п.) ауызша
зағипа – (п.) әйел кісі
зайыл – (а.) жоғалу, шығу
закикуй – (п.) таза сөйлеушілер, діндарлар
заққұм – (а.) тозақтағы ағаш
залалат – (а.) адасу, шатасу
замин – (а.) кепіл, жауапты
зар тазарруғ – (п.) зар еңіреу
зауқы – (а.) талғам
заһид – (а.) діндар
заһир – (а.) анық, күмәнсіз, сыртқы
зәбәржәд – (п.) хризолит
зәмин – (п.) жер
зән – (п.) әйел
зәндик – (а.) манихейлік, манихей дінін ұстанушы
зәнжәбил – (п.) (*бот.*) имбирь
зәрб – (а.) сокқы
зәрбафт – (п.) алтын жалатылған мата
зәрзебер – (п.) алтындалған, әшекейленген
зәрре – (а.) бөлшек
зәрур – (а.) қажет
зәбәрдәст – (п.) өнерлі, қолы шебер деген мағынада
зинһар – (а.) мейірім, кешірім, сақ болу
зийа беру – (п.) сәулелену, жарқырау

зийад – (п.) көп
зумуррад – (а.) зүбәржат, изумруд
зулхажжа – (а.) ай аты
зуһур – (а.) шығу

ибтада – (а.) басы, бастау
игтикад – (а.) сенім
иза беру – (а.) қинау, азаптау
иктида – (а.) намазда имамға ұю
икамат – (а.) тұру, тәкбір айту
илә – (т.) мен, пен
илһам – (а.) шабыт, аян
има – (а.) ишара, белгі
инс – (а.) адам
ирсал – (а.) жіберу
иршад – (а.) өсиет, басшылық, өсу
истибрақ – (а.) люстрин (алтындалған матаның бір сорты).
истиғфар – (а.) Алладан кешірім сұрау
истикамат – (а.) беріктік, орналасу
итағат – (а.) шыдам, тағат
иттифақ – (а.) одақ
ихрам – (а.) қажылықта қиетін киім
ихтилаф – (а.) дау-дамай, талас
ихтилам – (а.) түнгі ұйқыда ер адамның бүлінуі
ичра – (т.) іші

кафур – (а.) камфара
каһ – (п.) кейде
каһин – (а.) бақсы, балгер
кәләм – (а.) сөз
кәләм шәриф – (а.) қасиетті сөз. Мұнда Құранды айтып отыр.
кәлимағөй – (п.) сөзшең, шешен
кәмәр – (п.) белдік
кәрам – (а.) қайырымды
кәрдән – (п.) мойын
кәс – (п.) кісі
кәттә – (т.) үлкен
кәф – (а.) алақан
кешеш-күндіз – (т.) күндіз-түні
кибар – (а.) үлкен
кибр – (а.) тәкәппарлық, менмендік
конгрә – (п.) сарай
кул шәйн – (а.) барлық нәрсе
куффар – (а.) кәпірдің көпше түрі
кушк – (п.) сарай
күлпәт – (п.) ауыртпашылық

қабихат – (п.) айтулы, сұмдық
қабыз – (а.) жаулап алу, ұстап алу

қабила – (а.) тайпа
қағда – (а.) намаздағы отыру
қағид – (а.) отырушы
қайыл – (а.) айтушы
қандил – (п.) шырақ
камат – (а.) бой
қарар алу – (т.) орналасу, орын тебу
қасас – (а.) кек
қасра – (а.) қамал
қатра – (п.) тамшы
қатыл – (а.) өлтіру
қахт – (а.) құрғақшылық
қаһр – (а.) ашу
қул – (а.) сөз, дерек
қурға – (а.) жеребе
Құда – (п.) құдай
құжыра – (а.) бөлме
құптан – (п.) түнгі намаз
құрсанд – (п.) қуану
құтба – (а.) мешітте жұма күні айтылатын уағыз
қырат – (а.) намазда оқылатын сүре
қысым – (а.) бөлік

лағын – (а.) қарғыс тиген
лахад – (а.) көрдің түрі
лэрзэ – (а.) тебіреніс
ләтіф – (а.) мейір, ықыластылық
лэ фэтэ иллэ Әли – (а.) Әлиден басқа жігіт жоқ
лүлү – (а.) інжу

мабғус – (а.) елші болып жіберілген
мағин – (а.) белгілі, көмекші
мағни – (а.) әнші
мағрур – (а.) тәкәппар
мағсийат – (а.) күнә
мажал – (а.) мүмкіндік, ыңғайлы жағдай
мазлұм – (а.) зұлымдыққа ұшыраған адам
мактул – (а.) өлтірілген
матам – (а.) қайғы
матағ – (а.) зат, тауар
мүтиғ болу – (а.) бағынышты болу
машғал – (а.) от
машғұл – (а.) айналысу
махлұқ – (а.) жаратылыс
мәбада – (п.) егерде
мәдар – (а.) кіндік, ось
мәдур – (а.) дөңгелек, шенбер
мәдфін – (а.) жерленген
мәзана – (а.) азан айтатын жер
мәзһәб – (а.) ағым

мәкір – (а.) айла
мәләк – (а.) періште
мәләкут – (а.) періштелер
мәрдана – (а.) ерлік, батыр
мәржамак – (а.) қарақұмық
мәрхаба – (а.) қош келдің
мәтлуб – (а.) тақырып, мақсат
мәужуд – (а.) бар болу
мәузун – (а.) ырғақтық
мәхкум – (а.) үкімге кесілген, жазаланған
мәхфи – (а.) жасырын
мәһір – (а.) үйленгенде жас келінге берілетін сыйлық
мензил – (а.) мекен, үй
миғраж – (а.) пайғамбардың көкке шығуы
мисақ – (а.) ант беру
миск – (а.) жұпар иіс
михраб – (а.) мешіттегі имам тұратын орын
муәккіл – (а.) сенімді уәкіл
мубарез – (п.) күрескер
муғжиза – (а.) керемет
муғтабар – (а.) киелі, қасиетті
мужмал – (а.) рет, тәртіп
мужтахид – (а.) жан-тәнімен берілген
музтар – (а.) қиындатылған, ауыр, тығырыққа тірелу
муқарраб – (а.) жақын, туыс
муқарриб – (а.) жақындау
мунақаш – (а.) бейнеленген, ілінген
мунәууар – (а.) нұрланған, нұрлы
мунжам – (а.) жұлдызға қарап болашақты болжаушы
мунқар – (а.) тыйым салынған, қабылданбаған
мурқаб – (а.) көлік
муртад – (а.) діннен безген
мурууат – (а.) ақкөңілділік, қайрымдылық, адамилық
мусибат – (а.) ауыртпашылық
муснаф – (а.) жазылған, шығарма
мутабиғат – (а.) бағынышты, мойынсұну
мутаһаррат – (а.) таза, пәк
мушк – (а.) жұпар иіс
мухкам – (а.) берік
Мухрамраз – қиссада пайғамбар лақабы
мунажир – (а.) Меккеден Мединеге қоныс аударған сахабалар
муһлат – (а.) мерзім, уақыт
мүбарак – (а.) қасиетті, киелі
мүддат – (а.) уақыт, мерзім
мүмін – (а.) мұсылман, сенуші
мүрсал – (а.) жіберілген елші
миқдар – (а.) өлшем, шама

нағғаре – (а.) барабан
нағре тарту – айқай салу
назыл – (а.) түсу

накиб – (а.) көсем, ру-тайпа көсемі
нақлийат – (а.) дерек, аңыз
нама – (п.) хат
насрат – (а.) көмек
насырани – (а.) христиан
нафэрман – (п.) құлақсыз, айтқанға жүрмейтін
нәбуд – (п.) опат, талқан болу
нәзд – (п.) жаны, қасы
нәпака – (п.) пайда
нәпәс – (а.) дем
нәпіл – (а.) қосымша құлшылық
нәфсі хауа – (п.) адамның нәпсілері
нәһи – (а.) тыйым салу
неда – (п.) үн, дауыс
нажат – (а.) көмек
нику – (п.) жақсы
нисәр – (а.) құрбандық шалу, себу, лақтыру
нисбат – (а.) теңеу, салыстыру
нифас – (а.) босанған әйелде қырық күн бойына бөлінетін қан
нубууәт – (а.) пайғамбарлық
нур дидәм – (п.) көзімнің қарасы деген мағынада
нуш – (п.) ішу

парә – (п.) жырту, бөлу
пәнд – насихат – (п.) үгіт-насихат
пәруз – (п.) ұшу
пейуәнд – (п.) жалғау, жалғастыру
пусте һиләл – (п.) ай тәрізді
пірадар – (п.) ағайын, бауыр

раушан – (п.) жарық
раһбар – (п.) діни көсем, басшы
риғая – (а.) амал ету
рида – (а.) көйлек
риуаж – (п.) тарау, жайылу
рукуғ – (а.) намаздағы иілу
рүкін – (а.) тірек

сабиқин – (а.) бұрынғы
сағадат – (а.) бақыт
сағи – (а.) қажылықта екі таудың арасында жүгіру
сағыр – (а.) кішкентай, балалық
садыр – (а.) болу
сақаф – (а.) шатыр
салих – (а.) жақсы
сана – (а.) жыл
сандас – (а.) жібек мата
сахауат – (а.) жомарттық, ақкөңілділік
сахифа – (а.) парак

сәлсәбил – (а.) жәннаттағы сусын
сәна – (а.) мадақ
сәркарде – (п.) колбасшы
сәуар – (п.) міну
сәһу – (а.) қате
сейр ету – (п.) серуендеу
сирап ету – (п.) ішу
субханалла – (а.) Алла пәк
сурет – (а.) адамның жүзі, беті
сусмар – (п.) кесіртке
сүннет муәккада – (а.) бекітілген сүннет
сыдқа – (а.) шын, рас
сыххат – (а.) денсаулық

табақ – (а.) қабат
табғ – (а.) ізбасар
табиғ – (а.) еруші
тағна – (а.) жазғыру, кінә, сөгіс
тағриф – (а.) мадақтау, суреттеу
тақрир – (а.) мазмұндама, ауызша
тақуадар – (п.) діндар
тала – (п.) алтын
танаб – (а.) жіп
танбих – (а.) жазалау, сөгіс
тараш қылу – (п.) қыру, шаш алдыру
тахсин – (а.) аң-таң болу, таңырқау
тахте – (п.) такта
таһарат – (п.) дәрет алу
тәбәссум – (п.) күлу, жымию
тәбдил – (а.) өзгеру
тәбиб – (а.) емші, тәуіп
тәжуб – (а.) таңдану
тәліп – (а.) ізденуші
тәпсір – (а.) түсінік, түсініктеме
тәрхим – (а.) жанашырлық таныту
тәсмие – (а.) бисмилләні айту
тәфсіл – (а.) толық түсінік
тубаншы – (т.) арандатушы
тухмат – (а.) жала
туйур – (а.) құстар

уәғид – (а.) қауіп-қатер
уәди – (а.) аңғар
уәжһ – (а.) сыртқы беті, тәсіл, белгі
уәсф – (а.) суреттеу
устун – (а.) тірек

фасих – (а.) шешен, ділмәр
фариг болу – (п.) айығу

фажа – (а.) қайғылы жағдай
фазайыл – (а.) ерекшеліктер, қасиеттер
фатих – (а.) ашу, жеңу
фасихи лисән – (а.) шешен тілді
фахыш – (а.) жаман сөз
фарағат – (а.) бос уақыт, демалу, тыныштық, құтылу
фасахат – (а.) шешен, ділмәр
фасыл – (а.) кезең
фәзилат – (а.) ерекшелік
фәйз – (п.) пайда, мейірімділік
фәри – (п.) тамаша, керемет
фәрийад – (п.) айқай салу
фәхр – (а.) мақтаныш
фитнә – (а.) іріткі
Фуркан – (а.) Құранның бір аты

хадис – (а.) пайғамбардың айтқан сөздері мен істеген амалдары
хадиса – (а.) оқиға
хажарул әсуад – (а.) Қағбаның ішіндегі қара тас
хаж ғумра – (а.) кіші қажылық
хазана – (а.) мемлекеттік қазына
хайз – (а.) қыз-келіншектерде айына келетін қан
Хайи – (а.) Алланың тоқсан тоғыз атының бірі. Мәңгі тірі деген мағынада.
Хайрулбашар – (а.) киссадағы пайғамбардың аты
Хайрунниса – (а.) әйелдердің абзалы
Хаким кулл – (а.) баршаның билеушісі деген мағынада. Алла Тағаланы айтып отыр.
халал – (а.) адал
халас егу – (а.) азат егу, босату
хали егу – (п.) босату
халил – (а.) күйеу, жолдас
хамайыл – (а.) байлау
хана – (п.) үй
хараж – (а.) мұсылман еместерден алынатын салық
хараб – (п.) бұзу
хәрир – (а.) жібек
хасанат – (а.) жақсылық
хасыл – (а.) өнім
хатиб – құтба оқушы, шешен
Хәйруләнам – (а.) киссадағы пайғамбардың аты
хәкім – (а.) билеуші, әкім
хәлак – (п.) қайтыс болу
хәлле – (п.) байлық
хәлуәт – (п.) ерекше тыныш жер, қылуат
хәмд – (а.) мадақ
хәме – (п.) бәрі
хәмле – (а.) шабуыл
Хәтим нәби – (а.) соңғы пайғамбар
Хәтим пайғамбар – (п.) соңғы пайғамбар
хәтиф – (а.) жасырын дауыс
хиз – (п.) соғысу деген мағынада
хилаф – (а.) айырмашылық

химе – (п.) шатыр
хире – (а.) батыл
хуруж – (а.) шығу
хусумат – (а.) алауыздық, өшпенділік
хусн – (а.) көрік, сұлу
хусусән – (а.) әсіресе
хүкім – (а.) үкім

Һәм – (п.) және
һиммет – (а.) кеңпейілділік, тырысу, талпыну
һуш – (п.) таным, ақыл

шақи – (а.) жауыз
шарх – (а.) түсіндіру
шауқун – (т.) айқай
Шаһәбрар – (п.) қиссадағы пайғамбар аты
Шаһәлем – (п.) қиссадағы пайғамбар аты
Шаһжаһан – (п.) қиссадағы пайғамбар аты
Шаһрасул – (п.) қиссадағы пайғамбар аты
шаһид – (а.) Алла жолында жол берген адам
шән – (а.) атақ
шәншәукат – (п.) атақ-даңқ
шәрәр – (а.) жалын
шекәст – (п.) жеңіліс
шекл – (п.) түр
шиддат – (а.) қатты
шикаят – (п.) арыз
шұғыл – (а.) жұмыс, іс
шөрі – (п.) күң
шужағат – (а.) батырлық
шуһрат – (а.) атақ, абырой
шукрана – (п.) ризашылық

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арабско-русский словарь. (Сост. проф. Х.К.Баранов). Москва, 1957.
2. *Байниязов А., Байниязова Ж.* Түрікше-қазақша сөздік. Алматы, 2007.
3. *Жеменей И.* Парсыша-қазақша сөздік. Алматы, 2003.
4. *Захиратдин Мұхаммед Бабыр.* Бабырнама. Әдеби жәдігерлер сериясы, 14-том. Алматы, 2011.
5. *Захиратдин Мухаммад Бабура.* Бабурнама. Тошкент, 2003.
6. Құран-кәрім қазақша мағынасы. Аударған шейх Халифа Алтай. Алматы, 2000.
7. Мубәййән дәр Исләм. Тошкент, 1905.
8. *Наджип Э.* Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литературы. Туркестан: Туран, 2007.
9. *Наджип Э.* Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. Туркестан: Туран, 2004.
10. Персидско-русский словарь. (Под редакцией Ю.А.Рубинчика). Тегеран, 2004.
11. *Самойлович А.* Тюркское языкознание. Филология. Руника. Москва, 2005.
12. *Стеблева И.В.* Семантика газелей Бабура. Москва, 1982.
13. *Ectann J.* harezm, Kırçak ve Çağatay türkçesi üzerine araştırmalar. Ankara, 2003. - 438 s.
14. *Zhirud-din Muhammed Babur Mirza.* Mubeyyen der fikh. Hazırlayan: Dr. Oral Seyhan. Istanbul, 2004.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов двадцатитомного свода «Әдеби жәдігерлер» («Литературные памятники»), изданного в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Основная цель данной серии – издание литературных памятников, вышедших до 1917 года отдельными книгами; издание всех текстов древней и средневековой литературы, хранящихся в рукописях; издание текстов литературных памятников средневековья в первоначальном виде, в том, в каком они дошли до нас.

Восемнадцатый том серии «Әдеби жәдігерлер» включает в себя сочинение «Толкования шариата» («Мубайян дар фикх») выдающегося тюркского государственного и общественного деятеля, ученого, историка, поэта и писателя XVI века Захираддина Мухаммеда Бабура. До этого в 14-томе данной серии было опубликовано его знаменитое историко-мемуарное произведение «Бабур-наме».

В тюркской письменной литературе особое место занимает и это сочинение «Толкования шариата» («Мубайян дар фикх») Бабура. Он в этом произведении в стихах объяснил каноны исламской религии, основы шариата, свода законов поведения и обязанностей мусульманина. Среда обитания поэта была временем конкурентной борьбы суннитских и шиитских направлений в исламе. В Хорасане и Мавреннахре жили мусульмане суннитского течения. В Иране же в связи с приходом к власти шаха Исмаила Хатаи шиитское направление было объявлено государственной религией, что побудило притеснения других общин. Бабур ясно понимал политическую ситуацию своего времени и поэтому, наверное, приступил к написанию основных правил традиционного ислама на поэтическом языке.

Этот труд Бабура был завершен в 1522 году (по мусульманскому летоисчислению хижры – в 928 году). Объем этого литературного памятника – 2258 бейтов, т.е. 4516 строк. Сочинение состоит из пяти разделов, в действительности – из пяти следующих книг: 1. Книга исламского религиозного убеждения и молитв («Китабус-салат»); 2. Книга зикят («Китабуз-зьякат»); 3. Книга уразы, мусульманского поста («Китабус-саум»); 4. Книга хаджа («Китабул-хаж»); 5. Заключение («Таммат»). Каждая книга состоит из нескольких частей. Само произведение написано в форме аруза.

Сочинение «Толкования шариата» («Мубайян дар фикх») Бабура, восхваляющее исламскую культуру, еще досконально не исследовано. Здесь следует отметить, что турецкий ученый проф. Ф.Кёпрюлю, ученые-востоковеды Р.Арат, И.Березин, А.Самойлович, З.Азимжанова, С.Хасан, Х.Хасан, О.Сейхан изучали языковые и художественные особенности этого произведения.

До нас дошли несколько вариантов этого средневекового письменного памятника. Сегодня науке известны вариант Кепрюлю, несколько вариантов в Узбекистане (Музей Алишера Навои, Институт востоковедения им.А.Бируни), Берлинский вариант (Стаатсбибиотек), Ленинградский вариант, а также варианты Института востоковедения России.

Произведения Бабура еще не полностью исследованы в казахском литературоведении. Его лирика и научный труд об учении аруз еще ждут своих исследователей. В целях восполнения этого пробела решили ознакомить казахских читателей с настоящим его произведением «Толкования шариата», издание которого было строго запрещено в советское время.

Рукопись же этого сочинения Бабура, включенного в восемнадцатый том серии «Әдеби жәдігерлер», подготовлена на основе узбекского варианта, который хранится в Музее Алишера Навои Республики Узбекистан под инвентарным № 103. Объем рукописи 13x18, произведение написано каллиграфическим способом *талиқ*, каждая страница состоит из 9 строк.

В процессе подготовки книги в целях полного сохранения литературного духа и стиливых особенностей золотоордынской эпохи впервые осуществлен наиболее близкий к оригиналу научный перевод. По этой причине в томе без изменения даны некоторые стиливые свойства и предложения произведения.

Настоящий том к изданию подготовил, впервые осуществил полный перевод и написал комментарии известный молодой ученый-тюрколог, кандидат филологических наук Торали Кыдыр. Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемом тексте, словарь терминов и понятий религиозного характера, а также список использованной литературы, факсимиле текста поэмы, резюме на русском и английском языках.

Объем – 480 стр.

SUMMARY

M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science continues preparing and publishing of the next volumes of twenty volume collection of "Adebi zhadigerler" ("Literary Monuments") which is published under the State program "Madeni Mura" ("Cultural Heritage").

The main goal of this series - is publishing of literary monuments which were published before 1917 in separate books: publication of all texts of ancient and medieval literature in manuscripts; publication of texts of literary monuments of Middle Ages in original form in which they have reached nowadays.

The eighteenth volume of the series "Adebi zhadigerler" includes the work "The interpretation of Sharia" ("Mubayyan dar fiqh") of the prominent Turkic state and public figure, scientist, historian, poet and writer of XVI century Zahariddin Muhammad Babur. Prior to that, in the 14-volume of this series his famous historical- memoirs work "Babur-name" was published.

In Turkic written literature the work "The interpretation of Sharia" ("Mubayyan dar fiqh") by Babur has a special place. In this work in verses he explained the canons of Islam, basics of Sharia, a set of laws of behavior and responsibilities of a Muslim. The poet lived during the period of competition and struggle between Sunni and Shiite branch of Islam. In Khorasan and Mavrennahre lived Sunni Muslims. In Iran, where Shah Ismail Khatai has ruled the Shiite trend was declared as the state religion, which resulted in discrimination of other communities. Babur clearly understood the political situation of that time, and therefore, probably, he started writing the basic rules of traditional Islam in poetic language.

This work was completed by Babur in 1522 (according to the Islamic Hijra calendar - in 928 year). The volume of this literary monument - is 2258 beits, i.e. 4516 lines. Essay consists of five sections, in fact - of the following five books: 1. Book of Islamic religious belief and prayers ("Kitabus- salat") 2. Book zikyat ("Kitabus-zyakat") 3. Book of Uraza - Muslim fasting ("Kitabus-saum") 4. Book of Hajj ("Kitabul-Haj") 5. Conclusion ("Tammat"). Each book consists of several parts. The work is written in the form of Aruz.

Essay "The interpretation of Sharia" (" Mubayyan dar fiqh") by Babur which is praising the Islamic culture, has not been investigated thoroughly. It should be noted that Turkish scholar prof.F.Kepryulu, orientalist R.Arat, I.Berezin, A.Samoylovich, Z.Azimzhanova, S.Hassan, H.Hassan, O.Seyhan have studied about the linguistic and artistic features of this work.

Several versions of this medieval written monument have reached nowadays. Today Koprulu's version is known in scientific circles, several options in Uzbekistan (Museum of Alisher Navoi, the Institute of Oriental Studies A.Biruni), the Berlin version (Staatsbibliotek), Leningrad option, and options of the Institute of Oriental Studies in Russia.

Babur works have not been yet studied fully in Kazakh literary science. His lyrics and scientific work on Aruz study has not been yet explored. To fill this

gap, we decided to acquaint Kazakh readers with the work "Interpretation of Sharia", the publication of which was strictly forbidden in the Soviet era.

The manuscript of this work by Babur included in the eighteenth volume of the series "Adebi zhadigerler", has been prepared on the basis of the Uzbek version, which is stored in the Alisher Navoi Museum of the Republic of Uzbekistan under # 103. The manuscript volume is 13x18, the work is written in talik calligraphic, each page has 9 lines.

During the preparation of the book in order to fully preserve the literary spirit and style features the Golden Horde period, the scientific translation which is the closest to the original was done for the first time. For this reason, the volume presents some stylistic features and sentences without any changes.

The well-known young scientist in Turkic studies Cand.Phil.Sc. Toraly Kydyr has prepared this volume for publication, and he first has done the full translation and wrote comments. The volume is supplied with with scientific annexes, which include information on the published text, glossary of terms and concepts of religious character, list of references, facsimile of the text of the poem, summary in English and Russian languages.

Volume – 480 p.

МАЗМҰНЫ

Редакциялық Бас алқадан.....	5
Захираддин Мұхаммед Бабыр. Шариғат түсініктері. <i>Мәтін</i>	7
Захираддин Мұхаммед Бабыр. Шариғат түсініктері. <i>Факсимиле</i>	143
Ғылыми қосымшалар.....	437
Пайдаланылған әдебиеттер.....	474
Резюме.....	475
Summary.....	477

Ғылыми басылым

ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР

Захираддин Мұхаммед Бабыр

ШАРИҒАТ ТҮСІНІКТЕРІ

Редакторы Р.Б. Асапбай

Техникалық редакторы Г.Ә. Сәбитова

Көркемдеуші редакторы С.Бахретдинов

Компьютерде беттеген Ә. Молдахметова

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

ИБ № 13

Басуға 17.10.12 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/16}. Офсеттік басылыс. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі “Times New Roman”. Шартты баспа табағы 30,0. Есептік баспа табағы 20,0.
Таралымы 2000 дана мемлекеттік тапсырыс + 300 дана баспа есебі бойынша.

“Таймас” баспа үйі” ЖШС. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153-үй, 27-офис.
Тел.: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98; факс: 266-21-14.

ISBN 978-601-264-097-7



УДК 28
ББК 86.38
Ә22

Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық.

Ә22 18-т.: Заһираддин Мұхаммед Бабыр. Шариғат түсініктері. /Құраст.: Т. Қыдыр. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 480 бет. – (Әдеби жәдігерлер)

ISBN 978–601–264–097–7

Әдеби жәдігерлер сериясының 18-томын ХҮІ ғасырда өмір сүрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, жазушы, ғалым, ақын Заһираддин Мұхаммед Бабырдың «Шариғат түсініктері» («Мубәййән дәр фикһ») атты шығармасы құрап отыр.

Орта ғасырлық бұл әдеби жәдігерде Ислам дінінің ұстындары, иман негіздері мен шариғат шарттары өлең сөзбен жырланып берілген.

**УДК 28
ББК 86.38**

ISBN 978–601–264–097–7 (18-т.)
ISBN 9965–806–41–1